


Алмагүл
ЖҮГІНІСОВА



Алмагүл Жүгінісова
жұрнары



*Өмірімнің сүрілмеген ақ нарағын сиямен
жазып талтырғым келеді.*

Алмагүл Жүрінісова

Алмагүл ЖҮГІНІСОВА

Алма-жылдың жұпары

Павлодар, 2021

ӘОЖ 821.512.122
КБЖ 84 (5Қаз)
Ж85

Редакция алқасы:

Нұрсұлу Төлеубаева, Жанар Мұхаева,
Тілеубаева Гүлмайра, Нұрбике Қағазбаева,
Сәуле Бердіғалым, Әсем Оралова,
Ерболат Әміре.

Жүгінісова Алмагүл
Ж85 Алма-жырдың жұпары/Құраст. А.Т. Оралхан –
Павлодар: ЖК «Сытин А.А.» баспаханасы, 2021. – 240 б.

ISBN 978-601-284-411-5

Бұл кітапта айтыс өнерінде өзіндік үні қалған, Кереку өңірінің айтулы айтыскер қызы, ақын-сазгер Алмагүл Жүгінісованың әр жылдары жазған өлеңдері мен толғаулары, айтыстары, күнделік жазбасы топтастырылған. Соңғы бөлімде ақынға арналған өлеңдер берілген.

Аяулы ақын қыздың айтыс аламанында айтқан жалынды жырлары, сыршыл өлеңдері нәзіктігімен ерекшеленеді. Кітап барша жыр сүйер қауымға арналады.

ӘОЖ 821.512.122
КБЖ 84 (5Қаз)

ISBN 978-601-284-411-5

© А.Т. Оралхан, 2021

Аяқталмаған өнер жолы

Дарынды ақын, әнші, сазгер Жүгінісова Алмагүл Бауыржанқызы (1982-2016 жж) Ақтөбе облысында дүниеге келгенімен, саналы ғұмыры Павлодар облысында өтті.

Екібастұз қаласындағы №25 қазақ қыздар гимназиясын (1999 ж.), С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетін қазақ тілі мен әдебиеті және ағылшын тілі мамандығы бойынша бітірген (2004 ж.). Екібастұз қаласындағы «Атамұра» мәдениет орталығында көркемдік жетекші болып қызмет істеді. «Жас толқын» жас ақындар клубының жетекшісі ретінде шығармашыл жастарды өнерге баулыды. Ақырғы күніне дейін тәлімгер ұстаздық қызметін барынша ынта-ықыласпен атқарғаны шәкірттеріне де, өзге ақындарға да аян.

Әуелде Алмагүлдің есімі айтыскер ақын ретінде танылғаны есімде. Әдемі даусымен, әсем әнімен «ә» дегеннен-ақ қошеметшіл қауымның көңілін баурап алатын. Әрбір шумағынан оқығаны мен көңіліне тоқығаны көп екені сезілетін. Тіпті кейбір шумақтан білімдарлығы да байқалатын. Қызылжар қаласында өткен Наурыз айтысында тақырыпты көсіле жырлай отырып, әріптесі Екпін Сәбетханды көтермелеп сөз саптағаны бар.

«Сендерге деген жырым бар,
Сары алтынындай сақтардың.
Қызылжар жұрты, армысың,
Арайлап атсын ақ таңың.
Тоныкөктің тұяғы ең.
Тәңірден ырыс татқан мың.

.....

Қазақтың дархан даласы,
Ұлтарактай жер үшін,
Ұлдардың кеткен жағасы.

Еуропаны етектей,
Жалаң қылышпен жаулаған.
Жалантөстердің дарасы.
Қабылан туған Қабанбай
Дұшпанның болған наласы.
Екпіндеп келген бұл Екпін
Солардың алтын тағасы».

Шұбыртпалы ұйқаспен өрілген тегеурінді өлең жолдары әрі ақын, әрі әнші қыздың көмейінен ойнақы әуенмен әрленіп шыққанында өнерсүйер қауымның сезіміне мейлінше күшті әсер ететіні анық.

Алмагүл Жүгінісова – сөз киесін жан-тәнімен түсінген талант. Тартысты додаларда қарсыласын сипай қамшылайтын. Қашанда алдындағы аға-апаларын құрметтеп, соңынан ерген бауырлары мен сіңділерін сыйлай білетін ол өзімен сөз жарыстырып отырған өнерпаздың осал тұстарын айшықты теңеулермен тұспалдап көрсетіп, әдептілікпен айтуға машықтанған. Қайтсе де әріптесін мұқатуды көздеп бейпіл сөйлейтін әлдекімдерден табиғаты мүлде басқа еді, жан дүниесі кіршіксіз таза болатын. Көр-жерді сөз ететін өлеңшілерге пыскырып та қарамайтын бекзаттық мінезге де ие еді. Сөйте тұра, қасиетті өнер сахнасында артық ауыз сөз айтуға жоғары мәдениеті жібермейтін. Мәдени өмірде де, күнделікті тұрмыста да адамдарға деген ақ адал көңілін танытып, жарқылдап күліп жүруші еді. Сол мінезімен мейлінше сүйкімді көрінетін.

Өзінің сыртынан өсек-аяң өрбіткендермен де тартысқа түскен емес. Өнер жолында оның сүрінгенін, жығылғанын қалайтын күншіл бақталастарының болғанын өлеңдерінен байыптаймыз. Әйтсе де солардың ешқайсының атын атап, түсін түстеген жоқ.

... «Моншағы жанардың тамшылап,
Боздайды көңілім бозінген.

Қозғайды санамды сан сұрақ,
Тағдырдың тәлкегін сезінгем.

Жолымның жіңішке қорғаны
Орманым еместей бой жазар.
Табаным сәл тайса болғаны,
Сайысып сайтандар той жасар.

Дос деген сағым мен арман-ды,
Жүрсе де жанымда жүзтаныс.
Менімен күндес боп алған-ды,
Қызыл шыт байлап ап қызғаныш.

Сезімім адасқан сенделіп,
Ар қайғы, алдайды, арбайды.
Сақылдап күледі пенделік,
Сумаңдап соңымнан қалмайды».

«Мұңдасу» атты өлеңінде басындағы қолайсыз жайды осындай сыршыл шумақтармен маған жеткізген-ді. Өкінішке қарай, қас таланттардың жан-жағында дарынсыз дәлдүріштердің жүретіні өзге жұрттардың да, қазақтың да өнерниетінде бар кесапат. Ақын қыздың өлеңмен ақтарған мұңына жұбату айтып, жырмен жауап қайтарғанмын.

Сыр ашу

Сағымда жоғалды мұңлық ән,
Желбіреп сәукеле, желегі...
Ал қоғам күнгейге жылжыған
Екеуміз пір тұтқан Ел еді.

Өткенмен түнекті қақ жарып,
Қалжырап қалғандай қоғам да.
Әйтсе де, жанары жап-жарық
Саған да ынтызар, маған да!

Еңліккүн «әкелеп» егілген
Айналып кетсінші елеске!

Буыны тоғыздан өрілген
Өлеңің бұрымың емес пе!

Кеудеңде маздаса пәк дарын,
Күншілді өртейді қызғаныш.
Кешегі әкерке шақтарын
Жайықта өзгеден жүзді алыс.

Ертісті өзіңдей әншінің
Тербетер әуені ырғақты.
Тоғыз ай толғатқан жан сырың
Оранды ақторғын шумақты.

Ғұмырын білем ғой гүлдердің,
Жауқазын жаныңды ұғынғам.
Жүрекке Қыз Жібек күндердің
Жұпары борады жырыңнан!

Ақшамда Ай туды, сәлем бер,
Сұқтансын сұлулар айпері!
Аққу ән, сәйгүлік өлеңдер
Сайтанның сайысын қайтеді!

Саф жырдан Ай сырға тағып ем
Аруға моншағы жоғалған.
Ол, сірә, сағыныш әнімен
Тоғжан қыз шығар-ау оралған...

Көк Тәңір пейілді бізге де,
Періште сезімің көз ілсін.
Өмірде бақытты іздеме,
Өйткені сол бақыт өзіңсің!

(2008 жыл).

Алмагүл үзеңгілес серіктерінің болмыс-бітіміне жыр шуағын шаша білді. Арнауларында өз арамызда жүрген үлкенді-кішілі ақындардың бейнесін құтты бір пенделік тірліктен тысқары періштелік ға-

ламда өмір сүріп жатқан құдіретті өнер иесі сияқты сомдады. Бұл оның жан дүниесінің сәбидікіндей таза екенінің белгісі болса керек.

Алмагүл Жүгінісова бірталай өлеңдерге ән жазды, біразын өзі орындады. Оның сазгерлік, әншілік қабылет-дарыны да көңіл сүйсіндірерлік көпкөрім еді ғой. Бұл өнерлерін дамытып, кәсіби деңгейге жеткізу үшін азды-көпті уақыт керек болатын. Амал не, шығармашылық жолы шырқау биіктерге көтеріліп келе жатқанында тағдыр жолы кілт үзілді! Қарашаның қарлы жаңбыры бұрқап тұрған күні сапар үстінде жол-көлік оқиғасына ұшырап, небәрі 34 жасында бақи дүниеге аттанып кете барды. Соңында зейнеткер анасы және кәмелет жасына жетпеген Мәдина мен Інжу атты екі бүлдіршіні қалды. Еңбек ұжымы мен ақындар ортасындағы оның орны әлі ойсырап тұр.


Жүгінісова Алмагүл Бауыржанқызының шығармашылығы Ертістің Кереку өңірінде мүмкіндігінше бағаланды. Өзге өңірлерде де таланты құрметтелінді. Облыстық, республикалық, халықаралық айтыстардың бірнеше мәрте жеңімпазы, жүлдегері атанды. Павлодар облысы әкімінің гранты (2010 ж.), «Жігер» жастар сыйлығы (2010 ж.), «Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығы» мерекелік медалі (2011 ж.), Екібастұз қаласы әкімінің Құрмет грамотасы (2013), Түркітілдес халықтардың дүниежүзілік II фестивалі /Түркия, Ерзурум/ (2009 ж.), Түркітілдес халықтардың ХХІ ғасыр ақындары мейрамы /Түркия, Анкара/ (2012 ж.), «Ұлы Жібек жолы ақындарының поэзия кештері» Х фестивалі /Түркия/ (2013 ж.) Алғыс хаттарымен марапатталған. Ақынның «Алма гүлдегенде» жыр жинағы жарық көрген (2015 ж.).

Осынау жаңа кітапқа Алмагүл Жүгінісованың қолжазбада сақталған, бейне және аудио таспаларда жазылған мұралары мен оған арналған өлеңдер енгізілген. Кейінгі буын қуатты дарын иесінің өмірі

Алмагүл Жүгінісба

мен өнерін танып білуге талап қылса, кітаптағы туындылардан іздегенін табады деген ойдамын. Мұралары жас ұрпақтың қажеттілігіне жарап жатса, Алмагүл ақынның өнер жолы аяқталған жоқ деп білем.

*Арман ҚАНИ,
ақын, Қазақстанның еңбек
сіңірген қайраткері,
Халықаралық «Алаш» әдеби
сыйлығының лауреаты*




*Шағдырға менің
өкпем жоқ...*

Дүниеде салғанмен атың дүбір,
Әл фәниде солғанмен ақырғы гүл.
Ақкебінмен адамзат ақыретке
аттанғанмен...

Ажалсыз ақын ғұмыр!

АЖ





Тұнық мұң

Тұп-тұнық түнде мұң кешіп,
Барады керуен ой көшіп.
Отырмын жалғыз бөлмеде,
Өзіңмен, жаным, тілдесіп.

Сағыныш сазы толғай ма?
Жүрсің-ай, жаным, шалғайда.
Жаралы мына жүректі,
Жұбатып кетсең болмай ма!?


Азабын тартып өмірдің,
Қаншама, қанша егілдім.
Қозғауы қиын терең ем,
Арнамнан тасып-төгілдім.

Қалсам да жасып тектен тек,
Құлпырармын-ау көктем боп.
Өзің боп бейуақ жолыққан,
Тағдырға менің өкпем жоқ.



Мен...

Тарихка терең бойласам,
Батырады екен ойға сан.
Кир патша мен Даридің,
Басын кескен деп танымын,
Томирестей текті есім.
Қазақтай елге сыйлымын,
Мен деген Айша бибімін,
Домалақ ана секілді,
Асылдың жалғап бек көшін.
Батыры болған барша ұлттың,
Әлия мен Мәншүкпін.
Жауының тескен өкпесін.
Абайдай дана бір жанның,
Анасы болған Ұлжанмын.
Көзіндей болған көненің,
Зерделі әже Зеремін.
Өтірік емес көпке шын.
Естірткен қырдан сайға әнін,
Бақтағы бұлбұл – Майрамын.
Көмейден күміс төккесін.
Түйіспей кеткен жолдары,
Естайдың менмін Қорланы,
Тағдырға айтқан өкпесін.
Төрелік еткен төредей,
Ақылын тындар Төле би,
Данагүл сынды келіні,
Мен – казактың керімі,
Санамыз сәуле сепкесін.
Жиренше шешен жар еткен,
Токтаған Сөре хан өктем,
Қарашаштай арумын
Көңілім солай көктесін!



Қызғалдақ болып тербелген,
Қырмызы қызыл өңменен.
Ылғи арпа ішінде,
Бір бидай едім мен деген.
Намысым бар наркескен.
Белім сынғанша белдескем.
Гауһар, Бопайдың ізі едім.
Қалың ерлердің қасында,
Қайқайып қылыш сермеген.
Назымнан қалған көз едім,
Алқалы топта ерлеген.
Арыстанмен алысып,
Жолбарыспен жарысып,
Жүйткіген жүйрік желменен.
Жалғыз-ақ түйір қызыңмын,
Шайқасқан жігіттерменен.
Соқса да алдан ақ боран,
Жаныңа болар хақ қорған.
Бұрымдылардың намысын
Бұрыннан қолдан бермеген.
Алтыннан қымбат арым бар.
Тулаған бойда қаным бар.
Отан үшін от кешіп,
Қиып беретін жаным бар.
Сарадан қалған сарқынмын,
Тілінен тамған сары бал.
Жігеріңді қайрасам,
Майра болып сайрасам,
Келтірмес аппақ арға сын,
Ақжүністей бағы бар.
Естайды естен тандырған,
Қорлан ару тағы бар.
Сұңқар болған қияғы,
Тұлпарлардың тұяғы,

Мінезі – мақпал биязы,
Қазақтың қызын танып ал!

Зүміреттей асыл тегімді
Зәлімдер бекер сөкпесін.
Мен кешегі Розамын.
Тоқсанға жасы жетсе де,
Жүрекке өлең сепкесін,
Халқыммен бірге жайнаймын.
Тоты құстай таранып,
Көрсетіп өнер Меккесін.
Болашақ пенен бүгінді,
Жалғайтын ару ғұмырды,
Аманат жүктеп бір Алла,
Алтын көпір еткесін.
Ұрпағы – елдің ертеңі,
Халқымның қайық желкені,
Қазақтың қызы – қадірлің,
Абайсыз арын төкпесін!



Мағдырға менің өкпем жақ...

Жасай берсін елдігім

Бақ карап,
Қыдыр дарыған,
Сендей-ақ болсын ел деген.
Есігінен құт кіріп,
Бесігін Қызыр тербеген.

Дархан дала – кеңдігім,
Дәлелдедің өзгемен,
Терезеңнің теңдігін.
Жасай берсін елдігім!

Найзадай көкті тілетін
Жырымды менің жасын ет.
Жолынан хақтың адасса,
Ұлт үшін ұлы қасірет.

Мұратымызды мәуелі
Арманыңызды асыл ет!
Я, Алла, менің халқыма,
Баянды ғұмыр нәсіп ет!



Сақтасын

Көктемдей көркем көңілдің,
Арсыздығынан сақтасын!
Аламанда озған тұлпарың,
Жалғыздығынан сақтасын!
Сананы улаған сектаның,
Сансыздығынан сақтасын!
Ұрпақтың жылы жүрексіз,
Жансыздығынан сақтасын!

Өмірді ойсыз өткізіп,
Сайран салудан сақтасын!
Ордалы болған отбасын,
Ойрандалудан сақтасын!
Мамыражай мекенді
Майдан болудан сақтасын!
Қазағымның кемесін,
Қайраң қабудан сақтасын!

Жастарға жанашыр жыр

Аталардың ұрпағы ек айбынды, бек,
Ақкудай жүзер таза айдынды іздеп.
Жастардың қарап тұрсам жат қылығы,
Бүгінде көбейтеді қайғымды көп.

Жастарың өзін-өзі табалап жүр,
Өзге тілдің жағасын жағалап жүр.
Бүйрегі бұрылмай-ақ исламға,
Секталардың есігін сағалап жүр.

Қорқамын жайлай ма деп жаман әдет,
Қаныңнан қасиет кетіп қала ма деп!?



Ұрпағың нашакор боп, араққұмар,
У таратып жатқандай санама кеп.

Есірткі, СПИД және обыр бөлек,
Қанатын кеңге, құдай, жайдырма тек.
Жатсам-тұрсам тәңірден тілеймін мен,
Жастарды жақсы жолдан тайдырма деп!

Астанам

Ақ түйенің қарнындай
Ақтарылсын дастан ән.
Намысты қолдан бермеген,
Кетсе де басы хас бабам.
Біз қазақ деген ел болдық,
Ырысты бекер шашпаған.
Жақұтындай ғаламның,
Жарқырап жатыр Астанам.
Теңдесі жоқ әлемде,
Ассамблея – дос қоғам.
Идеясы – татулық
Бірлігі күшті баскадан.
Қазақстан, қарыштап,
Жаңа дәуірге бас кадам!
Таңдайдан жыры сарқырап,
Маңдайда жұлдыз жарқырап,
Мәңгіліктен бастауы,
Мәңгілікке бастаған.



Наурызнамма

Алқалы қауым, армысың,
Амандық сұрар салтың бар.
Өзіңнен туған қыз едім,
Алдаспандай жарқылдар.
Маған да қолың соғып қой,
Менің де нардай нарқым бар.
Ақындар жырды сарқындар,
Той табағын тартыңдар.

Ардақты, асыл әлеумет,
Ырысқа бастар ырымы.
Баптаған елім бақ тілеп,
Арғымақ болар құлыны.
Қиянды шалған қиялы
Алысқа жеткен құрығы.
Данагөй, дара бұл елдің,
Ұлағат толы ұғымы.
Қырық жігітке жүк болған,
Қыздарының қылығы.
Ерке өскен қызыңмын
Өрілген жырмен бұрымы.
Бұрала аққан Ертістің
Лайланбаған тұнығы.
Ұлыстың Ұлы күнінде,
Төрткіл дүние жаңарып,
Көңілің сүттей ағарып,
Пейілің судай тазарып,
Биіктей түссін тұғыры.

Пейілі кең, жер-ана
Мейіріміне бөлер күн.
Ұлыстың Ұлы күнінде,
Тоқымын қақтым мен ердің.

Ел ертеңін ойлаған,
Тарихқа терең бойлаған,
Көне көз, шежіре қарттардың
Батасымен көгердім.
Базарын жырдың жайнатып,
Сандуғаштай сайратып,
Жыр артқан қара нарымды,
Алдыңа әкеп шөгердім.


Наурыз күні нұрлы күн,
Тасысын бақ пен берекең.
Ұлыстың Ұлы күні деп,
Ұлықталсын мерекең.
«Ақ мол болсын, елім!» – деп,
Аталар, бата берер де.
Қасиет тұтып Қызырды,
Түн менен күні теңелген.
Телегей-теңіз жыр шалқып,
Жер мен көк аққа кенелген.
Таси берсін ырысың,
Жиылған мұнша, көрермен.

Ұлыстың Ұлы күнінде,
Ай мен күндей теңесіп,
Алайық елмен кеңесіп.
Қанатыма қондырсам,
Айдарыңнан жел есіп,
Қалыпсың сен де есейіп.
Ескегін өлең есейік,
Марқайып қалсын ел естіп.
Ескі жыл, бізді есірке,
Жаңа жылым төрлетсін!
Ұлыс оң боп, ақ мол боп,
Ынтымағынды өрлетсін.
Ұлттық ойын ойналып,

Жүректі шаттық селдетсін.
«Ақсүйек» ойнап қыз жігіт,
Алтыбақан тербетсін.
Жарқылдаған үн шығып,
Күн шығыстан күн шығып,
Он сегіз мың ғаламға,
Мейірімімен нұр берген,
Жаратқанға құлшылық!
Наурыз келер күн игі,
Ағаштарға бүр шығып.
Жасыл еліміз жайнасын.
Әр адам егіп бір шыбық.
Тайқазанымыз қайнасын,
Мол болсын ауызбіршілік.
Бұлақтың көзін ашайық.
Өлеңнен лағыл шашайық,
Қайнасын сөйтіп тіршілік.

Қош келдің, төрлет, әз Наурыз!
Елжіреп жатсын алып бел.
Егемен елге қап-қап қып,
Жақсылығын алып кел!
Жетімсіреген тілімнің,
Қасиетін танып кел!
Ислам дінге қуат бер.
Соқпағын иман салып кел!
Дағдарыстан дамуға,
Даңғыл жолды бағыт бер!
Тәубә бер, жанға қанағат,
Салтыңды сақтап санаға ап.
Жақсылықтың жаршысы,
Қанатыңды қағып кел!

Көз көрген, таныс, жақындар,
Сөйлеуге менің қақым бар.



Жыл басы деп талмастан,
Таңдайым тағы тақылдар.
Семсерін сертке суарған,
Шашақты найза, ту алған.
Төсінде туған, туған жер,
Білегі құрыш батырлар.
Сөздері мірдің оғындай,
Сексеуілдің шоғындай,
Төсінде туған, туған жер,
Жырлары жалын ақындар.
Қызыңның балдай жырының,
Кәусәрінен татындар!
Ұлыстың Ұлы күнінде,
Шаттыққа шалқып батындар.
Көңілің судай тасынып,
Аруағын асырып,
Батасымен аталар,
Көгеріп, көктеп жатындар.
Берекеге бойлаған,
Ырысын елдің ойлаған,
Наурыз көжеден татындар.


Наурыздың нұрлы таңында,
Кеудемді өлең кернеген.
Арманы асқақ азат күн,
Ертеңге құлаш сермеген.
Ағайын-жұрт, сендерсің
Айтысымды ұлықтап,
Жыр тауып берген пернеден.
Мағжандай болсын ұлдарың,
Маржандай болсын қыздарың,
Жаралып топқа түскенде,
Намысты қолдан бермеген.
Ағайын-жұрт, сендерсің,
Етек жеңі кең келген.

Алтын дәнді даласы.
Есігінен құт кіріп,
Бесігін Қызыр тербеген.

Ұлыстың Ұлы күнінде,
Түскендей жерге хақтан нұр.
Бүршік жарып көк шыбық.
Тіршілік нәрі аққан күн.
Самарқанның көк тасы,
Балбырап еріп жатқан күн.
Қызыр бабаң бақ беріп,
Арайлап таңың атқан күн.
Тайқазанын қайнатып,
Наурыз көже татқан күн.
Құтты болсын, қазағым,
Жаңа жыл! Жаңа атқан күн.

Көктемнің нұрлы күнінде,
Бақ дарып жатқан Кереку.
Ақындар келіп сырыңды,
Ақтарып жатқан Кереку.
Сауырдан тері тамшылап,
Шабытты шабыт қамшылап,
Ақындармен от ауыз
Мақтанып жатқан Кереку.
Пейілімен атаның,
Мейірімімен ананың,
Ұлыстың Ұлы күнінде,
Шаттанып жатқан Кереку.

Наурыздың нұрлы таңымен,
Кеудемде өлең көктеді.
Бөленді аймақ шаттыққа,
Ұлыстың күні жеткелі.
Алланың түсіп назары,
Тарқамай думан базарың,



Өзіңдей кайсар халықтың,
Шуақты болсын көктемі!
Өзіңді, жұртым, қолдасын
Жаратқан Ием көктегі!

Ұлыс күні тойлануда, Алашым,
Ұлықтауда биіктетіп бағасын.
Қазақшалап атайтұғын күн тусын,
Петропавл – Павлодар қаласын.
Сен мен үшін әрқашанда дарасың,
Талай ұлтқа татулығың тарасын.
Жалғап бүгін жатсын біздің жырымыз
Кереку мен Қызылжардың арасын.

Ырыс басы – әз Наурыз – Ұлы ұғым.
Лайланбасын бірлік атты тұнығың.
Әуелетіп әнге салса бір ұлың,
Ару қызың жалғар жібін жырының.

Ұлылығын ұғына алсақ ұлыстың,
Періштедей пейілдерің тым ыстық.
Басыңа кеп қонақтасын мәңгілік,
Ақ қанатты көгершіні ырыстың.

Әлеумет, алтыннан да нарқың басым,
Күн сайын өсіп, елім қаркындасын!
Тұлпары тектіліктің дағдарыс деп,
Нарықтың додасында алқынбасын.
Қайыспас қиындыққа халық едік,
Көңіл көктем күніндей жарқылдасын.
Жаңа жыл жарылқасын жақсылықпен,
Ырысы қазаныңның сарқылмасын.

Жырларым, бәйгелерде ашыласың,
Маңайға жұпардайын шашыласың.
Дөп басып сөйлер болсам, шайырларым,
Көкейден күдікті ойды қашырасың.
Көмейіңнен ағылып көркем өлең,
Көктемнің шуағындай шашырасын.

Ақындар алты қырдан асады екен,
Шабытына жыр-қамшы басады екен.
Бірлігің ақ айрандай ұйып тұрса,
Жаныңнан дұшпаның да қашады екен.
Жыл келер жақсылықтың жаршысындай,
Көңілің осындайда тасады екен.
Қайнатып Наурыз көже жеңгелерім,
Әжелер сүр етінен асады екен.
Аталар Алатаудың ақ шыңындай,
Батаменен елге нұр шашады екен.
Қыздары құлпырып қырмызыдай,
Бозбаланың ұйқысын ашады екен.
Арыстандай айбатты ер жігіттер,
Селт еткізіп сезімін дөп басады екен.
Ұлыстың Ұлы күні атам қазақ,
Бұлақтың көрсе көзін ашады екен.

Тұлпарын жақсылықтың тағалайды,
Шуақ боп жырың қалай тарамайды?!
Шаңыраққа береке әкелуге,
Қызыр баба әр үйді аралайды.
Самарқанның көк тасы еріген күн.
Жамандық та еридi деп шамалайды.
Ұлыс күні игілік жасаймын деп,
Ізгіліктің ауылын аралайды.
Бұл түнді құдасындай күткен қазақ,
Көзінің қарасындай бағалайды.

Осы күннің балалары Қыдыр емес,
Аяз ата келсе деп армандайды.

Сезімнің жауқазыны ырғатылар,
Наурызда нұрлы болар күллі атырап.
Ұрпағыңа насихат жетпей жатыр.
Қыдыр ата жүр десек түн қатып-ақ.
Балаларға Қыдырдың құдыретінен
Орыстың сары шалы қымбатырақ.


Азаттық

Бисміллә, сөзді бастайын,
Жарқыра, жырым, шырақтай.
Армысың, кербез Кереку,
Сұлулығыңды андасам,
Жағалай өскен құрақтай.
Аламанда жүрген ару ем,
Намыс туын құлатпай.
Шоқтығы биік шабығтым,
Шабысқа ширақ құр аттай.
Бәйгеге бүгін бәс тігіп,
Тұяғы текті тас тіліп,
Қанатты жосыл пырақтай.
Маңдайыма бақ иіп,
Таңдайыма бал ұйып,
Өрнекті өлең бір ақты-ай.
Азат күнде асқақтап,
Ақтарыл, жырым, бұлақтай!

Тәу етер кием – Азаттық,
Татулық болсын түндігім.
Қазақтай елдің гүлі едім,
Толғанып айтар жырды мың.

Көк бөрі болсын ұраны,
Тоныкөк, Хас Сақ, Білгемін.
Абылай, Бұхар, Қабанбай,
Әз Тәуке, Есім, Бөгенбай,
Баһадүр бабам – осылар,
Қанжармен кескен кіндігін.
Желмаяға мініп ап,
Іздеген Асан – бұл күнім.
Таңда туған шолпандай,
Бөлейін нұрға ортанды-ай,
Бүлк-бүлк етіп көмейден,
Сорғалап ақсын жыр бүгін.
Күмістен қазық қақтырып,
Жібектен жабу жаптырып,
Шойындай болсын бірлігің.
Толғауы тоқсан қызыл тіл,
Қынабынан суырылып,
Қылпылдайтын күн бүгін.
Тегеуріні темір қаршыға,
Айдыннан қаз бен қу ұстап.
Арудың салтанатымен,
Аналық махаббатыммен,
Алқалы топқа түскенмін,
Өлеңнен аппақ ту ұстап.
Асылдығы гауһардай,
Жасылдығы жауһардай,
Тәуелсіздік тойына,
Шашайын лағыл уыстап.

Келмеске кетті шерлі күн,
Азаттықтың жолында.
Әлемге аян ерлігің.
Астананың төрінде,
Саммитке жинап ел-елді,



Қолыма тиді теңдігім.
Төраға болдық топ жарып,
Даладай болып кеңдігім.
Болашағына қазақтың
Бүкіл әлем сенді мың.

Алдымен сөйлеп кетейін,
Бұлбұлдай сайрап бақтағы.
Ғасырдың жолдар сәлемін,
Ағылса тарих ақпары.
Болмысы бағзы қазақпыз,
Сақталған бойда Сақ қаны.
25 жылғы жетістік,
Шыңдалған елдің соқпағы.
Басымнан асып кетпей ме?
Тәуелсіздіктің тәтті әні.
Астына көк ту бірігіп,
Ажырамастай кірігіп,
Тарыдай кеткен шашылып,
Қандастар төрге аттады.

Тәуелсіз елде тұғыры,
Тіккен ордасы тұрағы.
Перзенті бақыт – шырағы,
Өркендеп өскен құрағы.
Сүйікті жары – сыңары,
Сүйікті ісі – жыр-әні,
Мінгені шабыт пырағы.

Сендерге деген сезімім,
8 буынға сыйғанба-ай.
Тәуелсіздігім – құт еді,
Ұлтшылға бөлмей барлығын,
Астына тудың жиғандай.
Тәуелсіздігім – қадірлі,
Бабалар басын қиғандай.

Тәуелсіздігім – қастерлі
Жүрегімдегі имандай.

Сайрасын тілім, сайрасын,
Тигізіп елге пайдасын.
Жиылды ақын төріңе
Өлеңнен сайлап найзасын.
Тәуелсіздіктің тойында
Жайқалсын елім, жайнасын.
Азаттығым – айбыным.
Алты алашқа айнасың.
Қазаныңда мәңгілік
Алтын-күміс қайнасын.
Шахталы шаһар, есен бол,
Ұстаған күрек-қайласын.
Батыстан күн шыққанша,
Басыңнан бақыт таймасын!



Жеңіс жыры

60 жыл Жеңіс Күні тойланғалы,
Біздерге бейбіт күннің таңын берген.
Жауыздың жасаған ылаңынан,
Айырылды ел қаншама жалынды ерден.
Сұм соғысқа аттанып кете барды,
Ақындар, батырлар да дарынды елден.
Қайғының қара бұлтын жамылды ана,
Соғысқа баласы мен жарын берген.
Ол күндер енді қайтып оралмасын,
Мал-жанын, бауыр үшін қанын берген.
Аталарға мың тағзым ұрпақ үшін,
Қабырғадан қан кешіп жанын берген!

Бұл соғыс басыңдағы бақты алыпты,
Қасіреті мәңгілік сақталыпты.
Соғысқа Павлодар облысынан,
40 мыңнан астам әскер аттаныпты.
40 мыңның ішінде қазақтардың,
Санаулысы тек батыр атаныпты.
Қалғаны да – қаһарман, қағазда емес,
Ал ерлігі жүректе жатталыпты.
Солақай саясаттың соқырлығы,
Көкірегімде шер болып қатталыпты.

Соғыс бітіп егемен болғанменен,
Бағымыз басымызда жанбай жүрміз.
Жалған күлкі арылмай бойымыздан,
Алпыс жыл әлі ұйқыға қанбай жүрміз.
Әлі күнге Сембай Калиевтің,
Атағын алып бере алмай жүрміз!

Бабаның асқан ерлігін,
Қалайша жұртым толғаман.

Ерлерің жүрсін есінде,
Жан қиып елін қорғаған.
Қара орман, қалың қазағым,
Бұл сөзімді қолдаған.
Бірегей батыр бабаны,
Біле алмай өтсек сол жаман.


Ақ қардай Алатаудың басындағы,
Өшпесін жанарыңның жасындары.
Жеңісті қолмен жасап бергенсіңдер,
Жайна деп болашақтың жасыл бағы.
Бейбіт күннің рәмізі – сендерсіңдер,
Кеп тұрмын қасиетіне бас игелі,
Таңбадай Күлтегіннің тасындағы.

Бабалардың ерлігін ұға алғанбыз,
Жеңіс тойын бір белеске шығарғанбыз.
Отты күн естелігі болсын деумен,
Жарқыратып қос кітап шығарғанбыз.

Тіл тағдыры

Мұқағали, Абайлар тілім деген,
Тілменен тас жүректі тілімдеген.
Егерде, қайран қазақ, тілің өшсе,
Төбедегі сөнбей ме күнің деген.
Қасиетіңнен айналайын, қазақ тілім,
Тозакта өліп, қайта тірілген ең.
Егемен боп, керегең керілгенмен,
Қазағым, мазақ боп тұр күнің неден?!

Бабадан аманат боп тілің қалған,
Неліктен атпай отыр күнің алдан?!
Қарайды өз тіліне шекесінен,
Кей шенді шетел асып білім алған.



Ана тіл – арымыз ғой арымаған,
Ішу керек құнарынан қанып адам.
Желөкпе, желік қуған жастарың бар,
Уызына тілінің жарымаған.

Өз тілін білмей жүрген ұлан қанша?
Бабаның өсиетін ұғар ма онша...
Қыран тектес ел едік қалықтаған.
Қырандар сөйлемей ме қырандарша!?
Орыс тілі – көгімде күн болып тұр,
Тағдыры ана тілдің түн болып тұр.
Егемен болып туды биік көтерсек те,
Қазаққа басты қайғы тіл болып тұр.

Өзгенің қызығына малданады,
Қызыл-жасыл арзанына алданады.
Ана тілі есікте жүргенімен,
Өзгенің тіліне кеп жалданады.
Батыстікін балдай жұтып жүрген жандар,
Өз тілінде ән айтуға арланады.

Кейбіреу ана тілін құлыптады,
Басқа тілдің бақытын ұлықтады.
Шетелдің мультфильмі мода болды,
Әжелер ертегіні ұмытқалы.

Біз қалай фольклорды сыйлы етеміз,
Бойымызды жын-жыбырға билетеміз.
Кендебай Керкұлатқа мініп кетіп,
Қазақы рухымызды күйретеміз.
Тәлімін Тазша бала таныта алмай,
Шректің сандырағын үйретеміз.

Орыс тіл болып сұлтаны,
Ал, қазақ тілі ұлтаны.
Арам ойын көрдің бе?
Мәңгүрт болсын деп ұрпағы.
Саясаттың бұлтындап,
Түлкі құйрық бұлтағы.

Айналайын, ағайын,
Аузына алған Алласын.
Тілінді білмес балаң бар.
Батыс деп ұққан данасын.
Тілінді сақта, бабаның
Аманат етіп даласын.
Ұрпағыңа артыңда
Бұрқырап шаң қалмасын!

Ауылым-ай

*Жыр шашамын көмейден,
Жиылған бүгін қауымға.
Мәрт халықтың бірі едік,
Қарсы тұрған дауылға.
Ауыл жұрты бауырмал,
Тартатын ыстық бауырға.
Нағыз қазақ қала емес –
Нағыз қазақ ауылда.*

Жыр менің шабытымның серпіні екен,
Ой дегенің жеткізбес жер түбі екен.
Дархан көңіл төркіні – дала мынау,
Ауылым деп сырымды шертіп өтем.

Жараспас мен – жүйірік, сен – жабы деген,
Тұлпардың бағы жанар бабыменен.
Уа, менің алтын бесік ауылым-ай,
Көзімнің қарасындай ағыменен.
«Ауыл жылы» бітуге таяп қалды,
Ауылымның болып тұр бағы неден!?

Ауылым, майы кеткен жіліктейсің,
Сатылып кететұғын мүліктейсің.
Жан-жақтан талауға тек дайын отыр,
Инвесторлар қан сорғыш сүліктей шын.
Ғасырдың зобалаңын бастан кешкен,
Нарықтың қарасынан үрікпейсің.
Құлаған ауылымды сүйеу үшін,
Бір қайрат керек боп тұр бірік дейтін.
Алты алаштың баласы ұйып тұрса,
Жауыздың тырнағына ілікпейсің.

Үзіліп қалмасын деп ауыл әні,
Басталды үкіметтің тәуір әні.
Қосқанмен зейнетақы, еңбекақы,
Күн көріс қиын боп тұр ауылда әлі.
Күн сайын баға біткен асқынып тұр,
Ал бұған кімнің басы ауырады.



Ертісім

Байрағын бостандықтың байлаған ел,
Базары бүгінгідей қайнаған ел.
Өзеннің ен бойында жатқан, халқым,
Жағасын қара Ертістің жайлаған ел.
Ақ басты, күміс сақал, аталарым,
Шежіре тереңіне бойлаған ең.
Армысың, ақ пейілді, ағаларым,
Егемен ел бірлігін ойлаған ең.
Ел ертеңі сенімді болу үшін,
Жігерін жігітінің қайраған ел.
Ертісім – жер кіндігі, жерұйығым,
Қыздары қырмызыдай жайнаған ел.
«Шаңырақ» айтыс жасап дүркіретті,
Өнердің болашағын ойлаған ең.
Айтыстың аламанын қыздырам деп,
Ақындарын бәйгеге сайлаған ел.

Біздерге Алла нұрын төгіп бүгін,
Бойыма маза бермес ерік бүгін.
Түлеген айдыныңнан көгілдір ем,
Аққу боп қанаттанып келіп тұрмын.
Қазақ деген халқыңның бір қызымын,
Жаныма қара өлеңнен серік құрдым.
Қоғалы көл, қайыңдар сәлем айтты,
Сары алтын ордасынан келіп тұрмын.
Аманжол, Иса туған топырақтан,
Қара сөз көкпарына еніп кірдім.
Маңдайға жарық берген асыл анам,
Елжіреп ақ батанды беріп тұрдың.
Қырық Шілтен Әмбиеге аманат қып,
Бабаның әруағына сеніп тұрдың.
Қасқалдақтың қанындай бойымдағы,
Арқалап ел үмітін келіп тұрмын.

Халық ек алдаспандай жарқылдаған,
Үміті келер күннен сарқылмаған.
Жер саттың, жетім саттың, көлді саттың.
Нең қалды бүгінгі күн сатылмаған!?

Ертісім, жер ұйығым тасы майлы,
Қалайша көңіліңіз тасымайды.
Жағалай ауыл қонып, ғұмыр кешіп,
Сәулесі тірегіңнің шашырайды.
Сол Ертістің жағасын бір қалталы,
50 жылға алыпты басыбайлы.
Қара суға зар болған ауыл халқы,
Неліктен жігеріңіз жасымайды.
Ауылым енді қайтіп күн көреді,
Ағайын, ойладың ба енді осы жайлы?!

Нарықтың беті бері қарағандай,
Артқа тастап кешегі азабын да.
Бейбіт күнге тәубе деп ауыл жатыр,
Қара суды қайнатып қазанында.
Қайраған өз жігерін ауыл өзі,
Қайнаған тіршіліктің базарында.

Ошақтың оты өшпей, жанып жатыр.
Қарыштап ауылымыз дамып жатыр.
Азат күннің таныған құдіретін,
Бабалар өсиетіне қанып жатыр.
Жүз мектеп салатұғын Елбасының,
Салиқалы саясатын танып жатыр.
Үй салып, жастарыма қолдау беріп,
Қанатының астына алып жатыр.
Денсаулық – зор байлықтың кепілі деп,
Жаңалап аурухана салып жатыр.
Егемен күймесіне отырған ел
Болашаққа Аллалап барып жатыр.

Томағасын калдырып жар басына,
Қырандай калықтаған тау басында.
Сары алтын – дән сапырған ырысты елім,
Бұлақтай құйып жатыр камбасына.
Елімді ақ нанымен қарық қылған
Ертістің құт дарыған әр тасына.


Желтоқсан жыры

Дүбір сап өткен талай далаңда бай,
Топ жарған Иса сынды дараң қандай?!
Асыл сөз көкпарына түскен талай,
Балаңа қолдау көрсет алаңдап-ай.
Көсіліп Желтоқсанда көрейінші,
Қарайлап қауқарыма шабандамай.

Шындықты сыбызғыммен сыр етейін,
Қалайша өлең айтпай құр кетейін.
Қара өлеңнен мен бүгін қуат алып,
Жүдеген көңілдерді гүлдетейін.
Құйынды Желтоқсанды шамам келсе,
Шабытым жеткенінше жыр етейін.

Киелі аманбысың, «Шаңырағым»,
Халқымды көріп бүгін жадырадым.
Желтоқсанда желмаямен желіп келіп,
Халқымды кара сөзге қандырамын.
Сикырлап сұлу сөзді салып беріп,
Есінен жігіттерді тандырамын.
Алауын мұзға жаккан Желтоқсанның,
Жігер отын жүректе жандырамын.

Ызғары желтоқсанның түскен шығар,
Ызғарға талай беттер үскен шығар.



Қайғысын жатқан жалпақ қазағымның,
Қаймағын беттен қалқып ішкен шығар.
Тойлатып рухын еске алған кезде,
Аруақтар бір-бір аунап түскен шығар.

Сөзіммен түсірейін ай арайын,
Жайқалып ел алдында жайланайын.
Майданына бұл сөздің түсер болсам,
Бес қару қолыма алып сайланайын.
Желтоқсан еркіндікті алып берсе,
Қалайша шарықтамай байланайын.
Намысшыл ұл мен қызды туғызатын
Халқымнан қазақ деген айналайын!

Шындықты сыр қылатын санам шығар,
Бұл дағы бостандыққа қадам шығар.
Сондағы желтоқсанның ызғарына,
Намысшыл қазақ атты балаң шыдар.
Ар менен абыройды ұланбайтақ
Бойына жинап берген далаң шығар.
Осындай ел басына күн туғанда,
Қайраттай даланды ойлар данаң шығар.

Жырласам желтоқсанды жігерлендім,
Төрт көзіңмен, халқым-ау, түгел ме едің?
Алаңға айғай салып шыққан кезде,
Ту қылды намысты ерлер жігерлерін.
Құйынды желтоқсанның екпінімен,
Ақтарды ғасыр бойғы мұң-шерлерін.
Солақай отаршылдық саясаты,
Шығармады жайлап ап мұз шеңберін.
Сонда да қазақ атын асқақтатқан,
Айналдым желтоқсанның өр ерлерін.

«Отты Гүннен туған ек отты болып»,
Жолыңның күдіретін танып өткен.

Біз дағы қазақ атты хандық едік,
Керей мен Жәнібегің салып кеткен.
Абылай асу бермес асқар тауың,
Қазақтың тектігін танытты еппен.
Бүгінде егеменді ел атандық,
Боздағың бостандықты алып жеткен.
Байрағы тәуелсіздік желбірейді,
Қазақты барша әлем танып көкпен.

Сандығын тарихыңның ашар болсам,
Қазағым, біз немене көрмеп едік.
Алқакөлден ақтабан боп шұбырып
Аштықтан бет ауғанға өріп едік.
Бұғалық, бостандыққа нокта салып,
Талай-талай қиындық көріп едік.
Жақсынды алқымынан қысқан кезде,
Біз дағы бұл азапқа көніп едік.
Сүйрелсек желтоқсанда мұз үстінде,
Жылт еткен үміттерді көріп едік.
«Дауылды Желтоқсанның» арқасында,
Көкесін бостандықтың көріп едік.
70 жыл құлдық камыт бойдан түсіп,
Енді біз бостандықтың төріне ендік.
Қазағым, құтты болсын 10 жылдығын
Дәулетің таси берсін кемелденіп!

Ата заңым – айбыным

Бисміллә, сөзді бастайын,
Бұлбұлдай сайрап бақтағы.
Ғасырлар жолдар сәлемін
Тарихтың том-том хаттары.
Шежіреден сыр шертеді,
Ағылса өткен ақпары.
Айбыны асқақ Ата заң –
Әділдігімнің шатқалы.
Тәуелсіздіктің шатты әні.
Киелі елім, қазақ қой,
Сақталған бойда сақ қаным.
Қасымның қасқа жолымен,
Елдігімді жақтады.
Есімнің ескі жолымен,
Кеңдігімді сақтады.
Тәуекел, Тәуке, Хақназар
Найзасын бірлік саптады.
Бастаған бабам даңғыл жол,
Ашып берді айқара,
Тәуелсіздік қақпаны.
Нұрсұлтан салған нұрлы жол,
Күллі тұрғынның мақтаны.
Өзіңді сыйла патшадай,
Түңіліп тұрсын жат жаны.
Алтыннан қымбат тіліме,
Қыдыр қарап, бақ дарып,
Тербелсін достық бесігі.
Таусылмай Тәңір нәсібі,
Арта берсін мәртебең,
Азаттықтың Ақ Заңы!

Сарабал саясаттың арқасы ғой,
Елімнен құт-береке кашырмаған.
Ата Заңың 10 жасқа толып отыр,
Біздерді алып жеткен ғасырға аман.
Елімнің жетістігі жетіп жатыр,
Бола ма осындайда тасынбаған?
Көк байрағым желбіреп көк аспанда,
Желкілдеген желегі асылданған.
Аузында Алласы бар ел болған соң,
Аман өтіп келеміз асулардан!

Салмақты, саликалы Ата заңым,
Егемен ел көгінде қалықтаған.
Қасым баба қасқа жолын жалғастырып,
Бостандық қыранындай шарықтаған.
Есімнен бастау алған ескі жолмен,
Тар өткелдерден өтіп, тарықпаған
Алашты Нұрсұлтандай ер басқарса,
Елімнің болашағы анық маған.

Махамбетке

Акының шындық жырын бек толғасын,
Айбынды азаматта кек болмасын.
Көл қорыған қызғышың жоғалды ма,
Ел қорыған Махамбет жоқ болғасын?!



Тебінгі теріс тағынған,
Темірказық жастанған.
Махамбеттей кайсармын,
Азуын айға білеген.
Табаны таймас тұлпармын,
Шапқан сайын үдеген.
Қанаты қияк сұңқармын,
Тұғырын теуіп түлеген.
Жырау жырындай ғажаппын,
Қайыспас нардай казакпын.
Алладан атақ-даңқ емес,
Абырой ғана тілеген.

Сатылмайды

Пайдакүнем пасықтар елім дей ме?
Елін сатып кетеді ерінбей де.
Бабалар аманатын тоз-тоз етсек,
Жер анаң қасіреттен егілмей ме?
Дейміз ғой «Барыс елге» айналамыз,
Болашақ бұлдыраңқы көрінбей ме?
Ағалар жер сатам деп шарк ұрады,
Ал ертең өкініштің кебін киме!

Бола ма мына жөнді айтпасыма,
Бел будым айтар жерден қайтпасыма.
Жетім сатып, ақшасына қарық болсаң,
Құдайдың қарғысы кеп атпасын ба!?
Жетімің жатқа кетті жат бауыр боп,
Қалайша үмітінді ақтасын да.
Жас ұрпақ мәнгүрттеніп, ертенгі күн
Кім кепіл өзінді кеп атпасына.

Атаудың әлегі

Білмеймін бас қайғы ма, бақ қайғы ма?
Бұл сөзімді шындық деп жақтайды ма?
Қашанғы Павелге сый боп жүреміз,
Павлодар қазақша атын таппайды ма?

Ғасыр бойы Павлодар боп келесің,
Ақ патша үмітіңді ақтайтындай.
Ақ патша кім? Әкең бе еді? Атаң ба еді?
Есімін қаракшының сақтайтындай.

Тұрған соң дәл алдыңда жанға батып,
Сөйлеймін сорым қайнап, қанға қатып.
Бас даңғылдың бойында дүбәралар,
Миымызды тұрады дәлдеп атып.

Бас көше Кутузовтың атында еді,
Қазақта дарындылар болмағандай.
Әруағын осынша қастерлейміз,
Кутузов жерімізді қорғағандай.

Қазақ тілі сіңе алмай сол көшеге,
Осынша бітер ме еді сорға маңдай.
Жатсам-тұрсам ойымнан шығар емес,
Намысын нар қазақтың қорлағандай.



Тіл туралы толғау

Замана – биік асқар-ды,
Шыңына жүрміз шыға алмай.
Арманда кеткен бабалар,
Қасиетінді ұға алмай.
Тілің де қалды, діл қалды,
Тәңірді тілдеп түк алмай.
Елге де, ерге көз тиіп,
Абайды жүрміз ұға алмай.
Замана – биік аспан-ды,
Қанатыңды талдырған,
Өзегінді жандырған,
Ертеңге жол ашатын.
Ұрпағың мәңгүрт бола ма,
Тіліне құлып салдырған?
Түсіну үшін ат-тегін,
Аудармашы алдырған.
Дұшпанымның, тәңірім,
Табасына қалдырма!

Ұлдары барда ұлтымның
Айбыныңды түсірме!
Тіліңнің сақта уызын,
Үміттің гүлін үсірмей.
Байрақты биік ұстайық,
Бабаның нарқын түсірмей!
Ұсақталып кетпейік,
Абылайдың түсіндей!

Қасиетті тілім бар,
Енисей, Орхон жырлаған.
Өшіре алған жоқ оны
Алқакөлдей сұламаң.
70 жыл бодан болғанда
Жоқ еді кезі құлаған!

Бұл күнде қалың нешік, қазақ тілі,
Егемен ел тірегі – азат тілі?!
Кезінде таңдай қағып сұлу тіл деп,
Тамсанған Радловтар ғажап тілі
Қасақана қате сөз жазылған соң,
Қазақ тілі боп кетті мазақ тілі.

Бабадан аманат боп тілің қалған,
Неліктен шықпай отыр күнің алдан.
Павлодар көшесіне кіргеннен-ақ
Белгілі боп қалады сырың жалған,
Қатеден аяқ басып жүре алмайсың,
Қор қылып қойыпсың ғой тілімді, Аллам.



Мен сың қанаттын қағайын

Сөз сәлемін ұсынған,
Кептерін жырдың ұшырған,
Бақ сынай шыққан қызың ем,
Бақ тілеп баба Қызырдан.
Сәукелелі жан едім,
Көсілуге еркін қысылған.
Өлеңді тұмар еткенмін,
Қанатты жырдың құсынан.
Айдан да күміс алайын,
Күннен де уыс алайын.
Тарысын жырдың тау қылып,
Күмбірлеп күміс сарайым,
Жырменен кетсем деп едім,
Түсіріп айдың арайын.
Қиқуға айқай қосылса,
Қалайша қарап қалайын.
«Ойжайлау» жасап кетер ем,
Келтіріп ойдың орайын.
Ойдан бір отау тігейік,
Ағартып сөздің самайын.
Қанатты жазып құлаштап,
Қағып та қағып алайын!
Алқалы топтың алдында,
Сөйле деп бізге бұйырды.
Додаға түссем дуалы,
Бір Аллаға сыйындым.
Қойнауы құтты Кереку
Сауын айтып Алашқа,
Бастадың дүбір жиынды.
Әулие Мәшһүр бабамның,
Құрмет көрсетіп рухына,
Өлеңменен сый ілдім.

Малайсары тарханның
Тастан соғып тарихын.
Таныттың тағлым пейілді.
Дұшпандарың күйінді,
Дүйім ұрпақ сүйінді.

Қайтеміз барып егеске,
Өткен күн – сабақ емес пе?
Зобалаң шақта зорығып,
Қасқайып карсы егесте,
Зұлматты талай көргенмін.
Тірімін, мың рет өлгенмін.
Дуалы топтың алдында,
Додаға түсіп, ой қазам,
Ынтымақ, ырыс – ордаңа
Оралды қайта тайқазан.
Қазақ елі бұрын болмаған деп,
Сандырақтайды есерлер.
Жар болса жалғыз Жаратқан,
Даңқымды менің еселер.
Ши ағаш сынды иманым,
Дінімнің болған діңгегі.
Дінімнің жанып жұлдызы,
Бағамыз артсын тілдегі.
Татулық болып бесігің,
Тыныштық болсын түндігің.
Дүниенің қымбат құнынан,
Болаттай берік бірлігің!



Көкшенің кербез жұртына

Жаратқан Алла жар болса,
Жарқырап кетер маңдайым.
Алқалап келген, әлеумет,
Мәртебең биік хандайын.
Кереку мен Көкшетау,
Шуағын шашсын әрдайым.
Шағала толы шалғайың,
Жырыммен тәтті балдайын,
Бурабайдың баурайын,
Бал тіліммен баурайын.
Үш жүздің басын Абылай,
Біріктірген-ді, а құдай,
Бірліктің ойлап мән-жайын.
Дәл осы жерде хан Кене
Үмітін жаққан шамдайын.
Бұл жердің әрбір қазағы,
Мен үшін асқар таудайым.
Жүздері нұрлы таңдайын.
Пейілі аппақ қардайым.
Көкшенің кербез жұртына
Ақ сәлемімді арнайын!

Жаз болса қазақ кетеді,
Жағалап теңіз жағасын.
Тайландқа біреу таяды,
Тақиялы сол деп баяны.
Алыс көрмей арасын,
Аққу қазақ аң-таң боп,
Аралап жүр балпаңдап,
Анталияның жағасын.
Кредитке билет алса да,
Қазақтар жүр қаншама,
Демалып сонау Дубайда.

Бармай жатыр кім қайда,
Тоздырып тұлпар тағасын.
Айналайын, ағайын,
Бұл жерге сендер панасың,
Айырып ақ пен қарасын,
Жыл сайын жазда келетін,
Асылдан артық көретін,
Бурабайдың бағасын.
Бағалай білсең барыңды,
Сапырып ойдың сабасын.
Ғажайыптың ғаламын,
Туған жерден табасың!

Ереймен еліне

Я, бісмиллә, тағылымды, танымды,
Сөз бере көр таңдайыма лағылды.
Есен бе екен Ерейментау ежелден
Еңкейтпеген өлең атты арымды?!
Тыңдаған тау Иманжүсіп әндерін,
Менің жолым тебіренге ме жаныңды?
Не де болса, нартәуекел көрейін,
Тотыдайын топқа салып бағымды.


Ерейменнің ғасыр ұққан паңдығын,
Еркіндікпен қарсы ап тұрған таң нұрын.
Керекуден келген кезде керімің,
Сәруар ойдың ақтарар ма сандығын?
Сандығымнан төгілгенде наз-тілек,
Тойыңыздың хас дүбірі тас тілед.
Азаттықты ардақтаған, ағайын,
Андап тұрсам ақ жүрегің – ақ жібек.
Тойыңызға тілекші боп кеудемнен,
Өлең атты түлеп ұшты тастүлек.

Керегелері күмістен,
Өнегелі өрісті ел.
Дүбірлі тойда көріскен.
Алаштың елі, армысың!
Алтыннан болған сүйегі.
Өлеңнің болған тиегі.
Едігедейін би елі.
Ереймен елі, армысың!
Шапағатын иманның,
Жүрегіне құйған мың.
Токмағанбет Хазірет,
Тұяқтары бармысың!
Алаштың айтқан арманын.
Алаш деп күткен таңдарын,
Олжабай Нұралыұлының
Қияқтары бармысың!
Аманжолдай ақынның
Жырлары тәтті балмысың.
Халық ақыны Бекболат,
Кешегі сері-салмысың.
Ереймен елі, аман ба,
Мен үшін қымбат хан мүсін.
Азаттық атты көгінде,
Сүттей тыныштық қалғысын.
Ақкудың қауырсынындай,
Әрбірің аппақ армысың?
Адамнан емес қашанда,
Алладан күткен алғысын!

Аймаңдай абыз би елі.
Әр тасы болған киелі.
Топырағының алтын сүйемі,
Ереймен елі, армысың!
Қыз қарағайы құлпырған,
Шыршасына сыр тұнған,

Қыраны көкке ұмтылған,
Егемен елім, бармысың!
Ай тұлға аталарыммен,
Ай сырға аналарымның,
Алайын бүгін алғысын.
Тәуелсіздікке тәубе деп,
Аллаға мадақ жауды шын.
Көмірі қызу қайнаған,
Өмірі гүлдей жайнаған,
Мен үшін нағыз жұмақсың
Бағалы мекен, борлы шың.

Ерейменнің ежелден,
Арайлап атқан нұр таңы.
Керекуден келгенде,
Кермаралдай керіліп,
Айтыстың болып іңкәрі.
Шығар деп ем алдымнан,
Жүзінен иман төгілген,
Абыздай шежіре өрілген,
Токан Хазірет ұрпағы.
Егеске ел деп кіретін
Қоң етін кесіп беретін
Олжабайдың ұрпағы.
Күтер деп ем Аманжол
Ақынның тұяқ-тұлпары.
Армандап ем күтер деп,
Бекболаттың сұңқары.
Ауданның асқак тойында,
Күтер деп ем Ереймен,
Жігітінің сұлтаны.
Ал менің шықты алдымнан
Сүйектері сақылдап,
Таңдайлары тақылдап,
Ерейменнің бір «шалы».



Үлбіреп тұрған үмітті
Дәл осы шалдар құртады.
Сүйектері саудырап,
Екі көзі жаудырап,
Шал шыққанда алдымнан
Үміт те менде қалған жоқ,
Нартәуекел көрейін,
Не айтар дейсің шалдар көп?
Айналайын, Ереймен,
Азаматтығына мың алғыс!
Сеніміңді жалғар көп,
Тағзым етіп тарихқа
Ұлықтап жатқан ұлысын.
Арайлап атып тандар боп.
Ертеңің боп сәулелі,
Шуағын төгіп заңғар көк.
Сіздерменен жүздескен,
Менде де халқым арман жоқ.
Қабжеке, сізде де, сірә,
Арман арман жоқ!



Мұхатай атаға

Бісмиллә, сөзді бастайын,
Көмейден төгілді дастан ән.
Жер жәннәтті Баянға-ай,
Төгейін жырды аянбай,
Алқалы қауым, армысың!
Ақтарыл бүгін асқақ ән.
Жеңістің түспей жалауы,
Жеңістің сөнбей алауы,
Жарқырай берсін бейбіт күн.
Құлашын кеңге тастаған.


Тіркестің тізіп тәуірін,
Талмасын бүгін жақ, үнім.
Тәңірдің сыйы – Баянтау,
Алашқа болған мағұлым.
Аталарым, келдің бе,
Ұрпаққа болып тағылым?
Аналарым, келдің бе
Көрсетіп бізге тәлімін?
Өлеңге сеніп өлейін,
Өшкенше бойда жалыным.
Аруың келді алдыңа,
Жастықтың қағып дабылын.
Жеңіс Күні құтты болсын деп
Арнайын жырдың жалынын.
Жеңістің сөнбей алауы
Баянды болсын мерейі,
Барша қазақ бағының.

Алла деп сөзді бастасам,
Жарқырап кетер маңдайым.
Алқалап келген, әлеумет,
Мәртебең биік хандайын.

Екібастұз-Баян арасын,
Шағала жырмен жалғайын.
Мұқаңның бүгін тойына
Жырымның тәтті балдайын,
Уыстап шашып кетейін,
Иіліп сәмбі талдайын.
Бұл жердің әрбір қазағы,
Мен үшін асқар таудайын.
Жүздері нұрлы таңдайын.
Пейілі аппақ қардайын.
Өлеңі болған өмірі
Даладай дархан көңілі
Баянның кербез жұртына
Ақ сәлемімді арнаймын.

Өнердің биік киясын,
Ақындардың ұясын,
Егінбұлақ ел-жұртын,
Қолдасын жалғыз тәңірім.
Қандырып жырға кетейік,
Халықты мынау шөлдеген.
Асқар таудай көрінген,
Шежіредей төгілген,
Мұқатайдай атаның
Биікке тасы өрлеген.
Әулие Мәшһүр бабаның
Батикасы қабыл боп,
Тұлпар жасы ұзақ боп,
Қанатты кеңге сермеген.
Үш ғасырдың ішінде,
Атамыз нені көрмеген.
Ашаршылық жылында,
Көзінің жасы көлдеген.
Фин соғысын өткеріп,
Дұшпанын жеңіп ерлеген.

Ұлы Отан соғысында,
Жігері бойды кернеген.
Жақындатқан жеңісті,
Жеңіс үшін терлеген.
Итжеккенге айдалып,
Зұлматты небір көрген ең.
Ерлігіңе қарасам,
Соғыс жоқ атам жеңбеген.
Тұрмыс анамен жағылған,
Шаңырақтың ұл-қыз бен
Шамшырағы сөнбеген.
90-нан жасы асса да,
Қаламы түспей қолынан,
Жоқты биік өңдеген.
Тарихын таска жазғандай,
Ұрпаққа кітап қалдырдың,
Сіздей-ақ болсын ер деген.
Ақсақалын ардақтар,
Сендей-ақ болсын ел деген.
Көзіндей болған көненің
Қария – тарих дегенім.
Мұқатай ата, жасай бер,
Рухымның толғап кемерін.
Ұлдарың болсын ұлықты,
Көтерер елдің беделін.
Қыздарың болсын қырмызы,
Зерделі, ойлы, зерегің.
Шөберелерің көп болсын,
Желкілдеген желегің.
Қаламың мүлде талмасын,
Халықтың жазып керегін.
Денсаулығың зор болсын,
Ұшындай өткір жебенің.
Ақбеттаудай тұлғалым,
Өресі биік жырларың,




Өткенің үлгі өнеге,
Парасат тұнған, кемелім.
100 жасыңызды тойлайық,
Тамыры терең, бәйтерегім.
Қарлығаштай ұшып кеп,
Батаңызды алсам деп едім.

Алқалаған, әлеумет,
Ұзақтан болсын ғұмырың.
Қол бастаған Бөгенбай,
Батыр боп тусын бір ұлың.
Сөз бастаған Бұқардай,
Ақын боп тусын бір ұлың.
Әйгілі Жаяу Мұсадай,
Әнші боп тусын бір ұлың.
Ғасырдан жетсін ғасырға,
Асылдан қалған сынығың!



Арыстар тойы

Ақ домбырамен арқырап,
«Арыстар!» десем жарасар,
Ерлік пен жырлап елдікті.
Жүріп өткен жолдарын,
Жүрегіндегі арманын,
Даладай дархан теңдікті.
Азаттық үшін алысып,
Арыстар талай өтті ғой.
31-ші мамырда,
Күллі қазақ қаралы,
Қашанғы болсын жаралы.
Өткенді толғап кетті ғой.
Санамда менің бір сәуле,
Осылай шұғала септі ғой.
Алаштың арлы жандары,
Орындалғаны үшін арманы,
Той жасау керек, текті той.
Өрімталдай өріліп,
Жапырағы жасыл төгіліп,
Арыстар еккен шыбықпыз,
Гүлдейтін мезгіл жетті ғой.



Мұңдасу

(Арман Қаниға)

Әке!
Өмірдің өлшемі бір тұтам,
Ал қоғам көрсоқыр қараңғы.
Жырыңды жаныма пір тұтам,
Тірлікте сол ғана бағамды.

Сырымды сырғалы бекітті
уақытым,
Ғашық ем бұрын мен.
Бақытым бірге еріп кетіпті,
Кешегі кесілген бұрыммен.

Моншағы жанардың тамшылап,
Боздайды көңілім бозінген.
Қозғайды санамды сан сұрақ,
Тағдырдың тәлкегін сезінгем.

Жолымның жіңішке қорғаны
Орманым еместей бой жазар.
Табаным сәл тайса болғаны,
Сайысып сайтандар той жасар.

Дос деген сағым мен арман-ды,
Жүрсе де жанымда жүз таныс.
Менімен күндес боп алған-ды,
Қызыл шыт байлап ап қызғаныш.

Сезімім адасқан сенделіп,
Ар қайғы, алдайды, арбайды.
Сақылдап күледі пенделік,
Сумандап соңымнан қалмайды.


Ұлпан мен Ұлжандай ананың
Баса алмай келемін өкшесін.
Сыбырлап айтады даланың
Қаңғыған құйын жел өкпесін.

Сол үшін жазғырма, кейіме,
Сын сәттер ауыр мұң артып ед.
Сәукелем қалғанша киілмей
Жайықта жүзгені артық ед.

Ақ туы желбіреп арымның,
Періште боп кетсем ақ қанат,
Көк тәңір қолдайды, сағым күн,
Қызыңыз да, бәлкім, бақ табад(ы).

2008 жыл, ақпан






Айтыс бағының Алмаулі

Сөйлесең, сөзбен сұңқардың,
Қанатын шыңға қақтырдың.
Жырласаң, жырмен тұлпардың,
Шаңдағын көкке лақтырдың.

АЖ





Мұхит сал Мерәліұлының 165 жылдығына
арналған халықаралық айтыс
(2006 ж.)

Асылбек Ишанов (Орал қ.) пен
Алмагүл Жүгінісованың
(Павлодар облысы) айтысы

Асылбек Ишанов:

Алланың өзі берген бойға сенім,
Жүзінді көру бакыт тойда сенің.
Қорғауға намысыңды мен де келдім
Құдайдан дұға тілеп жайғас, елім.
Ассалаумағалейкум, Ақжайығым,
Жазармын есіміңді айға сенің.
Тойларың құтты болсын деп айтайын
Сал Мұхит бабамыздай қайда серің.
Айдайын алты қырдан асыратын,
Аспаннан бұлтқа асатын сайраса ерің.
Артына мал қалдырмай ән қалдырған
Оралад ұлылығың ойға сенің.
Бесігім Айнамкөзбен тербеп әжем,
Рухыңды сіңіріп еді бойға сенің.
Мен шаппай, халқым, бүгін кім шабады?
Сендерсіз канатымды жаймас едім.
Ең алғаш мен айтысқа шыққан кезде
Көзіне түсіп едім тайда сенің.
Мен сенің тұмар таккан дүлдүлің ем,
Толғасам тобығымнан таймас едім.
Төгейін топан жырды төкпелетіп,
Акинақ алмас жырды қайрашы, елім.
Алысты жақын қылған атқан оқтай,
Намысты нар халықтың найзасы едім.

Алмагүл, сен қайдағы, мен қайдағы,
Өзіңді Ақжайықтың көрді аймағы.
Армысың, Екібастұздың ерке қызы,
Бармысың Павлодардың балқаймағы.
Сұлуды көрген кезде бұл Асылбек
Өзінің бойдақтығын енді ойлады.
Айналдым қасиетіңнен, мырза құдай,
Жұп қылып өзіңізді тең байлады.

Жастық-ай Жайықтағы жайраңдаған,
Ау, қыздар, белгілі еді айлаң маған.
Бірақ та айтысқа сен жаңа шықтың,
Жүрегім менің, қалкам, жайланбаған.
Айналдым, Алмагүлжан, ақ жүзіңнен,
Жайықтың көктемінде жайраңдаған.
Сал Мұхит бола кетсем осы жерде,
Үлкен той болар еді тойланбаған.
Шай құйсаң, Айнамкөз деп ән салар ем,
Екі ағаш, бір алманы айыра алмаған.
Мен саған жылқышының әнін айтып,
Сезімін сұлу қыздың ойрандаған.
Бірақ та Мұхит болу қайда бізге,
Ұлылық соған лайық, қайда ол маған.
Сезімің мәңгілікке ән құраған,
Сен неткен бақытты едің, қайран бабам.

Алмагүл Жүгінісова:

Армысың, асыл әлеумет,
Ырысқа бастар ырымы.
Баптаса Батыс бақ тілеп,
Арғымақ болар құлыны.
Исатай мен Махамбет
Атанған қазақ ұлығы.
Құрманғазы, Динаның
Алысқа жеткен құрығы.

Қубала, Қадыр, Жұбандар,
Кәусар сөздің тұнығы.
Батыста туған қыз едім,
Өрілген жырмен бұрымы.
Қырық жігітке жүк болар,
Қыздарыңның қылығы.
Мұхиттың тойын тойлаттың,
Жырменен биік тұғыры.
Бармысың, туған ел-жұртым,
Ардақтай білген ұлыны.

Асылдың болса сынығы,
Түбінде қаптың қала ма?
Елім деп келдім елжіреп,
Жыр арнап, Жайық, жағаңа.
Еділ мен Ертіс арасын
Жалғаған жырмен шағала.
Баяным сәлем-кептерін
Ұшырды. Қанаттала ма?
Сабынды көл мен Жасыбай,
Сімірсең шөлің қана ма?
Ақбеттау қалды қол бұлғап,
Не жетер сенің бағаңа.
Додаға түскен дірілдеп,
Қолдау бер, мендей балаңа.
Көсіліп мен де көрейін,
Қарайлап қауқар-шамама.


Мұхиттың бүгін шыңына
Акындар қайтар бір шығып.
Оң жағыңнан ай туар,
Шығысыңнан күн шығып.
Көрікті ойдың келбеті,
Көкейде қалмас тұншығып.
Төреден шыққан текті ұлын

Өнерді сүйген құлшынып,
Таңдайдағы бұлбұлым,
Маңдайдағы дүлдүлім.
Қазақтың қара әуені
Күдіретіңе құлшылық.

Мұхиттай асылдарменен
Батыстың елі еңселі.
Өзіңді жырға қоссам деп,
Сағынып келдім мен сені.
Асылбек ақын, армысың,
Жүйрік деп айтад ел сені.
Жарқылдасын ендеше,
Сендегі жырдың семсері.

Қарап отырмай өзі де
Айнамақөзге теңеді.
Қиқулап елім отырса
Аламанда женеді.
Алмагүлге әйтеуір
Сұлусың-ай деп еді.
Мақтап-мақтап әйтеуір
Алдап сокқың келеді.

Түркінің текті ұрпағы ең
Талайға сесті айбары.
Жайықтың ерке ұлы едің,
Жыр сипап өскен айдары.
Бірлігіңнің бүгінде
Бұзылмасын қаймағы.
Он жерден мықты болсаң да,
Алдырмас түлкі айлалы.



Асылбек Ишанов:

Алмагүл өз әлінше арындай ма
Айтатын өлеңі де табылмай ма?
Түлкімін, алдырмаймын деп отырған.
Жеткізем сұлу, қалқа, қолыңды айға.
Түлкі де жаратқанның құбылысы,
Құбылыс бір құдайға бағынбай ма?

Алмагүл, сұлулықтың ізі екенсіз,
Суреті сұлу біткен күз екенсің.
Сермейін мен де семсер өлеңімді
Қалайша көңілімді мұз етерсің.
Даусыңнан айналайын, қалқам сенің,
Алдынан Ақ Жайықтың жүз өтерсің.
Өзі ме деп қалып ем Айнамкөздің,
Әйтеуір маған лайық қыз екенсің.

Қалайша ел алдында шаппай қойдым,
Ғашық боп Алмагүлді мақтай қойдым.
Өмірі іздегенім өзің едің,
Жайықтан бір сыңарды таппай қойдым.

Алмагүл, айдай біткен жекем еді,
Парызым ел алдында өтеледі.
Хор қызы дәл өзіңдей болад деуші еді
Сол дұрыс, сендіреді өте мені.
Сен өзің білуші ме ең бұл Оралды
Бұрынғы өткен жандар Теке деді.
Жайғасып сол Текенің қақ төріне
Жас жігіт сұлу қызды жетеледі.
Жайыққа лайық келін осы емес пе?
Ағайын, маған ерсең не етер еді.
Көндім деп айта салсаң әлсіз жүрек
Тап қазір жарылып-ақ кетер еді.
Бұл елге келін болсаң, Алмагүлжан,


Ұрпағың арманына жетер еді.
Ер Мәншүк, Қыз Жібектей бола алсаңыз
Мынау ел төбесіне көтереді.
Өйткені менің мына Ақ Жайығым,
Батырлық пен сұлулық мекені еді.

Жеткенде қиялымның шамасы көп,
Берілсін Әлмакөштің бағасы дөп.
Екеуіміз қосыла алсақ осы жақта
Айтар ек бұл ғашықтар қаласы деп.
Мен саған гүл сыйласам дарасы деп,
Сен маған ұл сыйласаң данасы деп.
Мұхит деп біз есімін қояр едік,
Бұл күнде бар қазақтың бабасы деп.
Сол бала әнші болса сал Мұхиттай
Жұрт айтар қалың елдің ағасы деп.
Әлмакөш, екеуімізді ел білмей ме
Мұхиттың папасы мен мамасы деп.

Алмагүл Жүгінісова:

Мұхиттай дана бабаның
Көкірегі толған күй сандық.
Сұлуларды көргендей
Көкірегің кетер күй шалып.
Алмагүлге әйтеуір
Сүйемін сені дей салып.
Аспандағы айға қол созба,
Есіңді жи, Ишанов.

Батыста туған қыз едім
Жыр сипап өскен кекілді.
Бойымда бар ед қайраты
Әлия, Мәншүк секілді.
Саркыты ем Майра демедім,



Шапқанда тағам кетілді.
Асылдың қалған сынығы
Алдырмасқа бекінді.

Шағанның бойын жайлаған
Оралдық жұртым, құттысың.
300 жыл болған казактар
Ұлықтаймыз деп ұлтты шын.
Ұлтжанды казактарың да,
Жиып ап ұл мен ұлт қызын.
Оқиғасы қыркүйек
Алаңға алып шықты шын.
Дауылға қарсы тұрып ең
Алдыңда асқар күтті сын.
Казагың тыныш жатыр ма?
Іс болар ма еді құпты шын.
Ұйытқан қазақ-казакты
Оралым, неткен мықтысың.

Бодандық киіп қамытты,
Бостандық аңсап жүрілді.
Тар жол, тайғақ кешуден
Тарланың талай сүрінді.
Желтоқсанда жігерлі
Түнлігің түннен түрілді.
Қоқиланбасын, казактың
Тізесі енді бүгілді.
Бір-ақ күнде, қазағым,
Қайсарлығың білінді.
Отыз көшең бір күнде
Қазақшаланып ілінді.
Отыз ұлым деп зарлаушы ең
Әндері Мұхит бір үлгі.
Басыңды көтер, ей, бабам,
Отыз ұлың тірілді.

Сұлуға қарап сұқтана,
Жыр окитындайсың көзімнен.
Қутыңдаймын деп қыздарға
Жұрдай бопсың ғой төзімнен.
Келіншекке де, қызға да
Тау соғып беріп сөзіңнен.
Сайтанға санын соққызған
Суайттың нағыз өзі ме ең!?

Асылбек Ишанов:

Текті сөз естісеңдер танымдыдан,
Мен өзі қарсы келсе бәрін қырам.
Суайттан сан соғады деп айтасың,
Осындай сөз естідім жалындыдан.
Бұл қыздар – бұл жалғанның гүлі емес пе?
Сондықтан бар еркекті табындырам.
Сен, қыздар, ұғасың ба, ер көңілін,
Қыз үшін бұл жалғанда бәрін қылам.

Мерейін Әлмакөштің өсіріндер,
Алдында Ақ Жайық боп есіліңдер.
Отыз ұл сал Мұхиттың ұлдары емес,
Білсеңіз ол тарихтың десі кімдер.
Сен өзің Ақтөбенің перзенті едің,
Ағайын, ел алдында шешіліңдер.
Медетбай Ақтөбеде өткен екен,
Осыны айтып, халкым, көсіліңдер.
Дегенмен бұл ағаттық кімде болмас
Ағайын, ақын қызды кешіріндер.

Мен өзі Ишановпын, сойқан едім,
Алмагүл, айналайын, байқа дедім.
Осындай келін алсаң, қалай елім,
Сен өзің құт дарыған байтақ едің.



Айтайын бір сырымды саған ашып,
Тәубе деп біздер жүрміз тобаласып.
Ерекше білдірген соң сезімімді,
Алмагүл, айтыстан соң далаға шық.
Шын айтам, жүрегімнің асау оты
Барады айдалаға ала қашып.
Көзіңе тесілумен күндер өтті,
Сөзіңе мына біздей бала ғашық.
Келін бол деп айтамын Ақ Жайыққа
Жүрейік жалғыз үйден араласып.
Қонақ қып мына отырған қалың елді
Ет асып, нән ошаққа қазан асып.
Қозым деп Дариға апам бір иіскесе,
Талабың кетер еді одан асып.
Айтады Шолпан апам ақылын да
Жүреді жас кезіңде жағаласып.
Айтпақшы, жіберемін төркінің
Оралдан шығып қайт деп қадам асып.
Ап қалсақ ел-жұртыңыз ренжімес,
Дер ме екен қап қойдық деп қара басып.
Құда боп, китін киіп, кешірімге
Бармай ма Павлодарға шара басым.

Алмагүл Жүгінісова:

Сұлу қыздарды көргенде
Бойыңды шабыт билей ме?
Алам деп мені қояды,
Құр сөзбен найза түйрей ме?
Күркіреуі көп болып
Сіркіреуі сирей ме?
Ағайын, бос құмыра
Даңғырауық келмей ме?


«Азаматпын. Еркінмін. Еріктімін»
Аймақтық айтысы
(2011 жыл)

Ардабек Ақбаба (Семей қ.,) мен Алмагүл
Жүгінісованың (Екібастұз қ.) айтысы

Ардабек Ақбаба:

Ақындары сан түрлі түске енетін,
Қанатын кең аспанда құс керетін.
Ассалаумағалейкум, ағаларым,
Мен бақытты өздерің ескергесін.
Армысың, әжелерім, ақ шылауыш,
Көп ақыл бар ма сізсіз істелетін.
Атқамінер ағалар, армысындар,
Бауырларға білікті күш беретін.
Желекті жеңгелерім, қайдасындар,
Бисмілләсіз кіш дегізбес кішкенесін.
Қайдасындар қалжыңбас, құрбыларым,
Ешкімнің бүлдірмеген ештеңесін.
Берен мінез бауырлар барсындар ма!
Тентек болса да төменге түспеген шын.
Қаракөз қарындастар, қайдасындар
Айналдырған бақыттың мыс кемесін.
Армысың, керекулік керім елім,
Ат жалында айран ішіп, түстенетін.
Ассалаумағалейкум, атам қазақ,
Түйенің өркешінде түс көретін.

Пейіліміз болмасын тарылғандай,
Ағайын, ұлындағы жалын қандай.
Алдында а құдайлап бір сөйлейін
Ойымнан өрмелі жыр табылғандай.



Қазақстан Тәуелсіздігіне 20 жыл,
Мұннан болдык, япырай, арылғандай.
Елбасы хан болғалы 20 жыл,
Білесіздер басындағы бағын қандай.
Мысалы, менің жасым жиырмада ғой,
Дерек те өз басымнан табылғандай.
Тәуелсіздіктің 20 жасар құрдасына
20 рет қол соғыңыз бәрің қалмай.

Айтыста, ағайын-жұрт, кең көсілем,
Біреудің дәметпегем бермесінен.
Қазаққа ән айтуға шығып тұрмын,
Шықпайтын өлең естен термесімен.
Бірліктің басына бір шығайық,
Тірліктің алыспайық теңгесімен.
Арданың сұлу қыздан салымы жоқ
Жолыққан Алмагүлдей жеңгесімен.

Айтатын талай ойым бар секілді,
Сөйлейін, ал ендеше, хан секілді.
Жеңгеміз сол жағыма жайғасты ғой,
Көйлегі бейне ақша қар секілді.
Өзіңмен қатарласып көрейінші,
Ақынға бір Алла жар секілді.
Кеп тұрмын тобығыңды шайнайын деп
Айтатұғын сөзім менің мол секілді.
Қыз бұйырмай қамкөңіл шығып тұрмын,
Кемпірі өліп қалған шал секілді.

Алмагүл Жүгінісова:

Қасқалдақтайын, кандасым,
Өлеңнің тапқан арнасын.
Алқалы топтың алдында,
Ардабек ақын самғасын.



Кемпірі өлген шалдай деп,
Арнадың неге жыр басын?
Қарттарым – қымбат қазынам,
Жолынан түзу танбасын.
Кемпірінен айрылып,
Жарты жолда қалмасын.
Ұлытаудағы ұлардай,
Барлығымызды қыраардай,
Шайнаймын деп тобықты,
Опрылып ортадан,
Тісіңіз түсіп қалмасын.

Бисміллә сөзді бастайын,
Жарқырасын шырақтай.
Армысың, кербез Кереку,
Сұлулығыңды байқасам,
Жағада өскен құрақтай.
Додада жүрген қызың ем,
Намысыңды құлатпай.
Шоқтығы биік шабытым,
Аламанда бәс тігіп,
Тұяғы текті тас тіліп,
Құйғытсын қиял құр аттай.
Жырларым менің мөлдіреп,
Ақындық жүрек елжіреп,
Көмейден бүгін жыр акты-ай.
Азат күнде асактап,
Актарыл, жырым, бұлақтай.

Киелі ұғым Азаттық,
Татулық болды түндігім.
Қазақтай елдің қызы едім,
Толғатып айтар шындығын.
Көкбөрі болған ұраны
Тонькөк, Хассак, Білгінің.

Баһадүр бабам осылар
Қылышпен кескен кіндігін.
Желмая мініп желгенде,
Іздеген Асан күн бүгін.
Таңда туған Шолпандай,
Нұрға бөлеп ортаңды-ай.
Тәуелсіздік тойында,
Қарт Ертістің бойында,
Толғауы тоқсан қызыл тіл,
Қынабынан суырылып,
Қылпылдайтын күн бүгін.
Жібектен қазық қактырып,
Жібектен жабу жаптырып,
Егемен алған қазағым,
Шойындай болсын бірлігің.
Тегеуріні темір қаршыға,
Айдыннан қаз бен қу ұстап,
Арудың салтанатымен,
Аналық махаббатыммен,
Алқалы топқа түскемін
Өлеңнен аппақ ту ұстап.
Асылдығы гауһардай,
Жасылдығы жауһардай,
Тәуелсіздік тойында
Ашайын жырды осылай.
Сөздерін бүгін жалғайын
Айкүмістердің кешегі.
Азулымен алысқан,
Жүйріктермен жарысқан,
Ардабектей ақыным,
Сені де мықты деседі.
Қыз бермеді деп бұл жігіт,
Еркелік лебі еседі.
Қыз бермеді деп кей қайны,
Жеңгелерімен өш еді.

Қамырдай илер жырынды,
Сақтайтұғын сырынды,
Жеңгейің шыққан алдыңнан
Маңдайыңның бағы бес елі.

Ардабек Ақбаба:

Өлеңімде, ағайын, толғанайын,
Халқымның, я, пірім-ау, қолдағаны-ай.
Енді осы айтысқа келгеннен соң,
Шықпаймын жырдан деген жолдан былай.
Бағанадан жігіттер айтысы деп,
Халықтың бір айтысты талдағаны-ай.
Азаматтардан жалыққан шығарсыздар,
Маған да бір қошеметтің болмағаны-ай!
Қасыма жеңешемді алып келдім,
Ағайын, көріңдерші алда қалай.
Ұзақ көріп бітпейтұғын кинофильмнің
Ортасында жарқ еткен жарнамадай.

Жеңгеммен бас-қасы келгенімде
Төмендете көрмеші күшімді, Алла!
Ауыздағы тістерің түспесін деп,
Жеңешем сөйлеп отыр ұшынғанда.
Өз ойыңа өзіңе саласың жыр,
Сәбиіңді иіскеп тұшынғанда.
Жеңеше, Арда үшін алаңдама,
«Тас шайна, – деген қазақ, – тісің барда».

Ендеше Тәуелсіздікті жыр етейін,
Жан қалмасын ақын сөзіне таң қалмаған.
Жеті қазына туралы бір ой айтайын,
Менің қазағым, Керекуім, арда далам.
Бірінші қазына ол – бейбітшілік,
Тәуелсіздік алғанда қуанбаған жан қалмаған.



Ал екінші қазына – ата дінің,
Бірақ та кейбіреу оны аңғармаған.
Ал үшінші қазынаң – ана тілің,
Тіл барда қазақ ешкімнен кем болмаған.
Төртінші қазына ол – кең жер-ана,
Әлемде анаға ешкім тең болмаған.
Бесінші қазына ол – жастарың ғой,
Санасы төменшектеп торланбаған.
Алтыншы қазына ол – салт-дәстүрің,
Сақтаған сан ғасырлар тарлан бабам.
Жетінші қазынаң – Елбасың ғой,
Елбасы барда қазақ ешкімнен кем болмаған.
Ылайым жеті қазына аман болып,
Жетпіс қадам басайық арманға аман.

Жеңешеме енді бір жабысайын,
Көңілін көтерейін жайдары қып.
Абайдың мекенінен келіп тұрмын,
Асаудай сала білем ойға құрық.
Ағайын әр сөзімнен күтер үміт,
Мен бір текке келгем жоқ тайға мініп.
Алыстан ат терлетіп Арда келді,
Сіңліңді сыйла маған сауға қылып.


Алмагул Жүгінісова:

Топтан да озған жүйрікпін,
Тек отырман, дарамын.
Қыз сұрап қоятын
Пысығын қара баланың.
Қыз ғұрлы өзің білер
Судың да болар сұрауы,
Қыз түгіл саған кемпір жок,
Жай отыр, ей, қарағым!
Асылдың болса сынығы,
Түбінде тоттың жатпасын,

Айбынды арда қазақтың
Арайлы таңы атқасын.
Ел-жұртым деп елжірер,
Азамат едің кең жүрек.
Алты жыл бұрын бұрыпсың
Атамекенге ат басын.
Жусанның иісін жұтыпсың,
Шаттықтың ашып қақпасын.
Селдесін, жырың, селдесін,
Ағын судай қаптасын.
Өнеріңе сүйсініп,
Сексен қыз сені мақтасын.
Азаттығым – айбыным,
Былғанбасын айдыным.
Егемен елді қазақтай,
Тіл-көзден Алла сақтасын!

Ақ домбыраны қолға алып,
Жырлайын сені тағы да-ай!
Болашақты бетке алған,
Қазақты қолда, а, құдай!
Жарқ еткен алдаспанымды,
Жүрегі қандастарымды.
Көк тудың жидың астына
Шашылып кеткен тарыдай.

Ардақты Атамекеннің
Құмына күйіп табаның.
Қыздарда болсын дәмесі
Байқаймын жақсы талабың.
Керекуден қыз алып,
Дейді ме бақыт табамын.
Әкетпексің-ау сіңлімді
Тарбағатай асырып,
Кірпігіне жас іліп,



Жәудіретіп жанарын.
Шырылдаған Шыңжанда,
Қаптаған қара Қытайдың,
Қай жерінен табамын.

Ардабек Ақбаба:

Ай, тербелген қазақ деген бесікпенен,
Жүрегін Алла берген несіппенен.
Бұл жағынан, жеңгежан, аландама,
Әлдеқашан атамекенге көшіп келгем.
Сіңліңді мына маған сыйға берсең,
Бар мәселені өзім-ақ шешіп берем.
Мен де бір алыстан келген қандасыңмын,
Өз елім, өз жерімде бөсіп көрем.
Қазақ үшін туылған бұл басымды,
Халқым үшін қоң етімді кесіп берем.

Бұл қазақ өз-өзіне сенсем деп жүр,
Өнер жолы өнсе деп жүр.
Қандастың сәлемін бір жеткізейін.
Кейбір жас тәуелсіздікті түсінбейді,
Ол жақтағылар соған көңіл бөлсе деп жүр.
Тәуелсіздікті сіздер білмей жатқан кезде,
Бұл жаққа көңілімді бөлсем деп жүр.
Тарбағатай, Зайсанды көрсем деп жүр.
Ол жақтың сіз секілді шал-шауқаны,
Иектегі кемпірі кемсеңдеп жүр.
Атамекенге оралып бір,
Ата коныс топырағында өлсем деп жүр.

Енді бір наз айтайын жеңгеме кеп,
Бұл жеңгемді расында керім дестім.
Қытайдан келген бір қандасың ем,
Сонда жүріп өніп-өстім.
Сен мында көк туынды көтергенде,

Мен анда кызыл туды көріп өстім.
Сен мында өз тілінде жыр жазғанда,
Мен анда өзге тілден у жеп өстім.
Сонда да салт-дәстүрімді сақтап келдім.
Мен бұл жерден ешқашан жеңілмеспін.
Сен отырсаң өз анаңның құшағында,
Мен болсам өгей ананың қолында өстім.
Енді, міне, өз анамды тауып келдім,
Өз елімде ешқашан жеңілмеспін.
Алла біздің айырмаса арамызды,
Өле-өлгенше өз анамнан бөлінбеспін.

Оңымнан келсе Алмагүлдей арман-айым.
Атамекенге «а, Құдайлап» келгеннен соң,
Сенің жырыңа әрдайым тең болайын.
Сіңліңді бергін маған сондықтан да,
Табайын мол мұра содан дәйім.
Керекуге келін бала өзің едің,
Керекуге күйеу бала мен болайын.

Алмагүл Жүгінісова:

Бостандық атты бір жұлдыз
Жаныңа шашып нұр жаһұт.
Бодандық атты тамшыны,
Жанарыңнан құрғатып.
Алмағын, қазақ, алмағын
Азаттығыңды ұрлатып.
Темір құрсау тағынып,
Темір қазық жастанып,
Аңсаған бабам түн қатып,
Ақ найзаның ұшымен,
Ақ білектің күшімен,
Қорғаған сені бел шешпей,
Таңнан таңға жырлатып.

Ардабектей балаңыз,
Өлеңмен отыр тіл қатып.
Күйеу бала болам деп
Армандау – өзі бір бақыт.
Керекудің қыздары,
Ұлы да текті түлепті.
Сұлулығы мен сымбаты,
Сезімдерге гүл екті.
Майрадай қызы ән салса,
Тыңдаған пенден дір етті.
Дұшпанның құтын қашырған,
Жауларын қырдан асырған,
Ақ сүңгі найза асынған,
Гауһардайын білекті.
Ардақтасын атасын,
Атаның алған батасын,
Ақ Зейнептей ақ тілекті.
Шамаң келсе ала ғой,
Арыстандай айбатты,
Жолбарыстай қайратты,
Жігіт болсаң алып көр,
Қабанбайдай жүректі.

Ел үшін туған қыздар бар,
Әкелген елге ғажап құт.
Әлия, Мәншүк қыздарың,
Жанымен келген азаттық.
Ақжүніс, Құртқа, Баянның
Арымен келген азаттық.
Сабира, Ләззаттың
Қанымен келген азаттық.
Ән ұраның шарықтап,
Қыраның көкте қалықтап,
Жасасын рухы қазақтың!

Еркелігінді көтеріп
Байыбын байқап сөзіңнің
Жарайды саған берейін
Бір сіңлімді өзімнің.
Әйтпесе түрің бар екен
Түймесін үзер төзімнің.
Аруымызды аялы,
Алақаныңда саялы,
Қызымызды сақтай біл
Қарашығыңдай көзіңнің.

Ардабек Ақбаба:

Арданың бүгін ойын пайымдай бер,
Жырларын Ертістегі жайындай көр.
Байқаймын Алмагүлдей женешем-ай,
Мені өзіңнің қайнындай көр.
Жеңешем келісті, көріңіздер,
Күйеу бала екенімді мойындай бер.
Кереку, мен сенің күйеу балаң,
Қызыңның жасауын дайындай бер.



«Азаматпын. Еркінмін. Еріктімін»

Аймақтық айтысы

(2011 жыл)

Тілеген Әділ (Қарағанды қ.,) мен

Алмагүл Жүгінісова

Тілеген Әділ:

Тәуелсіз елім барда, жерім барда,
Кем емес салтанатым мың кісіден.
Атқа мінген қазақтың жігіті едім,
Арқаның тымақ киген түлкісінен.
Ассалаумағалейкум, келдіңдер ме,
Сөз қадірін ұғынып, жыр түсінген.
Сөзді таңдап аларсыз Күреңбайдай,
Жүйрік таңдап алғандай жылқы ішінен.
Жұлын ұстап қалмасын жүрек суып,
Жұлдыз жұлып берейін бұлт ішінен.
Ей, жұртымның аузын аққа тигізейін,
Жүректің уыз сауып үрпісінен.

Елге айтыс жасадың,
Жер-жерден ақын алдырып.
Тамаша деген гәп қылдың.
Ақ сауыт киген батырдай,
Ақындарым сап құрдың.
Ішінде екі сұлу бар,
Сабағындай ақ гүлдің.
Мен де келдім жиынға,
Ат бауырын қак қылдым.

Сен менің желбіреген ақ туымсың,
Сен менің үлбіреген ақ гүлімсің.
Сен менің шатастырмас Үркерімсің,
Сен менің адастырмас от күнімсің.

Сен менің қарындасым қиғаш қасты,
Сен менің жүректегі пәк гүлімсің.
Түрлентіп тоқсан түрлі толқындатар,
Үкілі Ыбырайдағы «Гәккуімсің».
Ей, көп мақтап не қылайын, Алмажаным,
Сен Ертіске кеп қонған аққуымсың.

Керекудің төріне
Ағайын, тағы кеп тұрмын.
Қасымдағы сұлуға,
Қайтып, міне, бет бұрдым.
Қызға ыңғайы жоқ сорлы едім,
Ұялған енді болмайды,
Қадамымды бек қылдым.
Қасымда тәтті алма тұр,
Мына алманың иісі
Мұрнымды жарып барады.
Екі көзбен жеп тұрмын.
Бірақ алманың иесі бар, ағайын,
Сондықтан өзімді тежеп тек тұрмын.
Тым болмаса дәмі қалсын таңдайда,
Тым болмаса бір тістесем деп тұрмын.

Алмагүл Жүгінісова:

Тілеген ақын айтқандай,
Жырменен көрем күшінді.
Алма, Алма-ай дейді ме,
Бұл ақын нені түсінді?
Тістегім келеді деп алмадан,
Бір ойды осылай пісірді.
Болашағыңды ойламай,
Бастамасаңшы ісінді.
Байғұс-ау, алма көп жесең,
Кептірмейді ме ішінді.

Тілеген ақын ойлана,
Қондырам дейді айға да.
Үйіңде бес балаң бар.
Сенікі сөз жай ғана.
Көтере алмас шокпарды,
Беліңе әкеп байлама


Бісімлә, сөзді бастайын,
Домбыра қолға алып ап.
Кереку деген – құт мекен,
Қыздары сұлу шетінен,
Ұлдары болған саңылақ.
Аяулы аппақ қызыңның,
Аппақ сәлемін қабыл ал,
Өзіңді жырға бөлейін,
Айкүмістердің арын ап.
Майра апамның әнін ап,
Әлдилейін әніммен,
Тәңірден тілеп тары бак.

Қазақ қазақ болғалы,
Басына бақыт қонғаны.
Тәуелсіздікке тарту деп,
Миллиардан болды орғаны.
Көк туы көкте желбіреп,
Қанатын қыран қомданып.
Сұңқардайын сорғалап,
Тұлпардайын жорғалап,
Ақының бүгін толғатты,
Дүр сілкінтті әлемді,
Топқа қосып жорғаны.
Еркіндік мініп құр атын,
Біздерді Алла қолдады.
Ақының шырқап толғайтын,
Азаттық деген сол дағы.



Қияға кадам бастайық,
Сара да ойды тастайық.
Әнімен сәнді асырған,
Тау суындай тасыған,
Тәуелсіздікке тәубе етер,
Арманнан бірақ аспайық.
Кеудемді шаттық кернеді,
Кереку басып пернені
Рухымен тербеп қаламды,
Бабам тұр Қаныш қасқайып.
Кереку деген – құт мекен.
Не жетер сенің бағаңа?
Жайылма-Ақкөл киелім,
Аққу-қаз қонған жағаңа.
Тоғыз көл болып тасыдың,
Бақ-дәулет қонып сағаңа.
Асатаяқ шанышқан,
Ишан абыз сағаңа.
Иманның нұры шашылды,
Ақ сәулелі Тағала.
Кесене кеше ашылды,
Исабек Ишан бабаға.
Маңдайына бақ берген,
Таңдайына ақ берген,
Азаттығымның арқасы
Бабалар рухын сақтаған.

Сәулелі ойды айтатын
Сарадан қалған сынықпын.
Жалғасына жолықтым,
Тұяғы темір Күліктің,
Құлагердей өлеңін
Баптаған шығар қырық күн.
Аламанда жосылсын,
Шашасын шықпен жуыпсын.



Сусынын кандыр ел-жұрттын,
Ағызып жырды тұнық шын.
Додалы топқа түскенде,
Ат басын сізге бұрайын.
Сөздерің болса сұңғыла,
Тілеулесің боп тұрайын.
Кешегі өткен серіге
Серіктестік кылайын.
Естайдай болсаң егер де,
Қорланың болып тұрайын.
Кешегі өткен сері де
Сөздерін мен де жырлайын.
Қарғып мініп атына,
Кір келтірмей затына,
Қолыңа алып қаршыға
Соңына ертіп құмайын.
Домбырасын қолына ап,
Жауһардай жыр шашырап,
Кіргізгенде кеш шырайын.
Сүйсініп кетсең ән салып,
Қиылып сені қарсы алып.
Секілді сауға сұрайын.
Ал сен қандай серісің,
Азырақ сені сынайын.
Құмайың түгіл құсың жоқ,
Басыңда бір тал үкің жоқ,
Додалы топқа түскенде,
Сабыр бере көрсін саған құдайым!

Тілеген Әділ:

Ей, Алмагүл, саған қабақ шытпаймын ғой,
Алла берген кадамыңды нықтаймын ғой.
Сөзінде сал-сері деп айтып қалдың,
Бұныңды ақылға сап құптаймын ғой.

Үкілі бөркім де бар үйде қалды,
Қаршығам да бар еді, бүркітім де,
Бірақ мұнымен мен түк те ұтпаймын ғой.
Жалаң бас келді деп мені сөкпегейсің,
Жығаңды сенің, қалқам, жықпаймын ғой.
Қансонарда жүргендей шуылдатып,
Сахнаға иттерменен шықпаймын ғой.

Ішінді кептіреді деп қояды,
Кім жегісі келмейді тәтті алманы.
Өзегі кеуіп, құрт түспеген,
Тап-тамаша көрініп тұр сақталғаны.
Мына қыз, негізі, кет әрі емес,
Көңілдің осы болды ақталғаны.
Алақанға салып талай тойғанбыз,
Өзіңіздей қып-қызыл қатты алманы.

Дүбірді бүгін салайын,
Жұмыр жердің төсінде.
Күрек тісім қанжардай,
Топқа кірген жігіт ем.
Азуыма ат байлаушы ем,
Азуым сынса алмаға,
Еркек боп тудым несіне?
Айтайын біраз аймақты,
Ақылым мені сайратты.
Тәуелсіздік әу бастан,
Бір туға білек байлатты.
Кеңесарының да арманы,
Тәуелсіздік еді ғой байрақты.
Әлихан, Ахметтердің де
Арманы осы болған ед,
Кешті ғой тар жол, тайғақты.
Тәуелсіз менің өзегім,
Гүлдей болып жайнатты.



Жиырмаға келген жігіттей,
Қабырғасы қатайған,
Бұғанасы тас бекіп,
Қайратты да айбатты.
Ей, қазағым, қазағым,
Қолыңда тұр көк туың,
Құлатып алма байрақты.
Тәуелсіздіктің тұсауы
Әлдеқашан қиылған,
Есілімнің бойына,
Астананы салдырдык
Шеберлерге киырдан.
Еділдің бойы ен тоғай,
Деп кеткен кеше Махамбет,
Қамшысын көкке жиырған.
Еділдің емес Есілдің бойына
Өңкей жақсы жиылған.

Ей, Алмажан,
Сені көрсем есім шығып кетеді өзі,
Қызға сөз айтпаушы едім бұрын мұндай.
Қиғаш қастың астында қос жанары,
Лайланбаған мөлдір судың тұнығындай.
Аш белің бұралып тұр үзілердей,
Саусақтарың майысып бара жатыр,
Аксұңқардың сығымындай.
Алманың өзі сұлу, сөзі терең,
Естайды да есінен тандыратын,
Сол кездегі қас сұлу дәл Қорландай.



«Наурыз» аймақтық ақындар айтысы
(2013 жыл)

Серік Молдабеков (Семей қ.) пен Алмагүл
Жүгінісованың (Екібастұз қ.) айтысы

Серік Молдабеков:

Бисмиллә, көңіл жырды сағынғандай,
Бойымда тасқындаған арым барды-ай.
Екінші айналымға шығып тұрмын,
Орамды ой айтайын нар ұлдардай.
Қуанышпен айшықты айтыс жасап,
Сырластым бауырыммен бағым барда-ай.
Ұлыстың Ұлы күні келіп жетті,
Өткеріп басымыздан қалың қарды-ай.
Тарихын дәстүрімнің білген едім,
Қиқулашы шабыт беріп жалындарға-ай.
Тойында бір көсіліп, бір шабайын
Бойымда асыл текті қаным барда-ай.
Ағайын, қос ақынға қолыңды соқ,
Жауһар жырлар қалмасын қабылданбай.

Наурызда жүздеріміз жарқылдасын.
Төскейіңе Қызыр кеп салқындасын.
Айбаттанып Керекуім жылдан-жылға,
Айдынына қаз қонып, қаңқылдасын.
Елім деп еміренген өр ағалар,
Дәл осы жыл көрсетсін нар тұлғасын.
Наурыз көже қайнатып қыз-келіншек,
Ілтипат ұсынудан тартынбасын.
Ақ әжелер айтуымен өнегесін,
Ақ пейіл мінезімен саңқылдасын.
Тынысымыз тарылмай Жылан жылы,
Ырысымыз Алла берген сарқылмасын.

Қалайша айтар ойды сыр қылмайын,
Ерке қыз, сағыңызды сындырмайын.
Алмагүлдей келіншекке жолықтым деп,
Ел алдында отырып қылдым уайым.
Айтысқа келген сайын айтысамыз,
Екеумізді жолықтырады бір құдайым.
Жайқалып сахнада сен отырсың,
Тербелген самал желмен жыңғылдайын.
Уылжыған келіншекпен айтысам деп,
Сахнаның төрінде жын қумайын.

Алмагүл Жүгінісова:

Ағасы, әуеніңді бір жаңартып,
Білемін жырың бар ғой сіздің артық.
Үйіңнен қырық кадам шыққаннан соң
Шіркін-ай отырсам деп қызға балқып.
Келіншектің жыны тиіп кетпесін деп,
Бұл ағам отыр ма екен мұңдар артып.
Сіздің-ақ жайыңызбен айтысатын,
Ауылымда жөні жоқ қой бұлданар түк.
Сөз тігісін жатқызып сөйлей білсе,
Бағасы келіншектің қыздан артық.

Жезқанат, ұшқыр ақиық,
Қиялай ұшса, демендер.
Көңілінен шайырдың
Бұлақтай ағыл, өлеңдер.
Кереку жұрты сендерсің,
Өткеннен алып өнеге,
Ертеңі үшін елеңдер.
Ұлыстың Ұлы күнінде
Ақындар келіп жиылып,
Шаттық жырға бөлеңдер.
Жабыдай жолда қалмай ма,
Тарихын үлгі етпегендер.

Абыройының жағасын,
Ешқашан кірлетпегендер.
Құтты болсын Наурызың,
Өлеңнің ашып қауызын,
Ұлыстың Ұлы күнінде,
Дәстүрін құрметтегендер!

Наурыздың ұлы күнінде
Ірі боп, аға, тұрарсың.
Бір салты бар еді қазақтың
Кейінгі ұрпақ дәл біздей,
Қалайша естен шығарсын.
Сал-серілердің жолымен
Сөзімді, аға, ұғарсың.
Қыздардың қағып есігін,
Ер жігіт бұл күн жүред дейд,
Ойымды менің ұғарсың.
Есігімді қақпасаң,
Шал болып қалған шығарсың.

Серік Молдабеков:

Десем мен құнарлы ойды саралайды,
Салдың-ау көңіліме ала қайғы.
Қырықта қылшылдаған Серік едім,
Бұл Серік топтан өзін даралайды.
Қырықта қызға арнап өлең жазған,
Сен осы білесің ғой дара Абайды.
Кемеліне кеп тұрған бұл Серікті
Алмагүл, шал дегенің жарамайды.

Наурызда жақұтыңды теру керек,
Етейін көрген жайдың көбін дерек.
Бұл сынның барлығы да ел қамы үшін,
Қиындық атаулыны жеңу керек.
Кереку мен Семейді қар басады,

Тәңірдің салғанына көну керек.
Одан кейін көктемде су басады,
Бұның да алдын алып көру керек.
Істің мәнін білетін басшылар да
Біраз жыл тұрсын біздің еліме кеп.
Бұл жағдай жылда-жылда қайталанады,
Бірлікпен бұл жұмысқа ену керек.
Жоғарыда ұйықтайтындар көп қой білем,
Ұйқыашарды соларға беру керек.

Арылтар арқасынан басқан жүкті,
Пенделер бұл Наурызды тосқан құтты.
Шын білгір патша тағын құлға сыйлап,
Бір күндік қияды екен бостандықты.

Күпірлік күнәлар да кешіріліп,
Ұтымды айтылады кесім, үгіт.
Таңғалар дәстүріме көрген көздер,
Жалғанар сыйластық пен есіл үміт.

Бір Алла жаратқанда байсалды қып,
Тұнады санамызға жайсаңдылық.
Намыстың отын үрлеп шалықтатсын,
Жылан жылы текті елді қайсарлылық.

Өзіңмен айтысатын шақ туғасын,
Бұрайын Алмагүлге аттың басын.
Белгілі байға шығып алғаннан соң,
Көлденең көк атыны жақтырмасың.
Қазылар екеумізді дәл жұптапты.
Көрген соң жас пен мынау нақ тұлғасын.
Тұсаулы аттың күйін біз кешіп жүрміз,
Көңіліңе кіршіксіз қақ тұрмасын.
Бірақ үйден қырық қадам шыққаннан соң,
Өзіңдей жолықтырдым бақтың басын.
Бақтың басын таптым деп отырғанда

Алмагүлжан тосыннан састырмасын.
Әйелдер қырық айлалы болады деуші ед
Бұл келіншек алдап суға лақтырмасын.

Алмагүл Жүгінісова:

Лақтырып, аға, кетпеймін,
Шынымды байқап, толғап қал.
Талай рет құр кеткен-ді,
Құрылған маған қармақтар.
Аяулы елдің қызы едім,
Бастаңғысына бал жеген,
Салиқалы ойды салмақтар.
Ежелден елеп ерлерін
Шежіресін де тармақтар.
Болмысын ұғып жанымның,
Жақсы жырыңды жолдап қал.
Лақтырады деп әйелдер
Төмендегенше ағасы,
Намысын ердің қорғап қал.
Ежелден елміз ерлердің
Жақсылығын дәл жақтар.
Абыройын көтеріп
Азаматын ардақтар.

Бұлақтай ағыл, өлеңім,
Бұл елге бұрып ат басын.
Айлардан өтіп, жыл есен,
Он үштің қақтық қақпасын.
Өткенім болды жемісті,
Толтырып елдің бакшасын.
Түркі елінің рухани
Астанасы боп өткен жыл,
Тарихтың бетін қаттасын.
Ядролық қаруды
Түбегейлі жапқасын,

Төрт құрлыққа айттық төрелік.
Көрегендігінді мақтасын.
Бар қазақ болды акционер
Тетігін айпио тапқасын.
Самұрық құлап әуеден,
Ондай қайғы елімнің
Қабырғасына батпасын.
Көктемнің басы біздерді,
Әлекке салып жатқасын,
Қар суын кешіп тобықтан,
Толарсаққа мұз қатпасын,
Зілзала оғын атпасын,
Топан су мұңын тартпасын.
Қазақтай қайсар халықты
Бір Алла өзі сақтасын!

Серіктей бүгін ағама
Өлеңді берем сый қылып.
Көтерейін көңіліңді
Бір тамаша күй қылып.
Ақтылы қойды ағытып,
Жер ана төсін идіріп.
Қыз-бозбала жарасып,
Қызылды-жасыл киініп.
Қыдыр келсін жаныңа
Құт-береке жидырып.
Құтты болсын Наурыздың
Береке басы – игілік.

Серік Молдабеков:


Мен саған бола алмаймын мазақ бүгін,
Жолаушы мүсәпірмін аз-ақ құным.
Еркін басып айтысқа сен де келдің
Бұл дағы бойындағы азаттығың.
Үй шаруасы әрине, таусылмайды

Көзіңнен бұл-бұл ұшар ғажап күнің.
Сүйіп келдің айтысты жүрегіңмен
Қиып келдің бір жолғы ләззат түнін.
Жыр десе айтысуға асығатын
Бұл сенің қаныңдағы қазақтығың.

Дәстүрдің тағылымын теріңіздер,
Жыл сайын бұл айтысқа келіңіздер.
Ханның басын еңкейтіп кіргізетін
Киіз үйдің төріне еніңіздер.
Біз деген текті туған жастар едік,
Әрдайым, отаным дер, еліміз дер.
Салт-дәстүрді жаңғырту – мақсатымыз,
Сондықтан болашаққа сеніңіздер.
Жастарым үлкендерден бата сұрап,
Көгеріп көктейтінге сеніңіздер.
Ал енді, қазылардың алқасынан,
Біздерге «Уыз бата» беріңіздер.

Алмагул Жүгінісова:

Үлкендердің алдында,
Батикасынан бата алған.
Аналардың ып-ыстық,
Мейірімінен жаралған.
Көже жасап берейін,
Жеті түрлі тағамнан.
Жеті жұтың келмесін
Күтіп жатсын ақ арман.
Жеті атасын біліп жеткіншек
Шежіре болып таралған.
Жеті қазынаң құт болсын,
Жеті байлыққа саналған.
Ақ сандық ойын ашатын,
Термелеп жырын шашатын.



Жерді жеті айналсам,
Өзіндей аға таба алман.

Ұлыстың Ұлы күнінде
Өлеңім бүгін құйылсын.
Айналайын, ағайын,
Періштелерің жиылсын.
Елдігіңе бүгінгі,
Достарың көріп сүйінсін,
Дұшпаның сенің күйінсін.
Ақындар келіп жиылып,
Төріңе жырдан сый ілсін.
Сарқылмасын дәулетің,
Арта берсін сәулетің,
Тепкілесе кетпес бақ,
Пешенеңе бұйырсын.



«Наурыз» аймақтық ақындар айтысы
(2013 жыл)

Алмагүл Жүгінісова мен Абзал
Қабдраштың айтысы

Абзал Қабдраш:

Бисмиллә сөз бастаса бұл ақындар,
Жағайық сахнадан жыр отын дәл.
Ассалаумағалейкум, аман ба екен,
Қадірін кара сөздің ұғатындар.
Осы залға жиналды деп ойлаймын,
Орындайтын адамдар мұратын бар.
Базарға тауар алып бара қалса,
Мен қазір бір айналып келемін деп
Сол баяғы әдетін қылатындар.
Етігіме су кіріп кетпесін деп,
Салафан киіп алып шығатындар.
Жеті мыңға киім көрсе әңгімені,
Алты мыңға берші деп бұратындар.
Трамвайға кіргенде кондукторлар
Мені көрмей қалсын деп тұратындар.

Шарбы бұлттан жамылған бетпердені,
Алмагүл ғашық қылған көптен мені.
Қылдан нәзік, кірпігің күн беткейлі,
Самарқандық сәуледей сепкендегі.
Қараңғыда жанатын шамшырақтай,
Қос көзің кеудемізге от кернеді.
Көркіне тіл жетпейді Алмагүлдің,
Байқасам бітімінде жоқ кем жері.
Бұлаңдаған беліңнен айналайын
Шыбықтай шылқылдаған көктемдегі.

Жарасады найза мен байрақ ұлға,
Кездестік Керекудің аймағында.
«Жаным сол, қасымдағы қалың қалай?
Сен менің бақытымсың, айбарым да.
Мамық бет, маңғаз дидар, ерке марал,
Меңтай сынды қосылған Майра жырға.
Мен саған аспандағы айды әперем,
Жұлдыздардың жатармыз жайлауында.
Күнім сол, ботаканым, бері карашы,
Жанарыңды көрсетші жайнап ұлға», –
деп бір күні айтыпты шал кемпірге.
Ал сен болсаң қуанып жайнадың ба?
Алмагүл, күлгеніңе карағанда
Сені айтып отыр деп ойладың ба?

Алмагүл Жүгінісова:

Кереку жұрты, армысың!
Өрге жайған өртенді.
Жырға бүгін қосайын
Тектілер туған өлкемді.
Қабыл алғын, ағайын,
Тентегің менен еркенді.
Жырлауға келдім сіздерді
Құлжадай ертіп бөртемді.
Інім едің бір өзін,
Бөліп жейтін бөлкенді.
Әпкенді көріп, әй, бала,
Сезімің неге өртенді.
Құйрығындай бұзаудың
Желпілдете берме көрпенді.
Желпілдей берме, жүгірмек,
Үзіп алармын желкенді.

Бисміллә болып әніміз,
Көктеммен кіріп сәніміз.

Ұлыстың күні ұлы күн
Береке басы Наурыз.
Сандықтан шықсын сары май
Сақтаған әжем сары уыз.
Батикасымен бабамның
Бөленсін жырға жанымыз.
Ұлтымның ұлы мерейін
Ұлықтайықшы тағы біз.
Алтыннан қымбат тұғырлы
Тәуелсіздік барымыз.
Атадан қалған асыл тіл
Абыройымыз, арымыз.
Байрағыңды көтерген
Мәртебелі ханымыз.
Бақытты болып бәріміз
Арайлап атып таңымыз,
Наурыздың нұры шашылсын
Маңдайдан таймай бағымыз.

Ей, Абзал, бала қалайсың
Жаныма келген жыр түйіп.
Қырындап маған қоя ма?
Кеткендей ме жын тиіп?
Тауықты көрген қуанды,
Түлкідей болып тымпиып.
Аш қасқырдай жалақтап,
Екі көзі жылтиып.
Жұтынып келген баланы,
Біздер де біраз сілкіік.
Сабағың қалай жақсы ма?
Жүр ме екен ауыр шын тиіп?
Жаныма батты кеткенің,
Шүйкедей болып шүңкиіп.
Қыстан күйсіз шыққандай,
Имектей болып ілмиіп,

Ырғайдай болып қылқиып.
Арық койдай қалыпсың,
Абзалжан-ау кіртііп.
Көтерем қозы секілді
Құлап қалмашы сылқиып.

Шұбатын жырдың сауайын,
Атан түйе сойдырып.
Жыл бойы және сақтаған,
Сабадан қымыз құйдырып.
Жібереіін өзінді
Көжесіне жырдың тойдырып.

Абзал Қабдраш:

Алмагүл, мен де өзіндей ақынмын ғой,
Қасыңызға жайғасып отырдым ғой.
Сахнаның артында «қайным» дедің
Сахнада «інім» деп атылдың ғой.
Оны қойшы оңашада анда-санда,
«Ботам, бері келші» деп шақырдың ғой.
Туыстық қатынастың бәрін айтып,
Мына менің миымды қатырдың ғой.

Наурыз келсе бәріміз мақтанамыз,
Ұлттық киім киіп шаттанамыз.
Қайран қазақ Наурыз күні ғана,
Кәдімгідей қазақи боп қаламыз.
Наурызға дейін де киінгендей
Неге ұлттық киімнен сақтанамыз.
Сол күні алтыбақан теуіп жүрсек,
Ертеңінде қайтадан тоқталамыз.
Дәстүрін ұмытқан ел болмайды,
Ұрпақтың тәрбиесіне сақ қараңыз.
Есті жұртым, жинашы есіңізді,
Сөйте берсек табанға тапталамыз

Қайығымыз тесіліп күн жарықта,
Теңіздің ортасында қап қоямыз.

Ел сізді теңейді ғой дара жанға,
Мықтырақ болу керек маған онда.
Алмагүлмен айтысқан көп жігіттер,
Жеңіліп қалады деуші еді аламанда.
Қақпанына барлығы түседі екен,
Қасқырдай қойды жарып талағанда.
Сілкіп-сілкіп аламын деп қояды,
Қасына қарсылас боп жарағанда.
Алмагүл бұл қулық па, қақпан ба екен?
Өзіңді мықты екен деп санағанда.
Мен бүгін Алмагүлден сақтанайын,
Сақтығымды паш етіп бар адамға.
Аңшылардың қақпаны ойыншық қой,
Әйелдің қақпанына қарағанда.

Алмагүл отырса егер бақтасым боп,
Өзің жайлы сөз айтам топта сүрлеп.
Сен әуелі Ертісте тұрған кезде
Екібасқа тіредің ат басын кеп.
Сол жылы Ертісте егін шықпай қалды,
Қоймалардың ақтарса қақпасын кеп.
Жуырда Астанаға кетіп қалдың,
Екі бастың сыпырып ноктасын дөп.
Екібастұзда мал қырыла бастады ғой,
Бұл енді тарихтағы нақ қасірет.
Кеткен жерін құр кетпей бүлік қылған,
Бұл қызың отыр менің топтасым боп.
Енді қорқам сен келсең Астанадан,
Бәйтерек жерде құлап жатпасын деп.
Аллаға дұға қылам Алмагүлді
Қазақстаннан кетуден сақтасын деп.



Алмагүл Жүгінісова:

Әй, Абзал бала – баласың,
Бұл бала бері карасын.
Айырып сөйле, балақай,
Сөзіңнің ақ пен карасын.
Кеткеніммен Ертістен,
Жырға қосқанмын даласын.
Өлеңге бөлеп жүрмін ғой,
Екібастұздың қаласын.
Астанам – асқақ Ақ ордам,
Күн сайын жайнап барасың.
Бетіңнен қақпай отырсам,
Бетіңмен кетіп барасың.

Айтысамын деп менімен,
Бұл бала бекер жатпапты.
Талай ақын жиылып,
Найзасын бұның саптапты.
Сауытын жырдың кидіріп,
Алтынменен аптапты,
Күміспенен қаптапты.
Алмагүлді жеңгін деп
Талай жырды жаттапты.

Тайдырмай мүлде тағасын
Еңсесі биік Шаңырақ
Салтымды ұлықтағансың.
Бәйтерегіңнің басына
Бозторғай жұмыртқаласын.

Абзал Қабдраш:

Алмагүл табанға кеп таптайды ғой,
Шын ақын босқа сөйлеп отпайды ғой.
Бетіңнен қағып алам деп қояды,
Осы сөзден жігерім тоқтайды ғой.

Біздің қазақ қашанда қарап тұрсақ,
Болар ұлдың бетінен қақпайды ғой.
Жас ағаштың жемісін жеймін деген
Түбіне кеп балта шаппайды ғой.

...Гангамстайл төрде тұр, ал казаки
Әндердің көзінен жас тамшылаған.
Мағынасыз әніне мақтанып жүр
Пидбуль секілді әнші балаң.
Әрбір әні татитын әр ғасырға,
Қайран кеткен Естай мен Шәмші бабам!

Алмагүл, болсаң дағы таң шуағы,
Сені жеңіп қанар ма жан құмары.
Бейбіт пен Тілекпен айтысқанда,
Екеуін дырылдатып қамшылады.
Қуанышты құлатты қуып жүріп,
Санадан саңлау таппай сан сұрағы.
Азаматтың құлағын бұрап алып,
Күліп тұрып қойнына қар сұғады.
Еркек көрсе ауруы қозатұғын
Қаһарың сенің қашан таусылады.
Енді келіп жастарға ауыз салдың,
Азуыңның шұбырып тамшылары.
Айтып-айтып аузын жаптырмасам,
Мынаның басып барады қарсылары.
Бірақ сен арадағы ақын қызсың,
Жеңем десем ұятым аршылады.
Қысқасы, қасиын десем қан шығады,
Ал қасымайын деп тұрсам, жан шығады.



Алмагүл Жүгінісова:

Ұлыстың Ұлы күнінде
Ашылсын жырдың сандығы.
Бейбіт пенен Тілекті,
Қуанышты жеңдің деп,
Айтылды ұлдың таңда үні.
Білемін олар ерке еді,
Асылдың қалған қалдығы.
Қатып қалған ешкім жоқ
Осында жүр ғой барлығы.

Ал, Абзал, тілек айтайын,
Қырандай биік самғарда.
Еліңнің айтып мұң-жырын
Қанатты қағып таңдарға.
Мақтаса біреу, мақтаса,
Шіреніп оған паңданба.
Еліңнің жырын айтқайсың
Бір тамшы қаның қалғанда.
Мұратың болсын мәуелі
Жете бер биік арманға.



**Екібастұз қаласында өткен «Атамұра»
мәдениет орталығының 20 жылдығына
арналған облыстық айтыс**

**Бейбіт Бөжен (Павлодар қ.) мен Алмагүл
Жүгінісованың (Екібастұз қ.) айтысы**

Алмагүл:

Береке, бірлік қалпымыз
Армысың, жас пен қартыңыз,
Тойбастарменен гүл беріп,
Сыйлап жатыр ғой халқымыз.
Ата салтын ұлықтап,
Жиналған едік жалпы, біз.
Басымыз алтын болса да,
Жігіттің жолын кеспейтін,
Біздің де қатал салтымыз.
Тыңдағанын таң қылып,
Жігерін жұрттың жандырып.
Сондықтан, Бейбіт, сен баста,
Азамат деген қашан да
Құрметке лайық атыңыз.

Бейбіт:

Ай болса екен, арулардың сәні сендей,
Келсе де сөзіміздің мәні сендей.
Азамат деп жол беріп отырсың сен,
Қалмайды қауызыңда тары сендей.
Қалың елім гүлденіп кетер еді,
Қыздарымның болса егер бәрі сендей.

Ай, Екібас ерен елдің сай сарасы,
Күніге туғанынан тайпалатын.

Отыз көлің түйіскен Жайылма бар,
Заңғарлардан қағатын ай қанатын.
Шідерті мен Өлеңті өлең төсеп,
Шідерлемей жіберген байғара атын.
Бес жасар баласының болмысынан,
Батырлық, батылдығы байқалатын.
Бес метр арканымен ат ауыздап,
Бес сағаттың ішінде майқалатын.
Ассалаумағалейкум, арда казак!
Бес күндікте биік ұстар байтақ атын,
Ортан жілік сындырып, ер жігіті,
Есепсіз бесті мініп шайқалатын.
Табанынан таусылып кредит алып,
Балағына сүрініп, қайтаратын.

Ай, қашанда күресші ғой жігіт деген,
Өмір бізді жетелер үмітпенен.
Көлеңкеде қалмайтын ақын едім,
Күмілжіп қашандағы күдікпенен.
Қазақ сенің басыңа не түспеді,
Тағдырыңда байланған шүріппемен.
Бір кездері Екібасты орыс жайлап,
Шовинизм пиғылын бұрып келген.
Түсіпхан, Жүрсін дейін ағаларым
Сол кезде, отырмады бұғып төрде.
«Атамұра» орталығын құрып берді,
Ұлықтап сөз айтты да ұлық төрден.
Айтысты жаңғыртты ғой Жастілектер,
Жұмақта Жұма ағандар шовинисті сынап берген.
Осындай ағалардан айналайын,
Аяулы Атамұраны құрып берген.
Ай, өмірдің сан шешіліп сұрақтары,
Ақының төрге келіп тұрақтады
Атамұра 20 жасқа келіп жетті,
Дәстүріңнің жанғандай шырақтары.

Ортамызда Жұмкендей ақын отыр,
Балалары – сарқылмас бұлақтары.
Сол Жұмкеннің дәл бүгін туған күні,
Өлеңімен қалың жұртқа ұнап қалды,
Ағайын, қошеметтеп құттықтандар,
Ақынын қалың елі жылатпады,
Жұмкен аға, орнынан тұрып қойшы,
Бұзбаған тыныштығы қынаптағы.

Жүзінді қарытқан мұз секілді,
Осындай көркіне бір қарап отсам,
Қорландардан жалғасқан із секілді.
Мен білетін сен келіншек емес пе едің?
Сезімің әр жігітке сыз секілді.
Басыңызға үкіні тағып апсың,
Бүгін-ертең ұзатылар қыз секілді.

Алмагүл:

Бисмілла, сөзді бастайын,
Талмасын бүгін жақ-үнім,
Атамұраға 20 жыл,
Алашқа болған мағұлым.
Аталарым, келдің бе?
Тарихқа болып тағылым.
Аналарым келдің бе?
Көрсетіп бізге тәлімнің,
Аруың шықты алдыңа,
Шаттықтың қағып дабылын.
Сендерді жырға бөлейін,
Сөнгенше бойда жалыным.
Атамұра – құтты орда,
Тереңге тартқан тамырын.
Өнерге қосқан үлесім,
Менің де батпан бағым бір.



Қазақтың ұлы өнерін,
Қолдасын көкте тәңірім.

Қилы да қилы заманда,
Қазаққа қорған хақ болған.
Семсерін сертке суарған,
Бабамыз біздің сақ болған.
Салтымды сақтау мұрат қой
Ықылым сонау шақтардан.
Ата-бабамның діні мен
Анамның тілін ап қалған.
Атамұра ізгі үміт
Орындалған тәтті арман.
Қасымжановтың еңбегі
Есінде елдің сақталған.
Азаттығыңның жолында,
Қазақтығыңның жолында.
Кешегі Жүрсін Бәтендер,
Қилы да қызмет атқарған.
Ұлт үшін туған ұлдарың,
Алдында сөнбес от қалған,
Қалыдан кілем жаптырған,
Үкісін жырдың тақтырған,
Сабыржандар мен Серікке
Айтыста биік тақ болған.
Атамұрам ардағым,
Алты алашқа бақ болған!
Халықты оймен тербетіп,
Қанатын қақсын кептерім.
Осында өтті жазым да,
Осында өтті көктемім.
Жетектеп барып тұңғыш рет,
Айтыстырған Бейбітпен
Жастілек Қалиұлының
Парасатымен көктедім.

Содан бері өтті талайлар,
Сағадат Құсайын ағайлар.
Жүрсіндей жайсаң бектерің.
Өнерді талай сүйіп ек,
Анар мен талай кептерім.
Ералиқызы Күлшат та
Жарқ етіп кетті-ау жалғаннан.
Дүние деген өтпелің.
Қанат берген канатқа,
Талап берген талапқа,
Осылар менің өткенім.
Өмірлік менің мектебім.
Бауырым, Бейбіт, қалайсың?
Қарайсың несін сүзіліп?
Маған құрған қақпаның,
Алдыңда тұр ғой тізіліп.
Жауар бұлттай қаптаған,
Елден жүйрік ақтабан.
Адуын шалдай ақырдың,
Көк есектейін бақырдың!
Айқайлайсың несіне,
Қабағыңа күз іліп.
Ежелгі жауың мен едім,
Мені көрсең әдетің
Кететұғын қызынып,
Тең деген бар теңімен
Айтысам деп менімен,
Кеңірдегің, байқұс-ау,
Кетпесінші үзіліп...
Сен бір қыран жігітсің,
Қара өлеңге тым ұста.
Үзілгенше өмірің,
Өлеңмен ғана тыныста.
Додаға түссең шаршамай,
Жаңа аршыған аршадай,



Қиуын тапса қолында,
Қылпылдайды екен қылышта.
Өлеңмен болған сырғасы,
Сұлумен сында тұрғасын,
Тасбақа дайын тырыспа,
Құрбақа дайын құрыспа.
Желкілдетіп ту ілген,
Қияннан ұшып қу ілген.
Сайманыңды сайлап ап,
Дайындал енді ұрысқа.
Айтысқа келген әлеумет,
Аруын бүгін қолдайды.
Бір тал үкі деп басыңда
Бұл Бейбіт нені жолдайды?
Сөзіңіз емес күлкілі,
Бұл айтқан сөзің біртүрлі.
Өзіңе қарашы алдымен,
Бұл сөзді елім қолдайды.
Бөркі болмас жігіттің,
Періште басына қонбайды.

Бейбіт:

Ай, Алмагүл, сөзіңмен оңдайсың ба,
Әдемі жырларыңды жолдайсың ба?
Басыңа періште кеп қонбайды дейді,
Осы сөзіңе біртүрлі тоңбайсың ба?
Біздің басқа қонбайтын періште жоқ,
Өзің келіп, Алмагүл, қонбайсың ба?
Ай, өлең болды халыққа жайғанымыз,
Айтыс десе қашаннан найзалымыз
Мен үшін сайманыңды дайында деп
Не дейді, қасымдағы Айғаным қыз.
Сен дағы көрікті емес пе едің,
Көріктіге дайын ғой сайманымыз.
Бір басына берілген қандай көрік?

Біздің жаққа берілген маңдай бөрік.
Өзіңменен айтысқа шыққан кезде,
Төбемнен күлімдейсің таңдай болып.
Мені көрсе қатуланады деп айтады,
Жанамын ғой, Алмагүл, шамдай болып.
Өзіңді көрген кезде көз ілемін,
Жүйрікке жеткізбейтін тайдай болып.
Сені көрсем біртүрлі ерімін ғой
Күн астында қап қойған майдай болып!

Пай! Әнге бөлеп, кетейін сахнаны,
Қара өлеңнің бұзбаған парқын әлі.
Ағайынның бір жасын жеткізейін,
Содан менің жүрегім опынады.
Осы күні өмірден көмір қымбат,
Әділеттің тыңдамас отын әлі.
Екібастан мың теңгеге тиелгенмен,
Ауылдарда он мыңға сатылады.
Зейнеткерлер зейнетін көрмей жүр ғой,
Тоңазып құл бұл жақта тоқырады.
Кемпір мен шал күні-түні қиын жағып,
Аспаннан ай туардай отырады.
Ата-анасы үстіне тон жамылып,
Балалары пима киіп отырады.

Ақ жолдап кеткенде бір аймаққа бір,
Жан едім сұлу сөзден сайлатқаным.
Инвестор кеп жерінді сорып жатыр,
Көрдік қой талай көзбен жай-жапсарын.
Қазақтың арғымағы қорада тұр,
Сапырдық ағыстың да қаймақтарын.
Ақ сүттің сары суын қазақ үшін,
Шет ел жеді уыз бен қаймақтарын.
Ай, көрейін әуелі мен тағы салып,
Алмагүл, қалжың жаққа барысалық.

Қыз бен жігіт айтысы болушы еді,
Демеймін ол түріммен табысалық.
Акындардың төбеттері біз екеуміз,
Әдемі әуенге, әнге салысалық.
Саған келді күн туып осы жерде,
Кел екеуміз жайлы сөзбен жарысалық.
Өмір бойы бір-бірімен сыйыспайтын,
Кемпір менен шал болып қағысалық.

Алмагул:

Қызуы болмас қашанда,
Көңілсіз киген жемпірдің.
Мынау Бейбіт кемпір деп,
Ашуымды келтірдің.
Екі көзің алақтап,
Қызыл тілің салақтап.
Байланып кетіп жүрмегін,
Қанжығасында кемпірдің.

Ел мұңын айтып бұл Бейбіт,
Жырларын солай селдетті.
Пима киіп отыр деп,
Көз жасын тағы көлдетті.
Ғасырдан-ғасыр жалғасып,
Бабамның әні өлмепті.
Өнерпаздарың өнерлі,
Өлеңмен биік өрлепті.
Бастағы әдебиеттің,
Басшысы мәдениеттің,
Айжан Хамзақызына,
Айтайын өлең өрнекті.
Мектебім менің осал ма?
Шындықты айт деп үйретті.
Мәдениетін ауылдың,
Көтереміз деп бұл күнде.

Домбырасын бұл күнде,
Атамұра күйлепті.
Өнерпаздарды жиып ап,
Ауылға бару жиілепті.
Ол жақтың жолы қай бір жол,
Бұралаңдатып билетті.
8 жыл бұрын сыйлаған,
Ақ газельден де сый кетті.
Талай рет жолда тоқтап қап,
Өнерпаздарың сүйретті.
Осы ғой шындық сөзіміз,
Айжан ханым, өзіңіз,
Машина жайын шешпесең,
Әншілерден де күй кетті.
Селкілдеп барып ауылға,
Селкілдеп барып қайтам деп.
Өрелі өнерпаздарың,
Түсірер болды күйбекке.
Ортекедей ойнақтап,
Оймақтай бастан ой қашқан.
Азулыменен айқасқан,
Білектіменен шайқасқан.
Баһадүр Бейбіт сен едің,
Аяғың маң-маң жай басқан.
Отызда орда бұзбай-ақ
Қарыныңды неге май басқан.
Үш-төрт жыл бұрын бұл Бейбіт,
Казтрансойл дейтұғын,
Жаксы бір жерге жайғасқан.
Әйтпесе сыптай жігіт ең,
Арғымақтайын ойкастар.
Халықтық айпио келгенде,
Фирмаң сатқан акцияның,
Жартысын өзі алыпты,
Баюды бастан ойласқан.

Бұл күнде аға іні көп,
Жеуге келгенде жол бермес,
Ат тұяғын тай басқан.
Байлығын елдің жымқырып,
Шет елге талай бай қашқан.
Байқаймын, сен де талтаңдай,
Жемсауы толған жемқордай,
Балпиып апсың өте тым.
Дәл қазір әбден майланған.
Ақын Бейбіт ең сен кеше,
Акционер Бейбіт есімің.
Акциянды ертең-ақ,
Саудаларсың қымбатқа,
Дұрыс қой, Бәке, шешімің.
Үкіметке мың алғыс,
Акционер етіп халықты,
Жылжытқан алға көші мың.
Қарының анау кампайып,
Жайлы орынға жантайып,
Тез болды сенің өсуің.
Ақшаға басың айналып,
Байлыққа бағың байланып.
Қаймана мынау халыққа,
Тимесе болды кесірің.

Бейбіт:

Еей... Алмөш!
Қиналма дұрыс жолмен жүргіземін,
Алтын сарай ішіне кіргіземін.
Мен деген акционер емес пе едім,
Мойыныңа бриллиантты кигіземін.
Әкімнен газель сұрап отырсың ғой,
Алмагүл, мерседеске мінгіземін.
Еей, кемпір!...

Байқаймын, мына шалмен таласы бар,
Кемеңгер бойындағы бағасы бар.
Мен кешегі герой шал емес пе едім?
Бәйбішеден 18 баласы бар.
10 емес 14 құрсақ көтерсе де,
Маған тиген кемпірдің бағы ашылар,
Бір колхозға председатель болған шалмын,
Бір кемпірді сындыратын шамасы бар.
Гараждағы москвич АЗЛК
Аз десеңіз жигулидің жаңасы бар.
Пенсия жетеді ғой екеумізге,
Қаласаң голоштың да парасын ал.
Әй, кемпір, пенсиясы көп шалдардың,
Бір партия жасайтын шамасы бар.

Алмагул:

Біздерге Алла жар болар,
Артында қалды Павлодар.
Кемпір мен шал дейтұғын,
Сөзіңе жұртың таң қалар.
Кемпір дейді ме бұл мені,
Баланың тілі бал болар.
Қыздың жасы 18.
Бабамнан қалған сол болар.
Мәдениетті елдің баласы,
15-інде ақ сал болар.
Өсетін елдің баласы,
Бірін-бірі батыр деп,
Жая менен жал болар,
Өспейтін елдің баласы,
30 жасында шал болар.
Өркениетті елдің баласы,
70-тен асып тұрса да
Нұрсұлтан Назарбаевтай
Қасқайып тұрып хан болар!

Кемпір дегенің, ай, Бейбіт,
Отырған анау аналар.
Аналарда білесің,
Алтыннан қымбат баға бар.
Кемпір деп оны кемсіткен,
Өзіңде қандай сана бар.
Алмагүл енді қамшысын,
Қолына алып сабалар.
Мейірім махаббатымен,
Шұғылалы шапағатымен,
Он сегіз мың ғаламды
Тербетіп тұрған аналар.

Кемпір демей-ақ, ай, Бейбіт!
Ару деп менің жаныма
Сыйлап кетсеңші тамшы нұр.
Мен сенің барша сырынды,
Жұмыртқадайын аршыдым.
Мен болсам жүрмін ғұрыптап,
Түркияға дейін ұлықтап,
Бабамның бүгін салты үшін,
Уайымды ойға жаншыдым.
Ал сен болсақ кекіріп,
Тойғаныңа секіріп.
Кемпірден ұзай алмайсың,
Осы ғой сенің бар шының.
Ауылынан ұзап кетпейтін,
Мәстегіндей малшының.

Бейбіт:

Келгенде қара өлеңді тағаласып,
Кетейін Алмагүлді бағалатып.
Қыздың жасы 18 деп қояды,
Әуенің әр сөзіңмен араласып.

Үйіңізде бар еді, қос қызыңыз
Кетпейді-ау сенің дағы санаң асып.
30-дан асканыңша, Алмагүлжан,
Қыздарыңмен жүресің бе жағаласып.
Әй, менің де көңілімді түрнектеймін,
Жаман сөзді қашанда күрмектеймін.
Аналарды жамандап отқан жоқпын,
Анаға қашан жақсы сөзді ілмектеймін.
Ер жігіттік басым көрге кеткенінше,
Әжелер мен аналарды құрметтеймін.



**Екібастұз қаласында өткен «Атамұра»
мәдениет орталығының 20 жылдығына
арналған облыстық айтыс**

**Оңғар Қабденов (Павлодар қ.) пен Алмагүл
Жүгінісованың (Екібастұз қ.) айтысы**

Оңғар:

Бисмілла, шабытымды нұрға көмдім,
Құмары таркамас деп жырдан елдің.
«Атамұра» той тойлап жатқаннан соң,
Ат басын Екібасқа бұрған едім.
Кешегі Жүрсін салдар көтеріп кеткен,
Туы да құламасын жырдан елдің.
Тойыңның көркін бүгін қыздырайын,
Аямай шапалағын ұрған елдің...
Ағайын бізге мойнын бұрып қойсын,
Ақынның не айтпағын ұғып қойсын!
Қалайсың, айтыстағы жалғыз «кемпір»?
Құлағын оған Алмұш түріп қойсын.
Бағана Тілек сені, әкесіне тоқал қылып,
Бір ойын бастап еді, бүліктей шын.
Соны естіп Жұмкен ағам жетіп кепті,
Оны естіп мына халық ұғып қойсын.
Алмагүл, бұл сөзім өтірік деп отырсаң,
Орнынан Жұмкен ағам тұрып қойсын...

Сондықтан тебіrentпей шетке мүлде,
Алмагүл, бір биікке беттедің бе?
Болашақ шалыңыз анда отыр,
Жеткізер он сегіздің көктеміне.
Биікке де сені қымай жүр едім ғой,
Өзіңнен таба алмай өкпе мүлде.
Бозбалаға айырбастамас қыз едің ғой?!
Қор балып Жұмкен шалға кеткенің бе?

Алмагул:

Додаға талай кіргенмін,
Қан мен тер болып көйлегім.
Намысы үшін сендердің,
Алқалы топта сөйледім.
Нәзіктігімді сұрасаң,
Тоғжан менен Әйгерім
Батырлығымды сұрасаң,
Кешегі Гауһар анадай!
Қалың ерлердің қасында,
Қасқайып қылыш сермедім.
Ерлігімді сұрасаң,
Алдына түстім бәйгеңің.
Финалға өткен бес жігіт,
Бес саусаққа сай едім.
Бес саусағым саялы,
Мен алақанмын аялы.
Затым нәзік демесең,
Бесеуіңнен кем қай жерім?!
Есі бар, есті жігіт деп,
Ойлап жүрсем сені мен.
Атағы бүгін асса да,
Шабыты бүгін тасса да.
Жұмкенді, ойбай, қайтемін!
Тең деген бар ғой теңімен.
Айтатыны өтірік,
Қос езуі көпіріп.
Сылдыр суайт Тілектің
Сөзіне сен де сеніп пе ең?
Әперемін деп Жұмкенге,
Армандап балаң қалғасын.
Әркімнің қолы жетпестей,
Биікте өсу ар қалсын.

Алмадан қадір кетпей ме?
Ауызға біреу салғасын.
Көмірі қызу жайнаған,
Өмірі гүл-гүл жайнаған.
Екібастұзым өрелі,
Берер ме тегін Алмасын?!

Оңғар:

Алмагүл серілерге із секілді,
Жібітер жүректерді мұз секілді.
Отызда деп Алмагүлді кім айтады,
Ару әлі көргем жоқ сіз секілді,
Сызылып сөз бастаса таң қаламын,
Паспортын кеше алған қыз секілді.
Сөзінің таң қаламын балдайына,
Жұмкен ағамды салдың ғой сары уайымға.
Бағанағы Аспанбек қаңғыбас еді,
Оның да көз жеткізіп жағдайына.
Алмагүл одан өткен қаңғыбас ед,
Осылай мен жырымды жалғайын да.
Аспанбек Қазақстаннан аспай жүрсе,
Алмагүл Түркияға самғайды ма?
Бір жазда Түркияға екі барад,
Осылай салынбайды сары уайымға.
Ылғи қаңғыбастарды қарсылас қып,
Құдай-ау, не жазып ед маңдайыма.
Сондықтан сөздің мәнін ұғар едік,
Өзіңе сөз бастайын бұра келіп.
Мына жақта шалдарға таласқанша,
Сөздің мәнін өзіндей ұғады елік.
Түріктің бір байына тию керек ед,
Әрине қалжыңымды ұғар дедік.
Қазақстан телеканалын білесіздер,
Бұл жағына мойынды бұрар едік.

Түріктің сериалдарын көрсетпейді,
Бұны айтып біз үрдуден шығар едік.
Бір түрікке әйел боп тиіп алсаң,
Сериалдарды тегін алып тұрар едік.

Алмагүл:

Бұл маған «қаңғыбас» деп атақ берді,
Еңбек еткен жан едім елдік үшін!
Оңғар-ау, байқап, байқап сөйлесенші,
Бір кісіге жетеді белді күшім.
Той тойлап, қой басын жеу абырой ғой,
Қарап тұрсам Оңғар жан сендік үшін.
Әдет пен салт-ғұрпымды таныту ғой,
Осылар абырой ғой мендік үшін.
Естайдай бір ұлды туғызып сен,
Бұл елге танытсаңшы елдік ісін.
Бітіре алмай жүрген жан белдің ісін,
Қайдан ғана ұғынсын елдің ісін.
Түрікке кет деп сен маған,
Сөйледің неге жауларша?
Ауылынан ұзап шықпаған,
Пенделер қайдан біледі.
Туған жердің қадірін,
Сөйлегенімен хандарша.
Түрікке кет деп отырсың,
Қасқайып енді хандарша.
Ақшаға кетпен сатылып,
Кеудемде егер жан болса.
Өз еліме кеп өлейін,
Өзге елде ханша болғанша.
Түркияға бардың, – деп,
Тағы да маған тіл қаттың.
Сериалды тегін алам, – деп,
Осылай маған үн қаттың.

Түрік жерінде қазақ боп,
Қасқайып тұрып тіл қаттым.
Анкараның елінде,
Алаштың айтып, мұң жырын
Көзімнің жасын құрғаттым.
Ертістің айтып сәлемін,
Сөйтіп, бойдағы қазақы,
Қанымды бір тулаттым.
Мехмет бидей мәрттерге,
Қазақтың әнін тыңдаттым.
Осыдан кейін сендейлер,
Қалайша қақпан құрмақ кім?
Әр қазақ менің асылым,
Бар қазақ менің қымбаттым.
Ақын боп Оңғар сен дағы
Еліңе арнап балдай жыр
Ойнап жүрсің «Ойнада»,
Театрда самғай бір.
Ала таңнан доп қуып,
Футболда бірге жүресің,
Дегенмен бағың жанбай жүр.
Отызға жасың жеткенше,
Ойының әлі қанбай жүр.

Оңғар:

Ұл туғызу біздерге себеп боп тұр,
Әңгімесі Алмагүлдің бөлек боп тұр.
Негізі менің бір ұлым бар еді ғой,
Бұл дағы айтар елге дерек боп тұр,
Ерқайнар деп есімін қойған едім,
Есімі сол жұрттан бөлек боп тұр.
Бұйырса екіншісі дайын болады,
Оған сенің көмегің керек боп тұр...

Осылай жатса қайтып, толымдар ой,
Ниеті Алмагүлдің молында ғой!
Театрдағы әртіссiң, – деп бәрі тисед,
Бұл Оңғар ұлы өмірдің жолында ғой!
Байқасаң бұл өмірде театр сынды,
Ол театр ықылымнан орында ғой,
Екеуміздің қаншалықты ғұмырымыз,
Көктегі режиссердің қолында ғой.

Осылай бастар болсам мәнерлеп жыр,
Дегбіріме мынау неге әрең деп жүр,
Футболист деп сондықтан бәрі тиісед,
Ағытсам мынау елге сәлеммен жыр.
Екібастұздық Қуаныш Бегалин досым еді,
Өзіндік қол таңбасын мәнерлеп жүр.
Қазақтар доп тебе алмайды дегендерді,
Екібастұздық Бегалин дәлелдеп жүр...
Алмагүл асқақ әнге салар едің,
Қасымда қосарласып шабар едің.
Түркияға күйеуге шықпаймын деді,
Оған мен қалай кінә тағар едім.
Әпекеме барамын деп сылтауратып,
Жыл сайын Анталияға барар едім.
Одан соң түріктердің жағажайында,
Қыздырынып құмға ойнақ салар едім.
Түріктердің сериалын көре алмаған.
Үміт артып отыр ғой саған елің.
Шіркін-ай! Қашан «Денизді» көрем деген,
Әжелеріңнің алғысын алар едің...

Алмагүл:

Түркияға барам деп,
Жайғасты Оңғар жаныма.
Жолың болсын ендеше,
Айтайын тілек тағы да...

Жалмаңдаған жалмауыз,
Жоламасын жаныңа.
Аса берсін сәулетің!
Арта берсін дәулетің!
Бес килограмм бақ берсін!
Екі килограмм басыңа...
Қыздырып жырмен кетейін,
Қызынып сөйлер жерде мен.
Қандырып мынау кетейін,
Халықты мынау шөлдеген.
«Атамұра» айбыным,
Тарихты талай көрген ең.
Александр Верещак
Өнері үшін казактың,
Құлашты кеңге сермеген.
Бір кездері орданы,
Өз қазағым жабамын, – деп,
Тектен-текке терлеген.
Сол кезде осы ағамыз,
Намысты қолдан бермеген.
Ақсақалдарды жиып ап,
Мұрасын ата теңдеген.
Атамұрасын ап қалған,
Құлагер еді кердөнен.
Сондықтан осы ағамның
Шоқтығы биік өрлеген.
Халық едік қой кашанда,
Қонақты теппес кеудеден.
Бүгінгі көшті жылжытқан,
Нұрсұлу Еркебайқызы
Жалыны бойды кернеген.
Айжан Хамзаққызы бар,
Мәдениетті жетектеп,
Көмегін талай көрген ем.
Ауылдық клубтарына,

Күрделі жөндеу өткізіп,
Қаржыны бізге бөлген ең.
Мәдениетке деген көзқарас,
Шамшырақтайын сөнбеген.
«Атамұраны» қолдаған,
Сендей-ақ болсын ел деген.
Есігінен құт кіріп,
Бесігін Қыдыр тербеген.

Оңғар:

Айтатын Алмагүлдің жыры бал шын,
Оны да мынау елім ұғып алсын.
Атамұра үйретсе салт-дәстүрге,
Рухты болып ұрпағы шынығарсың.
Нұрсұлу апамызға мың рахмет!
Ұлы істерін халқы да ұғып алсын.
Халайық қаншалықты қолын соқса,
Соншалықты Алланың нұры жаусын!..
Мәнді сөз айтпау енді алқаға сын,
Ағайын құлақ қойып алқаласын.
«Атамұра» кеп жатса 20 жасқа,
Кеңейіп бір қалғандай арқа басың.
Облыстан ақын жинап айтыс жасап,
Шабыттың шалқар күйін тарта аласың.
30 жылдық тойыңа жеткеніңше,
Қызығы қызуыңның тарқамасын...
Халықтың керемет қой көңілдері,
Орының бөлек, ақын, өмірдегі.
Екібастұздың азайды деп көмірлері,
Естіп едім мәліметті сол жөніндегі.
Екібастұздың азайса да көмірлері,
Тұрғындардың ұзақ болсын өмірлері...

Осылай сабақтасақ жыр атбасын,
Қоштаспақ енді бізге бірақ та сын.
Арқат ағам ұстады микрофонды,
Акындар сахнадан жырақтасын.
Түсіпхан ағам тіккен байрақ туды,
Екібастұз ешқашан құлатпасын!



**Екібастұз қаласында өткен «Атамұра»
мәдениет орталығының 20 жылдығына
арналған облыстық айтыс. Финал**

**Қуанышбек Шарманов (Павлодар қ.) пен
Алмагүл Жүгінісованың (Екібастұз қ.)
айтысы**

Қуаныш:

Айтылса ақыныңның сүйікті әні,
Кеп тұрмыз бойға күшті жиып тағы.
Үшінші айналымға шыға келдік,
Жүгіміз сәл ауырлап иықтағы.
Бұл да болса Алланың қалауы ғой,
Бұл да болса Алланың бұйыртқаны.

Алмагүл, ару ма едің бүлдіргендей!?
Жалынды жырларынан түн күлгендей.
Қасыма аман-есен кеп қалдың ба?
Болайын халіңізді шын білгендей.
Көптен бері өзіңмен жолықпап ем,
Боп қапты қабағыңа мұң кіргендей.
Айтысқа түстің талай жастарменен,
Олар сенің көңіліңді бүлдіргендей.
Қадірі хан қызындай Алмагүлді,
Алма мойын үйректей ілдіргендей.
Қой көрмеген қуалап өлтіреді,
Дегеннің керін олар білдіргендей.
Өзіңдей ұлағатты аналардың,
Қадірін біз білмесек кім білгендей?!

Таң қылмас Алмагүлдің жыры кімді,
Білеміз айтыстағы дүбірінді.

Екібастың беделін аркалаған,
Нар кескендей намысың бүгін үлгі.
Жаулықтының тегінен болсаң дағы,
Күресте босатпайсың буыныңды.
Төбедей жігіттерді құлатасың,
Төбеңе түйіп алып бұрымыңды.
Бірақ та оған несін таңғаламын
Бабамыз батыр болған ірі құнды.
Арғы тегің тірелер Томириске,
Сақ патшасы білмейтін бүгілуді.
Ерекше сипаттарың тағы да бар,
Алуан-алуан өнерің білінулі,
Әрі акын, әрі әнші сценаристсің.
Сан қырынан көрсеттің біліміңді,
Қысқасы, бұл Алмагүл супер сұлу,
Қысқаша баяндасам ғұмырыңды.
Мен сені осыншалық мақтап отырмын,
Ал, сөйле, төмендетпей тұғырыңды.
Мақтаған қыз бірдеңе бүлдіруші еді,
Көтеріп кетпегейсің мұрыныңды,
Күшеніп мұрыныңды көтергенде,
Танытып қойма тосын қылығыңды.

Алмагүл:

Қуанышпенен жұптасып,
Түсіп тұр міне, тағы сын.
Ағын судай ағылып,
Шалқысыншы шабытым.
Бір қолмен әлем тербеген,
Бір қолмен бесік тербеген.
Ешқашан қолдан бермедім,
Ақжаулықтылардың намысын.
Естайдай дүлдүл бабамыз,
Дүбір сап өткен осы маң.

Қос жүйрігің келеді,
Бәйгеден жұртым тосып ал.
Бұл Қуаныш мықты ақын
Тілінің таспа осы бар.
Атағынан ат үркіп,
Атынан адам шошыған.
Дегенмен сенде Қуаныш,
Ақыл бар ма бармақтай?
Кешегі сал-серінің
Сарқыты деп мен сені,
Жүруші едім ардақтай.
Кешегі біткен серілер,
Қызды ауылға келгенде
Астында жорға тайпалып,
Сән салтанаты жайқалып,
Сабырын түскен салмақтай.
Парасат ақылыменен,
Сабырмен салған қармақтай.
Ал сен болсаң тасырлап,
Төбемізді тесердей.
Басымызды жармақтай,
Тебендей бердің несіне?
Қанжығалыдан қашқан қалмақтай.
Бұл «Атамұра» өткерген,
Заманның талай бұрқағын.
Дарындыларды өсірген,
Арғымақтайын көсілген.
Кешегі Жүрсін Бәтендер,
Биіктеткен-ді жыр тағын.
Сұңғат пенен Медғаттай,
Баптаған еді бұл күнде.
Естайлардың ұнтағын.
Архат пеннен Жомарттай.
Жарқылдаған алмастай,
Өсірген жігіт сұлтанын.

Гүлмира менен Жаннадай,
Әуелеп әннің іңкәрін.
Тойларың құтты болсын деп,
Ордаға қыдыр қонсын деп,
Осы ордаға бата-тілегің,
Арналсыншы, Сұңқарым.

Қуаныш:

Айналайын, Алмагүл,
Жырларың болды еңселі,
Ойларыңның көркемі!
Атыңнан ат үркетеді, – деп
Апырмау, біз қайтеміз,
Алмагүлдей еркені...
Қалмақ дейді бұл мені,
Осылай жанды өртеді.
Қанша қалмақ десең де,
Ақыны болып қазақтың
Аялап өтейін мен сені.

Алмагүл, тербетіліп жаның жырға,
Жолықтың талай-талай дарынды ұлға.
Дарынды ұлдар түсіріп беделіңді,
Оңаша қайғы-мұңға салындың ба?
Оңғар, Абзал, Тілек пен Аспанбектер,
Қарамай көңіліңе қағынды ма?
Сен оған оншалықты ренжімеші,
Тербеле берсін дәйім жаның жырға.
Қадірін бір маралдың біле алмай жүр,
Мүйізі көкті тілген қалың құлжа...

Айтысқа кірмеуші едің қан қызынбай,
Алмагүл, бұзылмасын дәм тұзыңды-ай!
Сен мені қанша қалмақ десең дағы,
Мен сені көтерейін жалғызымды-ай!

Жастар саған салса да ұстарасын,
Білдірмей сабырлықты ұстанасың.
Өйткені сен ерігіп жүрген жоқсың!
Екі бала өсірген күшті анасың!
Сол балақайларыңның қамыменен,
«Бармаймын» деген жерге үш барасың.

Өмірдің ерте ұшырап өкпегіне,
Тағдырдың бетің тостың от желіне.
«Басымнан орамалым ұшты ғой» деп,
Бір кезде өлең айттың өкпелі де.
Осы жолғы жолымды саған бердім,
Алла қолдап жеңістің жет төріне.
Алмагүлдей ақынның қуаныштан,
Бал-бұл жайнап тұрсыншы беттері де.
Үйдегі қос құлыны алақайлап,
Мақтанып барсын ертең мектебіне...

Алмагүл:

Дін жолын қуған діндарым,
Жырынды сенің тыңдадым.
Батанды беріп біздерге,
Дәстүршіл болып тұрғаның.
Сөйлейсің келіп сопыдай,
Кір жолатпай атыңа-ай!
Салтыңның сенің біл мәнін.
Өткенде Қашыр жақта сен,
Инабат, ізет қылмадың.
Дастархан жайған халыққа,
Халық деген алыпқа
Бағанды барып пұлдадың.
Зекебай ақсақалымның
Фатихасын күтпестен,
Ас ішіп, ел бітпестен.
Далаға қарай зырладың.

Айналайын Қуаныш
Астан үлкен болдың ба?
Асып тасып толдың ба?
Шыққан сөзің тісіңнен,
Қабыспайды ісіңмен
Ата салтын ұмытып,
Атақты бола қалдың ба?
«Молданың айтқан сөзі мен
Істеген ісін істе» деп
Сөз айтпа енді алдымда.
Дәстүрін бұзса діндарлар,
Батады елім сор мұңға.
Осымен сөзді доғарып.
Кешірім сұра қол алып,
Жеңілдім ғой деп едім.
Мен сенің болсам орныңда.
Мейірімі шуақ шашылған,
Бақытын күткен баладан
Не жамандық көріп ең
Мен секілді анадан.
Табанымның астында
Жұмақтың барын білсең де,
Жүлде үшін сен едің
Басымды жерге қадаған.
Қашырдың кеше елінде
Бір құлыншақ бар еді
Аламанға жараған.
Қабырғасын қақыратып,
Бірақ шайнап тастады-ау!
Сен секілді қабаған.
Жүйрігіне Жүрсіннің,
Жарытпадың қосылып,
Болсаң да бүгін дара адам.
Шықпай жүрсің бір қадам
Кереку деген қаладан.

Сенің күшің аспай жүр,
Елдегі әйел, баладан.
«Атамұрада» дін жайлы
Өткізсек деп бір шара,
Айтқан едің ғой бұрында.
Анау да дедің, мынау деп,
Ұстатпай кеттің зырылдап.
Елімізде дін жайы,
Онсыз да барады қырындап.
Айдың күні аманда,
Қыздарың кара жамылып,
Сақалды кетті ұлың да.
Сирияға кетті. Жартысы
Сектаға кіріп шырылдап.
Еліктегіш жастар жүр,
Осыны қалай ұғынбақ.
Дін жайында бір шара,
Өткізіп берсең, Қуаныш.
Қалмас еді ата құның да,
Осының бәрін мен ғана,
Айта берем бе шырылдап.

Жалындаған оттайсың,
Аталы сөзге тоқтайсың.
Ырылдайсың, қаппайсың,
Менен жақсы таппайсың.
Балғамен қанша ұрсам да
Шеге өтпейтін тақтайсың.
Отқа салсам жанбайсың,
Суға салсам батпайсың.
Тыныш отырайын дегенмен,
Ойынды сөйтсем нықтайсың.
Молдаларға себебі,
Әділ айтсаң жақпайсың!



Қуаныш:

Бұл Алмагүл артады бәлен жүкті
Байқап тұрсам, сөзінде дәлел мықты.
Ойпырм-ау!
Алмуш, саған не боп қалды?
Мен саған түзу бердім сәлемдікті.
Мен саған азаматтық қылып тұрсам,
Сен неге жасап тұрсың әйелдікті?

Жыр арнап отырғанда нұр казакка,
Алмагүл соншалықты сырға жат па?
Алмаш-ау, сені аялап отыр едім,
Көңілімді қатайтпа мұңдалакта.
Сүйттің ғой, бүйттің ғой деп бұл Алмагүл,
Аздаған абыройын бұлдамақ па?
Даттасаң да жақпайсың бұл казакка
Мақтасаң да жақпайсың бұл казакка.

Қол соғып отырғанда алаш дәйім,
Қалайша Алмагүлмен жараспаймын.
Алмагүл, маған қалай қарасаң да,
Мен саған жамандықпен жол ашпаймын.
Бір рет айтқан сөзім сөз болады
Бұдан артық жүлдеге таласпаймын.



«Ұлт пен достық тұнығы, мәңгілік елдің
тұғыры» облыстық ақындар айтысы

Оразбек Саяхат (Шарбақты ауданы) пен
Алмагүл Жүгінісованың (Екібастұз қаласы)
айтысы

Оразбек:

Кез келді «Космоста» көсілетін,
Сөйлейтін сахнада шешіле тым.
Жетінші боп біздер де шығып қалдық,
Бақ болып қонса деймін осы ретім.
Жеті жылда бір айтыс болып жатыр,
Қаламыздың мерейін өсіретін.
Жеті саны қасиетті деп айтылған,
Атамыздың тыңдап өстік өсиетін.
Ал, Жаратқан жар болып жалғыз өзі,
Жетінің бізге берсін қасиетін.

Алмагүл, жыр боп ескен самал ма едің?
Аламанда дабылды қағар ма едің?
Айтыста аяу дегенді білмеуші едің,
Көңілім алаң боп тұр соған менің.
Азаматпен шыққанда шал қылдың да,
Шалдың да аяғынан шалам дедің.
Қуанышпен айтыссаң айқас қылып,
Аламанда дауыл боп соғам дедің.
Бейбітпенен шыққанда домаланған,
Қарыныңды шар қылып жарам дедің.
Оңғар, Тілек қарсылас бола қалса,
Қалжыңмен бір амалын табам дедің.
Қатарыңның барлығын сұлатып сап,
Бүгін, міне түсіпті маған жолың.
Жастарға кеп көзінді салатындай,
Жігіттерде қап па еді алар кегің?

Жігіттерде қап кеткен кегің болса,
Жазығым бар ед онда менің қанша?!
«Жалмауыз кемпір» демей, кім деп айтам,
Жастармен жағаласып төрімді алса?
Желкілдеп жалғыз өзің тағы кепсің,
Бөгейтін ойым жоқ ед жолыңды онша.
Айтысқа бір сіңліңді ап келсеңші,
Ізіңнен еріп жүрген керім болса.
Әңгімеміз жарасса сол арумен
Көңіліңді қалдырмаймын сенің де онша.
Тектілердің мекені Шарбақтымен
Құдағи боп қайтасың жолың болса.
Одан асқан сен үшін бақыт жоқ қой,
Оразбегің Естайдай ерің болса.
Қорықпа, сіңліңіз қор болмайды,
Қорланның ауылына келін болса.

Алмагул:

Дұрыс болмады, жүгірмек,
«Жалмауыз кемпір» дегенің!
Қыз Жібек тартқан садағын
Біле білсең, қарағым,
Жайықтан асқан жебемін.
Шешілмесең шешендей,
Көсілмесең көсемдей,
Обал жоқ саған, Оразбек,
Шекеңді ояр шегемін!

Қарғысын емес жастардың
Алғысын алсам деп едім.
«Арыстандай айбатты,
Мен жастарға сенемін»!
Жолбарыстай қайратты
Желтоқсандағы жел едің.
Мен мактап жатсам деп бұлай,

Желпілдей берме, желегім.
Жағаластың деп жастармен
Ботам-ау, неге үй дедің.
Маған ақыл айтардай,
Сен өзі неткен өзі өр едің.
Көзіңе сенің көріндім,
Көзіндей болып көненің.
Мұндайда сөйлеу керек қой
Қат-қаттап тарих дерегін.
Мұндай той күнде болмайды,
Рухының толғар кемерін.
550 жыл бұрын
Әз Жәнібек, хан Керей
Көтерген хандық беделін.
Үш жүздің басын Абылай
Біріктірген-ді, а, құдай!
Тәуекел, Тәуке, Есімхан
Қасым хан болып жебедің.
Азаттық үшін қағылды,
Әз басы Ғазиз Кененің.
Осылардың барлығын,
Жыр ету үшін келемін,
Болған соң елге керегім.
Бауырды тартып бауырға,
Қаумалап келген қауымға,
Зерделеп кетсем деп едім
Зерелі ойын Зеренін.

Қуанышқа айқас қылдың деп,
Молда інісі селк етті.
Баяғы айтқан сөзіме,
Деректерің мол бопты.
Ағаларының өшін алуға
Іштей білем серт етті.
Үміт отыма жел беріп,



Бір кекті перде желп етті.
Түсіріп қойғам сол кезде,
Сабасына сан тентекті.
Таныттың бүгін шикілік,
Жігіт пе десем, сен, текті.
Сұлаттың деп қатарын,
Сөздерді айттың әр текті.
Өкпелеген әйелге,
Алғаш рет көрдім еркекті.

Қасыма келіп, жүгірмек,
«Қыз, қыз» дейсің қылқылдап.
Сен өзі жігіт бопсың ғой,
Ұстарадай қылпылдап.
Көктемде кепсің құтырып
Толтырып жырға ұртыңды-ақ.
Сыңар аққу секілді,
Сыңарын іздеп сұңқылдап.
«Қыз бермейсің» деп, балақай,
Бұртия берме бұртындап.
Жарты жолда қап қойма,
Тасбақадай тыртындап.
Тіліңнен балың сорғалап,
Боз жорғадай жорғалап,
Ұлтым деп сокқан жүрекпен,
Жұртыңа мынау жыр тыңдат!
Байқасам, әлі баласың,
Бала болсаң да данасың.
Қамқоршың сенің болайын,
Сөзімнің сайлап сарасын.
Айыра алмайсың әлі де,
Ақ пенен қара арасын.
Сандарды жіктеп беретін,
Хандарды құт деп білетін,
Тарихшы едің болашақ,

Өткенін елдің бағасын.
Екі жылдан соң, елігім,
Дипломыңды аласың.
Шашыңды алып тақырлап,
Әскерге сонан соң барасың.
Ерлік қанаты киякты,
Бауыржан бабаң сиякты,
Тыныштықты күзетіп,
Ер болып елге жағасың.
Мәңгілік елдің мұраты,
Ұлыс пен ұлтқа жарасым.
Татулықты тербетіп,
Бірліктің кілтін табасың.
Көтересің сен солай,
Ата Занның бағасын.
Сезімнің кештің жағасын,
Қыздар сенің дертің боп.
Осының бәрін жасамай,
Тығылып қалса тасаға-ай,
Оскырынған, Оразбек,
Жігітше қалай жең түрмек?
Қызмет қылмассаң қазаққа
Қыз түгіл саған кемпір жоқ!

Оразбек:

Айтыс десе, Алмагүл, дарасың ғой,
Қарсыласқа түйіліп аласың ғой.
Өз обалың ендеше өзіңе деп,
Шекемнен шеге болып қағасың ғой.
Сахнада жыртыңдап қыз сұрайд деп,
Болам десем, бетімнен қағасың ғой.
Үміттенген Ораздың отын басып,
Тасбақаға айналдыра саласың ғой.
Қызметсіз қыз түгілі кемпірді де
Бермеймін деп сарсаңға саласың ғой.

Ағам сені сүйіп ед Қыз Жібек деп,
Сен өзің мүз Жібек боп барасың ғой.

Ал, ендеше төгейін жыр жаңбырдан,
Халқыма ойымды айтып тыңнан құрған.
Қазағым, хандығыңды құрған кезде,
Есіміңнен шатқал мен шың жаңғырған.
Керей менен Жәнібек бас қосқанда,
Ол кезде қазағыма кім жау болған?!
Абылай басқарғанда хандығыңды,
Бұқарың ақылымен із қалдырған.
Дегенменен Жаратқан сынақ беріп,
Шат күніңнен уақытша құр қалдырған.
Дінің менен тіліңді әлсіретіп,
КСРО тарихында тұл қалдырған.
91-де оны да жеңіп шығып,
Тағдырыңның кезі еді бір жаңғырған.
Ханы – біреу, қалғаны – тіреу ғой деп,
Патшасын Нұрсұлтандай ұлдан қылған.
Заңың – берік, бұл күнде ұяң тыныш,
Қазақтың есесі бар кімге алдырған?!
Керейлер керегесін керген елдің,
Нұрсұлтан шаңырағына нұр жаудырған.

Әпкетай, бауырыңның мол дерегі,
Айтысыңа көңілін бөлген еді.
Рауан мына сенен қыз сұрап ед,
Асып тұрған жігіт қой ол да өнері.
Сен оған да сіңліңді берген жоқсың,
Бауырың үміттеніп көрген еді.
Сіңлісін бермесе де, айтыстан соң,
Алмагүл Рауанға жол берген еді.
Сол дәстүрмен мен сенен қыз сұраймын,
Оразбектің емес қой кем беделі.

Сіңліңді бермеймін деп отырсаң,
Дей алмаймын үмітім сөнген еді.
Қыз бермесең, ендеше, жол берерсің,
Оразбекке болып тұр сол керегі.
«Байдан түйе сұрасаң бие береді»,
Алмагүлден қыз сұрасаң жол береді.

Алмагүл:

Ұлыс пен ұлттың ырысы,
Қазақтың дархан даласы.
Ұлтарактай жер үшін,
Ұлдардың кеткен жағасы.
Еуропаны етектей,
Жалаң қылышпен жаулаған.
Жалаңтөстердің қадасы.
Қабылан туған Қабанбай,
Дұшпанның болған наласы.
Олжабай бабам Баһадүр,
Қазақтың еді панасы.
Арудан жолын сұраған
Сүрінбей жатып сұлаған
Сұраншыдайын батырдың
Сұраншақ бопты баласы.
Мықты болсаң – жеңіп көр,
Жігітсің ғой, берік бол
Оразыңның болмай тұр,
Қораз құрлы шамасы.

Асудан астық асқар бел,
Халқымды қолдап Хақ Ұлы.
Азаттық үшін қан көрген,
Қазақтық үшін жан берген,
Ержүрек бабам баһадүр
Босамас ерден тақымы.
Апшысын жердің қуырып,



Жүрегін алар суырып,
Қарсы келген дұшпанның,
Жетпеген ешбір батылы.
Жәнібек-Керей – шаңырақ,
Уығы – Сырым Датұлы.
Алаштың айтар арзуын
Арыстың кымбат ақылы.
Алыпты талай туғызған,
Анамның құтты жатыры.
Өтеуге ғасыр ғұлама
Қаланып тарих сатылы.
Ел үшін туған ер барда,
Қазақтан асқан ел бар ма!?
Сөйлесе Бұқар, хан тыңдап,
Халқының болған жақыны.
Шетінен жауы шегінген,
Жырласа Жамбыл ақыны.

Таңдайға өлең берген соң,
Жыр күткен менен ағайын.
Кіргізсін сұлу сөзіңнің
Салтанаты мен сарайын.
Қошақанымды тәп-тәтті
Соңыма ертіп алайын.
Аялап алақанымда,
Сарыауыз балапанымды,
Көз тимесін деп өзіңе,
Өлеңнен үкі тағайын.
Ботадайын жетектеп,
Қоңырауыңды қағайын.
Өлеңнің тізіп маржанын
Мойнына әкеп тағайын.
Қара сөздің киелі
Кеудеңе қадап арайын.
Жетекке бірақ ермесе,

Жетектегенге көнбесе,
Томпиған мына тентекті,
Сілкілеп біраз алайын.

Ақынын сыйлар патшадай
Алқалы жұртым, бармысың!
Ақ тілегімді арнайын
Көк аспанымызда әрдайым
Қалықтай берші, ән құсым,
Ұлыстың ұлы күнінде
Бәйшешек жарып бүрің де
Жүйріктің мініп жалдысын.
Жігіттер, сайран құрындар,
Камзол мен кисін сұлулар
Сәукелесінің сәндісін.
Жеңістің 70 жылдығын,
Тойлайды 7 құрлығың,
Ардагерлерім, аман бол,
Сіздерге шексіз алғысым!
Аналар, алтын құрсақты,
Шөберең болсын мың шақты
Аққудың қауырсынындай,
Әрбірің аппак арлысың.
Оразбек інім, қай тұста
Жүрсең де, бірақ, айтыста
Оразалыдай ақын бол,
Қарсыластарың қалғысын.
Сұрақтың шешіп күрмеуін,
Үйіне әкел бір келін,
Биші қайыңдай тал мүсін.
Қазаққа берсін тәңірім
Қайыспас қара нар күшің.
Азаттық атты арғымақ
Асудан асып қарғысын.

ЭКСПО-да ертеңгі
Әлемді қазақ таң қылсын.
Мәртебеңді көтеріп,
Көңіліңді хан қылсын!

Оразбек:

Алдына шыққан кезде төзімді елдің,
Лебізімді білдірер кезім дермін.
Жеңістің 70 жылын еске салып,
Ендігі келіп отыр сөзімді өргім.
Қазақтың батыр қызы көп емес пе,
Ерліктері тәнті қып езілген мың.
Ал енді бұл айтыста Алмагүлдің,
Батыр деуге лайықты сөзін көрдім.
Қарсыласын фашисттей жайрататын,
Айтыстың Әлиясы өзің болғын!



**Екібастұз қаласының 50 жылдығына
арналған республикалық айтыс**

**Алик Бекмұсаев пен Алмагүл
Жүгінісованың айтысы**

Алмагүл Жүгінісова:

Алик ағам, армысың!
Өлеңмен кірген ырысың.
Тараздан кепсің артынып,
Жырға малып тіл ұшын.
Барыңды салып баққайсың,
Қандырып құлақ құрышын.
Жырыңа сусап ел отыр,
Пейілдің сен де құлысың.
Жарқабақта – жарғанат,
Ұлар мекені – ұлы шың.
Өрге шапсаң тарландай,
Тарылар ме екен тынысың.
Арқырат жырды арландай,
Жарқылдасын қылышың.
Екібастұзда үлкен той,
Көмейден сарқыл, жыр саула.
Мен акбөкен ұстатпан,
Алтыннан торды құрсаң да.
Жанарымды жарк еткен,
Көруге келмес мұршаң да.
Тұяғың барда теуіп қал,
Қанатың барда бір самға.
Жиырма бес қайтып келмейді,
Басыңды тауға ұрсаң да!

Алик ағам, ардақты ең,
Ашық болсын аспаның.

Дүйім жұртқа жиылған,
Дұрыс кой өлең шашқаның.
Сәйгүліктің саркыты ең,
Тұяғы тиген тасқа мың.
Уызына жырдың жарыпсың,
Қазанның қырмай қаспағын.
Құбыла сокқан құйындай,
Қиғылық білем бастадың.
Екібастұз елінде,
Ағыңнан жарыл, ақтарыл!
Сырыңды саркы, жырыңды
Ғұмырда мынау қас-қағым.

Алик Бекмұсаев:


Армысың, Екібастұз, өр елі шын,
Берілді ақындардың сәлемі шын.
Жаныма күзетші ғып қойыпсыңдар,
Күтетін қыз біткеннің әдемісін.
Сахнада тағы да қызбен қойып,
Қарай гөр мына жұрттың дәмелісін.
Отыздан асқан бізде онша түр жоқ,
Дегенмен Алмагүлден дәмелі ішім.

Жөнімді менің сұрасаң,
Тектілер туған елденмін.
Жамбыл, Кенен, Сүйінбай,
Жыр дәнін еккен жерденмін.
Батыр бабам Бауыржан,
Белбеуін буған белденмін.
Өтеген, Қордай қол жиып,
Қорғаған өзен-көлденмін.
Желтоқсанның құрбаны,
Қайраттар жатқан дөңненмін.
Ашқалы бүгін кеп тұрмын,
Акикатын пердеңнін.

Алла деп шаңырақ көтеріп,
Керегемді кергенмін.
Атадан асыл туған соң,
Жасымнан өнер тергенмін.
Алланың берген өнерін,
Халқыма қайтып бергенмін.
Халыққа қызмет қылған соң,
Қошемет елден көргенмін.
Адал ісім ақталып,
Батасын алып мақтанып,
Өрімді елден өргенмін.
Көмірлі ел кереметін,
Көремін деп сенгенмін.
Аламан айтыс болад(ы) деп,
Керекуге келетін
Керуенге ергенмін.
Сынауға емес, ағайын,
Жырлауға сені келгенмін!

Алмагүл Жүгінісова:

50 жылдығың тойланып,
Екібастұзым, бүгін жатыр ма?!
Толғай да толғай жырлады,
Аликтейін акын да.
Қутындап қояды өзі,
Басымды олай қатырма!
Айналайын, ағайын,
Дейсің бе маған сарқылма.
Салиқалы сөз айтқын,
Сылдыр сөзді сапырма.
Боларыңда болып қайт,
Найзағайдай шатырла!
Шын ниетпен ексеңіз,
Гүл бітпей ме тақырға?



Садаға кетсін іштарлық,
Салыңды суда батырма.
Бес күндік мынау өмірдің,
Сорпасы түкке татыр ма!?

Айналайын, ағайын,
Шашпауын жырдың көтергем.
Алдыңа келіп жыр айтып,
Парызымды өтегем.
Еліме келді жаңа әкім,
Абыройын елдің көтерген.
«Нар жолында жүк қалмас»,
Дегенді ескертіп кетем мен.


Сықырлай берсең нең кем ед(i),
Сықырлауық арбадан.
Ақиықтың бірі едің
Қалықтап қанат талмаған.
Еліме келген жаңа әкім
Жақсылық жолын жалғаған.
Ел отыр күтіп бір үміт,
Ерінің ісін барлаған.
Күндесең қыран самғауын,
Айырмаң болмас қарғадан.

Жағалап бүгін кетейін,
Ағайын, өлең сағасын.
Осындайда, ендеше,
Тайдырмай тұлпар тағасын.
Кір шалмасын, ағайын,
Абыройыңның жағасын.

Қолыма алып домбыра,
Демеймін жырдан шеттегем.
Ертеңгі жарқын сәулесі,
Болашаққа беттеген.

Қазына бар дегеннен,
Ресейден талай жеткен ел.
Ағылшынның байлары,
Қызығып саған кеткен ел.
Дөнентаев Сәбит те,
Өлең арнамай өтпеген.
Ғұлама ғалым Қаныш та,
Еңбегін алғаш еккен ел.
Кім айтар бұл өлкеге,
Тәңір де нұрын сеппеген.
Кімдер кетіп бұл маңнан,
Кімдер келіп-кетпеген!?

Қыздары көркем қырмызы,
Ұлдары екен жетелі.
Еңсесі биік шаңырақ,
Сан ұлттың болған мекені.
Әулие Мәшһүрдің елі,
Алысқа аты жетеді.
Инвесторлар шетелдік,
Қутындап келіп не етеді?!
Жіліктің майын сорады,
Қаймағын қалқып кетеді.
Ай, менің дархан халқым-ай,
Нарықтан нардай өтеді.
Қиындықта қайыспай,
Сауырын нарық сөгеді.
Көк желек, жасыл аймаққа,
Аңсаған күнге жетеді.
Толғай да толғай жырласам,
Жетесі барға жетеді.
Екібастұзым киелі,
Аруакты жер кешегі.
Көмірден соккан тауына,
Ұрпағың қарап өседі.



Жаратқан жәннат мекенім
Арқаның арда төсі еді.
Даңқынды сенің асырған,
Қосым бабам кешегі.
Көк тіреген зәулім үй,
Жайнатқан гүлі көшені.
Шамдарың жанған самала,
Сәулесі – жырдың нәсері.
Осындай жарқын қалаға,
Тимесін тілдің кеселі.
Байлығы дархан шалқыған
Маңдай бағы бес елі.

Алик Бекмұсаев:

Екібастұз – жақсының мекені екен,
Айтқан сөзің жүрекке жетеді екен.
Жақсыларын айтқанда қарапайым,
Халық та қалықтап бір кетеді екен.
Алмагүлдің сөзінен байқағаным,
Жырлағаны заманның жетегі екен.
Ақын да, инвестор да бәрі саған,
Жолағанда қутыңдап кетеді екен.

Екібастың бұзылмай осы бағы,
Ағалардың қағылып осы тағы.
50 жылдық тойларың қалай болса,
100 жылда атсын тағы осы таңы.
Алмагүлдей қыздарың көп болсын деп,
Аталар мен апалар отырады.
Бұл қызды биіктерге шығарып дәл,
Болсыншы осы айтыс болар бағы.
Өйткені Ақтөбеде Мәншүк туған,
Мына қыздың текті еді топырағы.

Ағайын, биіктерге самғаңыздар,
Ағалардың жолдарын жалғаңыздар.

Қутындап біреу келіп ап кетті деп,
Ақын қыздан айрылып қалмаңыздар.

Бәйгеге жаман атты жарата ма?
Атағын ен далаға тарата ма?
Екібастың желаяк бір жігіті,
Әлемді ауызына қарата ма?
Супермарафоншы деп аталыпты
Қадамын осы ағам саната ма?
Дәл бүгін әлем танып отыр екен,
Келешегін бұл елдің балата ма?
Жеті рет бәйгесінен жеке келген,
Жасасын Жыланбаев Марат аға!

Ерлер бар, мынау елдің тұмары еді,
Ермен бірге ел жайы оңар еді.
Бәтенов Жүрсінді айтсам сөздерімнің
Адамдықтың бағына қонар жері.
Жүрсін ағай мәдениетті басқарғанда,
Айтыстың да беделі жоғары еді.
Екі жыл «Атамұраны» басқарыпты,
Демеймін істегені сол-ақ еді.
Қанат ағам көтеріпті мәдениетті,
Ата жолын жалғаған солар еді.
Екібастың ақындары жүрсе шауып,
Кезінде Жүрсін салған сонар еді.
Әкім аға, елесеніз еріңізді
Елдің көңілі ісіңе толар еді.
Ебін тауып, еріңе Екібастұздың,
Бір көшесін берсеңіз болар еді.

Мен Тараздан тарлан боп шауып көрем,
Көңілмен қарындасқа ауып көрем.
Сен де сол Жүрсіндейін еңбек етсең,
Келесі жолы бір көше алып берем.

Алмагүл Жүгінова:

Осылайша, ағайын,
Әуенін бүгін салыпты ер.
Алмагүлді деменіз,
Шаңында енді калыпты ел.
Сен маған көше емес-ау,
Жырыңды мында алып кел.
Шынымен мықты болсаңыз,
Жүрсінге көше алып бер.

Осылай айтса ақының
Бойымды намыс билеген.
Алик ағам отыр осында
Қамырын жырдың илеген.
Жүрсінге көше берерміз,
Кеудеге намыс түйреген.
Тобықтай түйін күтеміз
Машайық сынды билерден.

Алмагүлің осындай,
Белшеден басып жыр кешер.
Отырсың сен де, ағасы.
Жанымда менің сыр кешер.
Қутыңдап деп айтасың,
Осылай ақын үндесер.
Осынау жалған заманда
Қутыңдап бәрі күн кешер.

Ертеңі жарқын сәулелі
Келешегіме сенемін.
Қызық болды, ағасы,
Қутыңдады дегенің.
Қутыңдамаса ағалар,
Тәңірім қайда бергенің.
Елінен жеп жүр кейбіреу,
Шығарар тәңір жегенін.


Кутыңдамаса егер ол.
Алиев неге адасты
Елі сүйген ер еді ол!?

Айналайын, ағайын,
Дертінді қалай табамын.
Қолыма алып домбыра,
Қабағыңды бағамын.
Жемқор болған ұлың бар,
Жемтікке сатып салғанын.
Балақтан тартып жұлып жүр,
Асыраған ит балағын.

Ұлдарың болды кебенек,
Қыздарың болды көбелек.
Заманыңды қарғайсың,
Шақша басыңды төбелеп.
Биден кетті ме билігің
Әркімге жүрсің өкпелеп.
Қалайша басу айтайын,
Көзіңнің жасын төкпе деп.

Замана биік асқар-ды
Қанатыңды талдырған.
Арманда кеткен бабалар
Үміттің отын жандырған.
Ұрпағың мәңгүрт болды ма?
Тіліңе қаяу салдырған.
Түсіну үшін әжесін
Аудармашы алдырған.
Дұшпанымның, Тәңірім,
Табасына қалдырман!

Тарихыңның тамырын,
Тереннен көрсем саралап.
Қосымдай бабам мәрттікпен,



Арканың төсін аралап,
Екібастұздың көмірін,
Тапқаннан биік бағалап.
Табиғат берген жас дарын,
Тұлпар ең текті тағалы-ақ.
Екібастұз елі үшін,
Есімің сенің бағалы-ақ.
Қолыңмен ашқан дәулетті,
Ұрпағыңа еттің аманат.
50 жылдығын тойлаған
Еліңіз есен-саламат.
Атағы жұртқа әйгілі,
Екібастұзым ғаламат!

Айналайын, ағайын,
Ақының жырламасын ба-ай?
Жетімді бақтың бүгінде,
Жетімдер жыламасын да-ай.
Атағың кетсін жайылып,
Америка құрамасында-ай
Асқақтап жатсын айбының,
ГРЭС-тің мұнарасындай.

Алик Бекмұсаев:

Жүрегім сөзін елге арна деген,
Қазыларға ойымды талда деген.
Кім қайда кеткендігін айта алмаймын,
Анам үйде саясатқа барма деген.
Үйдегі әйелім де шығар кезде,
Қапысы кезіккенді қарма деген.
Ауылдағы ағалар сәлем айтып,
Жақсы сөзді бұл елге арна деген.
Қарындаспен жарасып, көріп тұрсыз,
Желдей есіп келеміз бір арнаменен.

Халкым, сізге үмітпен карадым ғой,
Бұрымын қарындастың тарадым ғой.
Тараздан ызыл қағып ұшып келген,
Осы елден гүл сұраған арамын ғой.
Алмагүл-ау, кайтемін қутыңдамай,
Отыз асып, қырыққа кетіп барамын ғой.

Бұл сөзіме сезімтал сенесің ғой,
Айтыс деген атыңа егесің ғой.
Қаршадай осы ауылдың қызы екенсің,
Алыптай ауыр жүкті жеңесің ғой.
Мен барда сен де қутың қағып қалғын,
Бес жылдан соң отызға келесің ғой.

Екібасқа жазылған құтты қадам,
Көмірін тауып жерді ұтты адам.
Ағайын, тойларыңыз құтты болып,
Жастарыңызға жазсыншы нықты қадам.
Ауылдағы қыздардың жүрегіне,
Заманнан зиян тимей күттік әман.
Алмагүлдей қыздардан айналайын
Айтысса аламанда ұтқыр адам.

Нән жылқыны бұл тойға сойыңыздар,
Бөліп жеп бәріңіз де тойыңыздар.
Күшті болсаң көшені ап бер дейді,
Ойыңның кара мұзын ойыңыздар.
Жүрсінге егер көше бере қалсаң,
Мақтанатын біздің де ойымыз бар.
Салып берген әкім мен алып берген,
Алик деп атын жазып қойыңыздар.

Жүрісіміз бір арнаға түсті-ау деймін,
Қуаты мына елдің күшті-ау деймін.
Біраз шаптық қарындас қарымдасып,
Үмітіміз биікке ұшты-ау деймін.



Дегенмен мына елді жалықтырмай,
Елмен бірге ой бірге түсті-ау деймін.
Бағанағы мен айтқан қуырдағың
Екі рет қайнап, енді пісті-ау деймін.

Алмагүл Жүгінісова:

Екібастұз тойына,
Тұлпарын жырдың байлашы.
Көңілімнің бұлбұлы
Өлең боп тынбай сайрашы.
Құрыш білек кеншілер,
Қолында балға-қайласы.
Еуразия жатыр жылынып,
Көмірдің ерен пайдасы.
Батысқа қарай ағылсаң,
Бейбітшіліктің айнасы.
Егемен жерім, тұғырым
Жасай бер, мәңгі жайнашы!

Азат ел үшін Екібас,
Көмірін қалай қазбасын.
Асу да асу асайын,
Ақынға айтар аз ба сын?
Сен темір болсаң, мен – көмір,
Еріткелі жаздасын.
Қызыл шоғы кеудеңде,
Маздасын, мәңгі маздасын!

Уақытта жетіп қалған ба-ай,
Осылайша ақының
Әніне бүгін салған ба-ай.
Аликтейін, ағасы,
Қутыңдап қояды маған да-ай.
Сенің де менде дәмең бар,
Арманда, жаным, арманда-ай!

Арманы жоқ адамның
Пәрмені жоқ қой жалғанда-ай!

Алик Бекмұсаев:

Деген жоқпын бір ойың батып кетед(і),
Деген жоқпын бұзық ой қатып кетед(і).
Қарындас деп отырмын бұл қызыңды
Ал қыздың ойы мені сатып кетед(і).
Армандасам алдағы ақ жолыңды айтам,
Ақ болсаң абыройың қатып кетед(і).
Бірақ маған көп жоласаң, Алмагүл-ау,
Білдірмей таңың да ертең атып кетед(і).

Алмагүл Жүгінісова:

Ақын ең өлең еткен қыр даланы,
Күмбірлеп көмейіңнен жыр ағады.
Жер алып өлеңменен қанаттанған,
Балаңыз шыңға шырқап шыңдалады.
Құдай-ау, төбем көкке жетіп отыр,
Қасымда отырғандай жыр қағаны.
Кезіксе ұзақ жолда шын жанашыр,
Қарындастың сағының сынбағаны.





Айтыс айшықтарынан

Еліңнің ерке қызы едің,
Бастаңғысына бал жеген.
Жырменен бойың түзедің,
Оразаңды ашып әнменен.

АЖ





Серік Молдабековке

Армысың, Серік ақыным,
Өнерде биік арманың.
Семейден келген қонақ ең,
Елімде еркін самғағын.
Ұлы күнде жолықтың,
Шабысыңнан танбағын.
Дұрыс екен пейілі,
Бізге деген Алланың.

Ұлыстың ұлы күнінде,
Айтылып жатсын сөз биік.
Өнерлі ердің бірісің,
Кетпесін сізге көз тиіп.
Бәйбішесі баптаған,
Отырсың байдай балпиып.
Семей суын шығарған,
Шөлмектей кепсің кылқиып.

Абайлар туған топырақ,
Кешегі майса түгің жоқ.
Дүркіреп тұрған Одақта,
Былғары зауыт бүгін жоқ.
Семей суды айтпасаң,
Көпірден басқа түгің жоқ.



45-ке келсеңіз,
Құр киялға ерсеңіз,
Арман болып отыр ма,
Қайран жастық он сегіз!?
Қырда өскен бүлдірген,
Ойда өскен бүлдірген,
Күлдірем деп халықты,
Ағам бәрін бүлдірген.

Су ағады арықтан,
Айнымайық қалыптан.
Жауап айтқан сөзіңіз,
Ұят болды халықтан.

Ағам отыр жырға мас,
Жұлдыз еттің бұл да рас.
Жақсы жігіт қашанда,
Жақсылығын бүлдамас.

Керекуге келгенде,
Алмагүлді көргенде,
Ұмытып кеттің үйңді.
Үйіме кіріп келдім деп,
Ашыта берме миымды.
Қарт Ертістің бойында,
Керекуім тойында,
Қарлығашың боп қалықтап,
Ап келдім жырмен сыйымды.
Келіншекті көргенде,
Кеттіңіз-ау еріп тым.
Бір кадам шығып үйіңнен
Желіктің, неге желіктің?



Құлашын кеңге сермеген,
Тұяғы жерге тимеген,
Мен деген ерке елікпін.
Таңдайда тағы жырым бар,
Тәттілігіндей өріктің.
Кереку деген қалың ел
Намысың үшін келіппін.
Диірменен шыққан ұндай ғып,
Сармайдан тарқан қылдай ғып,
Шығарам бүгін мен есін
Молдабеков Серіктің.

Оңашада, ойпырмай,
Ашамын деп құшақты.
Менің емес, дәл сенің
Ақ сайтаның ұстапты.
Көкейінде, шіркін-ай,
Небір ойлар қыстапты.
«Әшім оны сүйер деп
Келіншек қолға тиер деп».
Семейден келіп селкілдеп,
Жынымды менің ұстатты.

Өлеңнен білем өнегең,
Өн бойым тұнған өлең ем.
Өзіңменен мұңдасып,
Сыбырлап сыр да төгер ем.
Айлы түнде кездессек,
Құшағыңа енер ем.
Ақ сайтанымды ұстатпай,
Дегеніңе көнер ем.
Бірақ та, Секе, бірақ та,
Айтқанымға сенер ең.

Аузың анау аңқайып,
Қарның мынау қампайып,
Талтаңдап маған жеткенше,
Таң атып кетсе не етер ең?!

Өлеңнің тауып арнасын,
Қасына алып Алмасын.
Емініп отыр екпіні,
Жайлауға тастап жағасын.
Сұлуды көріп сырғалы,
Ұмытып әйел, баласын.
Селт етіп, Секе, мені ойлап,
Сезім қанатын қағасың.
Мұныңды білсе әйелің,
Мойныңа бәле тағасың.
Алдаспандай сурылып,
Апшысын жердің қуырып,
Жұлынып келіп әйелің,
Шашыңды жұлып алмасын.
Шашыңмен қоса миы жоқ,
Басыңды жұлып алмасын!

Асығат Мұрғандекке

Киелі жырдың, армысың,
Шапанын киген, Асығат!
Ақ білекті ару жыр,
Мойныңа келіп асылад(ы).
Үкісі жырдың желбіреп,
Шабытың бойда тасынад(ы).
Үйінді сенің көрмесе,
Көруге елің асығад(ы).
Шабытым бойда тасты деп,
Мейманамыз асты деп,



Белімнен басып кетпегін,
Белімнен бүгін, Асығат.

Асығат, көзің күн күлген,
Ажарыңыз түн түрген.
Қасиет бар-ау үкінде,
Сыр білгенге сыр берген.
Маңдайдағы жұлдызың,
Жарқырайды күнменен,
Қыр мұрынды жігітсің,
Қыздарға арман көрінген.
Мұртыңызға да таңғалам,
Шапағат па деп үйірген.
Біржан сал ма деп қалам,
Осы отырған күйіңмен.
Ақан ба деп ойлаймын,
Толқытқан сазды үніңмен.
Сыртыңыз жаман емес ау,
Ішіңізді кім білген?!


Ажарыңыз, Асығат,
Аспанда аймен таласып.
Көктегі құстың жолындай,
Ағарып жатар бақ ашық.
Өзіндей ағам тұрғанда,
Қарындасқа жаны ашып.
Айтыс деген орманда,
Жөнім жоқ қалар адасып.

Жерің – жақұт, суың нұр
Туған жерге туынды іл!
Жүрегі жомарт, жан аға,
Жарқырайтұғын күнің бұл.
Жабырқап жүрген жанымды,
Жұпарлы жырға жуындыр!

Өзіме кәмшат бөрік жарасатын,
Шама бар ма ағамен санасатын.
Жігіт ең бұзып жүрген жыр камалын,
Өзіңе сері десем жарасатын.
Сағымды сындырмайтын ағам едің,
Көкесін көрсетсеңші парасаттың.

Қуанышбек Шармановқа

Үйленген кеше Қуаныш,
Қиын күйеу атанба!
Ауыздыға сөз бермей,
Құйын күйеу атанба!
Қайын жұртқа сүйкімсіз,
Нашар күйеу атанба!
Тобықтай сөздің түйіні,
Мәселенің қиыны,
Қиындық түссе басыңа,
Қашар күйеу атанба!
Азуын айға білеген,
Шапқан сайын үдеген,
Еліне ырыздық тілеген,
Бірза күйеу атанғын.
Мінезі бай, қолы ашық,
Мырза күйеу атанғын.
Жан жарыңды ардақтап,
Салиқалы ойды салмақтап,
Көсегенді көгертер,
Көсем күйеу атанғын.
Аталардан бата алған,
Шешен күйеу атанғын.



Ел алдында соншалық,
Үйлендім деп қызындың.
Саликалы сардардай,
Аққалпақ киген қандардай,
Сабырлы жігіт деп жүрсем,
Сабындай неге бұзылдың.
Саңлақ едің туылған,
Жөргектен жырман жуылған.
Намысы ұл ең еліңнің
Белін бекем буынған.
Қуаныш, бізге не керек,
Семсерін өкпе суырып,
Келмедің деп тойыма,
Апшысын жердің қуырып,
Жер мен биік көкте де,
Көкейдегі наз бен өкпе де,
Көктемгі алғаш жауынмен,
Жуылып жатсын, жуылып!
Жүректен ұшып шағала,
Көңілдің кілтін таба ма?
Келмеді деп тойыңа
Салмассың мені табаға.
Парасатты, кемелім,
Түсерсің ақыл-сабаңа.
Сырғалар сынғыр қаққанда,
Ақындар жырлап жатқанда,
Бұлбұлың ән сап жатқанда,
Оны да мен деп бағала!
Сай-сала жылжып аққанда,
Қарлығаш қанат қаққанда,
Ақындар мұңға батқанда,
Оны да мен деп шамала.
Өкпеге көңіл бұрмайық,

Елдікті ғана жырлайық,
Үлгі боп ұрпақ-балаға!
Айналып текті данаға!
Бес күндік мынау жалғанда,
Пенделік кетсін садаға!

Қуаныш ақын, армысың!
Жырлары мықты қарымды-ақ.
Өлеңің бойда қайнаған,
Жастықтың оты жалындап.
Миуаның өскен бауындай,
Тіл үйірген қауындай,
Сөздері тәтті ақының,
Сөйлесін бүгін арындап.
Мақсаты биік ер едің,
Жеткізер шыңға шабытың.
Ағынды жырдың тиегі,
Осындайда ағытыл.
Үйленіпсің сен кеше,
Дұрыс екен бағытың.
Құтты болсын ендеше,
Мойныңа киген қамытың.
Ұшырып алма абайсыз,
Бақ құсы қонды бағыңа.
Үйлену оңай деген бар,
Үй болу қиын тағы да.
Өлеңнің шоғы кеудеңде,
Маздасын жастық шағыңда.
Ғашықтықтың отына,
Жалын да мәңгі жалын да!
Пейіліңмен ып-ыстық
Тілегімді қабылда.
Бала-шағаң көп болсын!

Уайым-қайғың жоқ болсын!
Айдынында махаббат
Қос ақкудай дамылда!

Қуанышым ақын, армысың!
Қарсыласым сен едің.
Ойдырып ойдың өзегін,
Қойдырып сөздің кезегін.
Толғай да толғай ой тартып,
Садақтан ұшқан жебе едің.
Серігі боп иманнан,
Алла ғана иланған,
Атадан асып анадан,
Ақын боп туған, кемелім.
Мерғалымдай атаны
Жырлауға бүгін кеп едің.
Дуалы топта қазанат,
Алқалы топта азамат,
Мәртебенді өлеңмен,
Көтеріп алсам деп едім.

Өзінде туған елің ем,
Елеңдейтұғын ел десе.
Айтпақшы Павлодарыңа,
Келіп едім ғой мен кеше.
Көтермедің тұтқанды,
Қоңырау соктым мен неше.
Тамырымда жоқ, танысым.
Мейлі ғой сенсең, сенбесең.
Керекуді аралай,
Қонатын жер таба алмай,
Екі көзім жаутаңдап,
Вокзалға кондым мен кеше.

Аруын ойлап қам жейтін,
Қуаныш, сені ер десем.
Келіншегіңді құшақтап,
Жатып алдың сен кеше.
Қонақжайлық тану ғой,
Ойым жоқ еді өзгеше.
Деп жүрсем сені пейілдім,
Жүрегі тұнған мейірім.
Түк сезбес молда екенсің,
Сырыңды ұқтым ендеше.
Кіргізбек түгіл үйіңе,
Тамшы су бермес шөлдесе!

Жағдайыңды ұғам дегенмен,
Жарыңыз бар ед(i) некелі.
Мойнын бұрмас қыздарға,
Молда едің жетелі.
Бірақ мен ақын едім ғой,
Жырға толы етегі.
Арамыздағы жалғыз гүл,
Жете ме деп аман-сау.
Жағдайды білсең, Қуаныш,
Маған сол да жетеді.
Мейірім жырын ұсынсаң,
Әйел заты деп қысылсаң,
Бісмилләнді үш айтып,
Қоңырау шалсаң не етеді.
Дауысыңнан жетпей қалушы ед(i),
Төбеміз көкке екі елі.

Бес күндік мынау жалғанның,
Өлеңмен салып өрнегін.
Сүттен таза, судан ақ,
Өзіндікін жөн дедің.
Амалым бар ма, қайтейін,



Осы-ақ болса білгенің,
Қарға боп шықса, қайтемін,
Қаршыға боп ілгенім.
Бас десе құлақ дейтуғын,
Дәл сендей молда көрмедім!

Вокзалдан түнеп шықтың деп,
Табалай бердің сен неден!
Ер жігіттерді дәл сендей,
Түсінбей қойдым мен деген.
Бауырлас қарындасыңның,
Қос қанат қарлығашыңның,
Қадіріне жете алмай,
Бостан-босқа терлеген.
Содан соң қарындастарың,
Артық көріп басқаны,
Шетелден келген қасқаны,
Көк аттының көлденен.
Етегінен ұстап ап,
Ертеңіне өрлеген.

Қуаныш, сендей ақынның,
Сөзіне жұртым қарасар.
Өлеңім менің ақиық,
Алты қырдан әрі асар.
Сахнаның төрінде,
Тексіздер ғана таласар.
Өлеңі моншақ мөлдіреп,
Үкісі аппақ желбіреп,
Алмагүлдей аруды
Аялай білсең жарасар!



Аспанбек Шұғатаевқа

Таңдайлары тақылдап,
Аққулары саңқылдап,
Қабылан туған Аспанбек,
Қарсыласым сен едің.
Өзгені жолда қалдырып,
Кезегін сөздің алдырып,
Толғай да толғай ой тартып,
Садақтан ұшқан жебе едің.
Атадан асып, анадан,
Ақын боп туған, еренім.
Алатаудың бойында,
Хандықтың 550 тойында
Баянауылдың атағын
Аспандатқан сен едің.
Тұмадай тұнық жырыңмен,
Мөлдір де мөлдір сырыңмен,
Бауыржан Байбек қолынан,
Тұлпар мініп кеп едің.
Құшағыңа ал, Баян, ұлыңды,
Аспанбектермен өр едің.
Қасат-қасат қарларды,
Бұзып ағар сел едің.
Өлеңнен киген кіреуке,
Айтыста сүйтіп ерледің.
Дуалы топта зулаған,
Алқалы топта гулеген,
Мәртебенді өлеңмен,
Көтеріп кетсем деп едім.
Ақ азуы қарыстай,
Білегі күшті барыстай,
Палуанмен белдескен,
Жүректі қызың мен едім!



Баяннан келсең сөйлеші,
Көмекей Бұқар жыраудай.
Сабыры болып сар алтын,
Мен сені ойлап келіп ем,
Жігіт екен деп дыраудай.
Немене үрке қарадың,
Жұғып кететін тұмаудай.
Сөз бермедің деп бұлданып,
Ыршып түстің қылаудай.
Жеңгелеп мені желпілдеп,
Ебелектейін елпілдеп,
Жұлқына бердің несіне,
Сәйгелдек тиген бұзаудай.

Көрсетсем деп ем қазақтың
Қыздарының жалынын.
Той бастадым деп секірме,
Қайтарам сөзбен қарымын.
Едіге бидің тұсында,
Баяу жеңгең болыпты,
Баянға бүгін мағұлым.
Берекенің бірі боп,
Тереңге тартқан тамырын.
Ері ауға кеткенде,
Бойына жинап сабырын.
Наурыздама қалдырып,
Едіге би келгенде,
Затым нәзік деместен,
Наурыздың қаққан дабылын.
Аналарымның мәрттігін,
Өткенімнен таныдым.
Талмасын деп жақ-үнім,
Тарихтан алдым тағылым.
Көргенді елдің қызымын,
Анамның ұққан тәлімін.

Сөзі бал ақын десем де,
Мінезің неткен алағай.
Женешемді жеңем деп,
Танаулап кепсің танадай.
Менімен айтысад дегенде,
Шакша бас бопты шарадай.
Ойында мұның не бар деп,
Жеңгетайлыққа жүгірмен.
Жеңісбекті салған араға-ай.
Бұл ісің қалды серігім,
Азаматтыққа жарамай.
Өзіме келсең ақырын,
Түсінемін ғой, балақай.
Балақайдың қашанда,
Ісі болады шалағай.
Далаға шабар далақтап,
Бұл бала боп тұр далақай.

Жеңгені қайдан шығардың,
Әй, бала, бері қарашы,
Айтпақшы, осы жақында,
Баянның күллі баласы.
Дүркіреп айтыс жасапты,
5-6 дейді қарасы.
8 наурыз күнінде,
Қыз-келіншектерді құттықтап,
Құрметтеген ғой шамасы.
Есіңе алсаң жеңгенді,
Сол кезде қайда қап едің,
Сөзімнің бұл да таласы.
Кілең жігіттер жиналып,
Қазақтың болмай Сарасы.
Дараланып дарасы,
Марқайған шығар бабасы.
Айтысты жасап әкімнің,



Өскен де шығар бағасы.
Ұяластарды айтақтап,
Осыған жеткен шамасы.
Әкіміңе айта бар,
Жайлауда жүрген жағасы.
Ақындарды бөлмесін,
Басында болса санасы.
Тығылып айтыс өткізіп,
Баянның ақындарының
Бөлектенуін қарашы.

Бөлініп жатсаң Баян боп,
Өзегім содан өрт болған.
Баянның кеше елінде,
Ұлыстың ұлы күнінде,
Қожалар оқып «салдама»,
Батика берген қарт болған.
Наурыз күні жылаған,
Алладан дәулет сұраған,
Едіге бидің еліне,
Дархандығы серт болған.
Мың-мыңдап жылқы сойдырған,
Ұлысқа ұлы той қылған,
Мың үйге наурыз жасаған.
Шоң билер қайда мәрт туған.
Өз қазанын өзі қайнатар,
Ұрпағының бүгінгі,
Көңілі қайдан сарт болған.
Нардай ұлдарды тудырған,
Баяным құтты ел екен,
Тау түгіл сенің әр тасың,
Абылай аспас бел екен.
Қорланды сүйген Естайдай,
Мен сені шексіз сүйемін.
Жәннат дейтұғын жер екен.

Азаматтарың айбынды
Асқақтай берсін өр мінез,
Тарқамасын мерекен,
Таси берсін берекең!
Наурыздың нұрлы таңымен,
Кеудемде өлең көктеді.
Бөленді аймақ шаттыққа,
Ұлыстың күні жеткелі.
Алланың түскен назары,
Тарқамаған базары,
Қазақтай қайсар халықтың,
Шуақты болып көктемі.
Нұрсұлтан салған нұрлы жол,
Адастырмай ұлтымды,
Заманнан өтсін өтпелі.
Елімнің асқақ арманы,
Көк байрағы қолында,
2050 жолында,
Қазаққа өзі жар болсын,
Жаратқан ием көктегі.

Дәл сендей іні көп болсын,
Әпкенің көңілін табатын.
Аламандарға айтулы,
Өлеңін баптап баратын.
Ақбеттің аппақ намысын,
Қолдан бермейтін азамат.
Шырағын жырдың жағатын,
Баяндай асқақ мінезбен,
Қабағын елдің бағатын.
Қырандай биік самғай бер,
Талмасын күшің, канатың.



Елжіреп елін ойлайтын,
Ержүрек ерге бол лайық.
Қаумалап қауым қолдаса,
Тағы да таңды асырып,
Тауменен тасты жортайық.
Даттасаң қызды боласың,
Дәні жоқ қуыс кебектей.
Білмеген соң қадірін,
Соқа басың сопайып,
Оқ деген жүр ғой сөз өтпей.
Тапқаныңды далаға
Шашасың да жүресің,
Түбі жоқ тесік шелектей.
Бас екеу болмай, мал екеу
Болмайтынын айту керек пе, ей.
Қашанғы жүре бермексің
Жемісі жоқ теректей.


Теңеулерің теңескен,
Күлкімді менің келтірген.
Дегенің болсын, Аспанжан,
Жарайды мен ақ кемпірмін.
Отырған кезде балақай,
Қағанағың қарық боп,
Сағанағың сарық боп,
Ілініп кетіп жүрмесін,
Қанжығасында кемпірдің.

Киелі мекен Кереку,
Тек тектілердің бесігі.
Үйленбей жүрсің деп едім,
Аспанжан қатты шошыды.
Соқа басы сопайып,
Үйленбей жүрген баланың.
Не болып кеткен пошымы.

Сүрінгенге күлдің деп,
Айтылды ойдың тосыны.
Байға жарымай жүрсің деп.
Қызық кой мұның бөсуі.
Сендей ұлдарға байланған,
Мендей қыздардың шешімі.
Ашылар бағы арудың,
Алланың болса несібі.

Көкейден енді актарам,
Мөлдіреп ұрған лағыл жыр.
Байға тимей жүрсің деп
Тиісе бердің, қағынғыр.
Жібі түзу ер болса,
Қазақтың қара көздері
Күйеуге тимей не ғып жүр!?
Бұл заманда жігіттер
Құлқынның камын бағып жүр.
Жай қыздарды менсінбей,
Бай қыздарға барып жүр.
Аталы сөзді айтпастан,
Аузынан арақ ағып жүр.
Құлаққа сырға тағып жүр,
Ар сатып жұртқа жағып жүр.
Дауылпаз туған ұлдарың,
Дауылпаз емес бұл күнде,
Жағымпаздарың болып жүр.
Бір әйелге жарымас,
Дәл бүгінгі ерлердің
Сиқы осындай болып жүр!

Сұңқар дегенің қарға боп
Шыға келеді талайы.
Ертеңін елдің ойламас,
Қорғасын емес, қалайы.



Байлығын елдің меншіктеп,
Шет елге қашқан талайы.

Атам қазақ кешегі,
Қызға әперген күн-айын.
Айналайын, ағайын,
Асылдан болсын құмайың.
Жігіттеріңнің бәріне,
Мен жала жауып тұрғам жоқ
Қолдасын тәңір ылайым.

Азамат Мәлжамбайға

Азамат, ақын армандай
Жаныңды тербер күй қандай?
Найзағайлы жырларың,
Намыстың отын құйғандай.
Қорлан қыздай күлкім бар,
Арайлап атқан тандардай.
Отырысыңыз жақсы екен,
Саммитке келген меймандай.
Азамат ақын Мәлжамбай,
Ақан, Біржан салдардай.
Термелеп сөйлеп отырсың.
90-ға келген шалдардай.
Ай қалпақ киген паңдана,
Керіліп отсың хандардай.
Екібастұзға келдім деп
Меккеге жаяу барғандай.

Ғұмырсерікке

Қарсыласым бүгінгі,
Ғұмырсеріктей карағым.
Үш жыл бұрын тиіпті
Атамекенге табаның.
Жер жәннаты Баянға
Қазығыңды қададың.
Ақылшысы Алаштың,
Зекебай абыз ауылынан,
Басталып жатыр қадамың.
Қарсыласым болғанмен,
Жылы көрінді жанарың.
Үкілеп қосса Баянтау,
Сақилық көрсет, саналым.
Әпкеңнің аппақ ниеті,
Бак тілеу саған, әйтпесе,
Күмән ойдан адамын.
Керекуге кеп жатқан,
Құтты болсын қадамың!
Бак берсін басқа тарыдай,
Таудай болғанша талабың.

Атажұртқа келгенге
Нөсерлет жырды дастандат!
Тігісін ойдың жатқызып,
Сөйлей біл, ботам, астарлап.
Мәртебенді жырменен,
Көтеріп кетсем, бауырым,
Мен үшін жоқ-ау асқан бак.
Келгенде елді сағынып,
Болайын саған баспалдақ.
Қандасың сенің едім ғой,
Қанымдай ғана қасқалдақ.

Нуржанат Қайратқа

Сінлісі едім Ұлжанның,
Саркыты едім Зеренің.
Өнеге алып үлкеннен,
Тәлімнің тердім тереңін.
Отырмайсың деп үйінде,
Құлыным неге үйдедің.
Маған ақыл айтатын,
Сен өзі қандай өр едің.
Жүресің дейсің желпілдеп,
Қызық екен дерегің.
Құрметтесеңші жеңгенді,
Желбіреп жүрген, желегім.
Алыста елім күткен соң,
Құстай ұшып келемін.
Жыр айту үшін жетемін,
Болған соң елге керегім.
Сондықтан да сен бұлай,
Желпіне берме, өренім
Бәйгесін емес, – елімнің
Батасын алсам деп едім!

Шай құйып бер деп жеңгене
Алқалы бопта сұрадың.
Еркелігін қайнымның
Көтеріп бүгін шыдадым
Кеше ғана бала едің
Қалқиған екі құлағың
Ал бүгін таудай жігіт боп,
Бойжеткендерге ұнадың.
Осындай қайным келгенде.
Құрметтеуге тұрамын.

Күй десең шайды құямын,
Дайын ғой аппақ құманым.
Шай құйып берсем созылып,
Тәттіге қатты қызығып,
Жеңгеннің ыстық шайына,
Күйіп қалмашы, шырағым.

Жеңгелердің салтымен
Қайныма енді ат табам.
Аруы едім қазақтың
Әдеп-ибадан аспаған.
Қиылып мынау қайныма
Сыбағам жыр ғой сақтаған.
«Томпағым» деп айтайын,
Сырымды бүгін ақтарам.
Жеңге көріп ку қайны,
Қалжыңмен сөзін баптаған.
Тілеуінді тілеймін,
Озсын деп қайным ақтабан.
Томпағым-ау, Томпағым,
Ақын бол ел мақтаған!
Жақсы істі жақтаған,
Бойыңнан бір мін таппағам.
Бетіңнен сенің қақпағам,
Баталы туған ұл едің,
Аталы сөзге тоқтаған.



Бейбіт Бәженге 1

Дарынды Қимадиден дараңыз бар,
Атанған «дала ақыны» данаңыз бар.
«Алпыс батыр» дастанын жаттап өстің,
Ерлігін үлгі етер балаңыз бар.
Жауырынын кара жер сүймеген деп,
Аты аңызға айналған бабаңыз бар.

Бойына қасиетін жинадың ба?
«Алпыс батыр» өмірде болған дейді,
Қазақтың маңдайына симадың ба?
Тым болмаса бабаңның есіміне,
Қаймана көшенді де қимадың ба?

Бұл сөзім ұнамайды, ұнасын ба?
Қырына кара өлеңнің шығасың да.
Зираты бабаңыздың қайда екен?
Ас беріп аруағына тұрасың ба?

Қалайша тіл мен жаққа байланайын,
Жайқалып ел алдында жайланайын.
Бабаңа жырдан өлмес мүсін соққан,
Қимадиден атаңнан айналайын.

Бөледің халқыңды сен алтын жырға,
Алтын жырға және де жарқын нұрға.
Бабаңның қасиетін қастерлей гөр,
Өзіндей азаматқа алтын сырға.

Сөзіңнің сөйлегенде жүйесі артар,
Жігіттің үйленгенде киесі артар.
Бейбіт-ау, әлі күнге үйленбепсің,
Бұл өзі енді бізге несін айтар.



Қыз таба алмай жүрмін деп сылтау айтпа,
Қимадиден елінің киесі атар.
Ел себепші бола ма ер туарға,
Ер туарда ел үшін бел буар да.
Әйтпесе Ертістен кеп қыз алсаңшы,
Өзегіңнің от жалын өрті барда.


Өлеңнің қаракерін баптап өтем,
Баптап өтем алтынмен аптап өтем.
Жеңгелік болу баба салты болса,
Мен неге салтымыздан аттап өтем.

Ертістен бір аруды алып беріп,
Беташарын мен өзім айтып берем.
Күлтөбенің басында күнде жиын,
Сөзіңнен сен кетпесең тайқып бәлем.

Қарсымнан келсең қарсылас,
Алқымнан алып беттетпен.
Ағамдай болсаң бауырлас,
Бауырға тартып шеттетпен.
Өлеңмен бүгін көрейін,
Тамырың басып ептеп мен.
Тентек болса ойынды,
Тамырынан кеспек ем.
Әйтпесе, жаным, абайла
Түсерсің енді етпеттен!

Демеймін атағым бар дүркіреген,
Алдында ақ жауын боп сіркірегем.
Бейбіт-ау, жауар бұлттай түнересің,
Және де найзағайдай күркіреген.
Күркіреген бұлттың да жаңбыры аз.

Таң болып көрер едім атарынды,
Немесе қара түнек батарынды.



Мен сенің екпініңді көрер едім,
Әйтпесе жерді қауып жатарыңды.
Көптің сөзін көсіп-көсіп айтпағанда,
Келдің бе көрсетуге шапаныңды.

Өлеңім ағытылды түймесінен,
Сұлулық туады екен үйлесімнен.
Жігіт сұлу көрінсе жорғасымен,
Қыз сұлу көрінбей күймесімен.

Армысың, Бейбіт ақын, қорғасын тек,
Жырдың құсы басыңа қонғасын кеп.
Жырыңды халқың күтіп сарғаюда,
Салиқалы жырларын жолдасын деп.
Шаң жұкпай шамасына жорғаласаң,
Өзіңді алла-құдай оңдасын деп.
Байқасам текті тұлпар тұяғысың,
Тағасыз табан таяр болмасын тек.
Сен дағы Қимадиден ұрпағы едің
Атаңның аруағы қолдасын тек.

Бейбітім құлындайын құлдырасын,
Суындай тас бұлақтың сұңғыласың.
Шабыттың самалымен ескен кезде,
Гүлденіп маңайыңды жыр қыласың.
Ал енді кезек бердім жырларыңыз,
Арудың шолпысындай сыңғырасын.
Сананды нұрландырып жайды айтасың,
Ал, бүгін салиқалы ойды айтасың.
Ал, Беке, барыңды сал нарыңды сал,
Бұнда айтпай өлеңді қайда айтасың!



Бейбіт Бөженге 2

Бейбіт ақын, армысың?
Сіздей достар тапшы ғой.
Алқалы топтың алдында,
Алтыннан алқа тақсын ой.
Самайыңнан сызылып,
Сары тердей ақсын ой.
Шабыты шалқар шайырсың,
Кетер тұсын бақсын ой.
Жеңілмейтін, жеңбейтін,
Жырларымен емдейтін,
Ежелгі жау дегенмен
Шабыспаққа жақсы ғой.

Ел камы үшін, Бейбітім,
Қалма сен де тежеліп!
Адырнасын мөңіретіп,
Жыр жебесін кезеніп.
Жымыып қойсай бір ауық,
Отыра бермей безеріп.
Бүлк-бүлк еткен жырыңның,
Тамыр соғысын сеземін.
Жігітте үш жұрт болушы ед(i),
Сөз етіп несін еземін.
Балпаң басып жеттің бе,
Екі-ақ жұртты, Бөженов?

Баяғыдан дос едік,
Нұрланған жырмен санамыз.
Қайдағыны айтам деп,
Суып кетпесін арамыз.
Айдынға қонып қос аққу,
Тойыңа қашан барамыз?

Жиылып достар «Жар-жардың»,
Әніне салып дара біз.
Сенің тойың болғанша,
Біз қартайып каламыз.

Керекудей кербезім –
Қарашығым, мақтаным.
Сөзіңді сүрлеп майдалап,
Ұзынсарыға сақтадың.
Ұлыстың күні Ұлы күнінде,
Рауандап таңың атқан күн.
Сезімі бүршік жарып тұр,
Сен түгіл анау бақтардың.
Елең етіп тас керең,
Тас жүрек еріп жатқан күн.
Битке өкпелеп қайтесің,
Тоныңды отқа жақпағын.

Басым екеу болсын деп,
Басыма бағым қонсын деп,
Сатамын деп тиынға,
Сиырға теңеп жүрмесін,
Ұлыстың ұлы күнінде.
Басыңа батпан бақ берсін.
Ақылға өлең тап келсін.
Сұңқардайын саңқылдап,
Самалдайын аңқылдап,
Шапалағыңды уыстап,
Шашатұғын сәт келсін.

Абырой жидың тірнектеп,
Әр ісінді үлгі етпек.
Иманын бойға жинаған,
Елінің қамын ойлаған,
Азамат деген атыңды,
Ардақтап жүрмін құрметтеп.

Айың тусын оңыңнан,
Жұлдызың тусын солыңнан,
Кесіп өтпеп едім жолыңнан.
Мәңгілік қамқор жарына,
Имандай сенген арына,
Өзіндей ерлер көбейсін,
Егемен елдің бағына.

Арғымаққа тең бе едің,
Додаға келіп енгенің.
Шахталы шаһар сен кеше,
Айтысына келмедің.
Қырық күн күнге күйгізбей,
Қырық күн желге тигізбей.
Қырық қыз келіп баптаса,
Шабытың керсін желкенін.

Армысың, Бейбіт ақын, ақтаңгерім,
Үкілеп қосқан сені баптап елің.
Өзіңе деген біраз сыбағам бар,
Сарымайдай мен оны сақтап едім.
Сарыарқаның даласын дүркіретіп,
Айтыс десе үйінде жатпап едің.
Кешегі теңбіл ала тұяғы едің,
Ор болып қалатұғын шапқан жері.

Мен бүгін жыр өзенін кешкендеймін,
Өлеңменен өркендеп өскендеймін.
Қолдайтын қалың орман қазақ барда,
Күнге өрлеймін, өнермен төске өрлеймін.
Айла ойлап, өрмек құрып келсең-дағы
Бейбіт күнде Бейбіттен сескенбеймін.



Ел үмітін үкілі ақтайды екен,
Ерлігін бабасының жаттайды екен.
Төндіріп қарсыласқа қара аспанды,
Алпыс екі айласын саптайды екен.
Бейбіт, сен осал ақын емес едің,
Қалайша бір амалын таппай кетем.
Әйтсе де бүгін менен сақтанғайсың,
Сақтанғанды бір Алла сақтайды екен.

Қарсылас жырдан шапан киді ме екен?
Ел қамын азамат боп жейді ме екен?
Әскерге барған жоқсың, осы жайт,
Жаныңызды жегідей жейді ме екен?
Әскери билетті сатып алып,
Борышымды өтедім дейді ме екен?
Серікбайдай бабаңыз тірі болса,
Осындай Бейбіттерге не дейді екен!?

Алдымнан жыр самалы еседі ме?
Бір жайлар көнегінді теседі ме?
Елім деп еңіреген азаматтар,
Үлгі алып, қарай ма екен кешегіге.
Әскерге бармай жүрген ұрпақтарын,
Бабалар аруағы кешеді ме?

Батырдың ұрпағы да батыр болар,
Барына болашақтың сенгенсіңдер.
Бейбіттері ер жеткен байтақ елдің,
Ендігі қорғаушысы сендерсіңдер.



Ақиықша аспанға серпілемін,
Мен бүгін самалдайын желпінемін.
Аналар ақ жаулықты қолын жайды,
Тәңірім бере гөр деп ер тілегін.
Паңданаһың шірене қарайсың да,
Келгендей табаныңмен жер тірегін.
Соғып ап қанжығама, қағам дейсің,
Керілген ақмаралдай еркін едім.
Жігітке сабырлығы жараспай ма,
Бола ма осыншама мөңкігенің.

Буырқанып шамдандың,
Қызғандайын бұл егес.
Әскер жайлы сөз қозғап,
Ақталғаның құр емес.
Сатып алып ақшаға,
Борышты өтеу бұл емес.
Өзінді өзің алдасаң,
Еліңді алдау түк емес.

Айналайын ағайын,
Үміттің отын жағайын.
Жаңбырын жырдың жаудырып,
Күмбірле күміс сарайым.
Жырменен кетсем деп едім,
Түсіріп айдың арайын.
Алмагүл де осал ма,
Ақынның көрген талайын.
Бейбітпенен егесіп,
Дегем жоқ пайда табайын.
Не де болса, ағайын,
Әліптің артын бағайын.



Аламанға осындай,
Белді буып кіріскен.
Қара сөздің Бейбіті ен
Туырлығын түріскен.
Кеуденді керіп қайтесің,
Асылды жақсы біліскен.
Сауысқан тоты болам деп,
Жаңылыпты жүрістен.

Мойныға қамыт түскен соң,
Момын бола қалыпсың.
Әзіліме түсінбей,
Күйіп- пісіп, жаныпсың.
Әйеліңде гәп бар-ау,
Әзілден де қалыпсың.



Рауан Қайдаровқа

Армысың, Рауан, жас ақын,
Ап келдік сәлем мыңдаған.
Екібастұздай бесікке,
Бөлеген жырын бұл балаң.
Ұлағатты ұстаздың,
Тәлімін талай тыңдаған.
Энергетик пен Кеншіде
Сын сәтте мойып, сынбаған.
Үлгі алып өскен бала едің,
Дауылпаздардан тынбаған.
Сұңқардайын сорғала,
Тұлпардайын жорғала,
Мұзбалағы шыңның сен едің,
Шахталы шаһар сындаған.
Көкейден шыққан әр сөзің,
Құйындай болып жел күнгі.
Буылып бекем белдігі.
Барыңды салып баққайсың,
Сенікі кезек ендігі.
Арғымақтай арқыра,
Алдаспандай жарқыра,
Дегізбессің, Буырылжан,
43 күннің кемдігі.

Салса да дода шебіне,
Тартып тұлпар тегіне,
Еркелеп өткен еліне,
Сал да өзі, сері де.
Жырымменен жебейін,
Дем беріп Құлагеріңе.
Еркелетсем ботам деп,
Шығып кетпе желкеме,
Қадамды басып керіге.

Үмітіңді үркітпе,
Жеткізем жетер жеріңе.
Арғымақ бол, құлын-тай,
Аламанға жараған.
Мерейіңді өсірсем,
Алты алашқа тараған.
Әпкесі мен ініге,
Жұрт сүйсіне қараған.
Шаң жұқпасын шашаңа,
Бәйгесін берсін аламан.
Қорған болар әпкеңмін,
Тәп-тәтті жыр ап келдім.
Табаныңа батқан шөгірді.
Маңдайыма әкеп қадағам.
Толағай жырым, тәтті әнім,
Сірә да сенің садағаң.

Ескі жыл бізді есірке,
Жаңа жылмен бақ дарып.
Жаратқан берсін жақсылық.
Жаманнан жұрт сақтанып.
Маржан сөзің өріліп,
Сауырдан терің төгіліп,
Додада келсең суырылып,
Өзіңмен жүрміз мақтанып.
Көмірлік қала жатпай ма
Жетістігіңе шаттанып.
Сен кеткелі Екібастұз,
Өзгеріп жатыр қарымды.
Естай, Абай, Мұхтармен
Мәшһүр Жүсіп атаңның,
Ортасынан қаланың
Ескерткіші салынды.
Дағдарыстың дағдармай
Белінен бекем басқанбыз.

Жігерленіп жолдаумен,
Қарыштап алға басқанбыз.
Достық үйін жайнатып,
Бірлік қазанын қайнатып,
Тілді тегін үйренер,
Орталықты ашқанбыз.
Өзгермей жатқан тек қана,
Білсең Ленин көшесін,
Айта бер сөздің төтесін,
Ақсақалдар қайтарар,
Тарихта кеткен есесін.
Құлатпаймыз деп жатыр
Өзгертпесе өздері
Кутузовтың көшесін.
Өнердің туын желбірет,
Шаң тигізбей салтыңа.
Жете біл елдің нарқына.
Азамат болғын нар тұлға.
Моншақтай жырың тамшылап,
Шабытты шабыт қамшылап,
Өлең боп өмір өрілсін,
Қалаулы бол халқына!

Әкең жүр елде қайратын,
Жыр қайраққа білетіп.
Мейірімді анаң пейілімен,
Қадамыңа гүл егіп.
Шыбыққа шығып шапқылап,
Інің жүр сені жыр етіп,
Бәйгеде озық тұрсын деп,
Білімін толықтырсын деп,
Тілеуіңді елге тілетіп.
Алматыға жібердік,
Содан бері жүзіңді.
Көрмедік, сол ма тоқтамың?



Абайла, ботам, біліп жүр,
Табан асты шок барын.
Зердеңді пайымдағанмен,
Сені ойлап уайымдағанмен,
Ал, сен келмек түгілі,
Бір қоңырау да шалмадың.

Азамат болсын айтулы
Жаныңа жырдай серік қыл!
Текті атаның ұрпағы
Сөзіңе бекем берік тұр!
Шар болаттай шыныққай,
Бізді де, калкам, ұмытпай.
Қанатын шыңдап бекіткен,
Ұяңа ұшып келіп тұр.



Екпін Сәбетханға


Бісмиллә деп алдыңа,
Сандығын ойдың ақтардым.
Сендерге деген жырым бар,
Сары алтындай сақтардың.
Қызылжар жұрты армысың,
Арайлап атсын ақ таңың.
Тоныкөктің тұяғы ең.
Тәңірден ырыс татқанмын.
Ұлыстың күні ұлы ғой,
Түскендей жерге хақтан нұр.
Бүршігін жарып көк шыбық,
Тіршілік нәрін татқан күн.
Самарқанның көк тасы
Балбырап еріп жатқан күн.
Қызыр бабам аралап,
Таратқан қап-қап бақтан нұр.
Тайқазаным қайнатып,
Наурыз көже татқан күн.
Құтты болсын, ағайын,
Жаңа жыл, жаңа атқан күн.
Ұлыспен ұлттың ырысы,
Қазақтың дархан даласы.
Ұлтарактай жер үшін
Ұлдардың кеткен жағасы
Еуропаны етектей,
Жалаң қылышпен жаулаған.
Жалаңтөстердің дарасы.
Қабылан туған Қабанбай
Дұшпанның болған наласы
Екпіндеп келген бұл Екпін
Солардың алтын тағасы.
Кездестім деп Наурызда,

Қылмыңдауын қарашы.
Келмей жатып бұл маған
Сақинасын берсін деп
Айтылды сөздің сарасы.
Ойпырмай, бұған не дейін,
Қалмаса айла шарасы?
Сұраншыдайын батырдың
Сұраншақ бопты баласы.
Атымтай жомарт жігіттің
Азайып қапты қарасы.

Анама келін қылам деп
Сайрама, Екпін сайрама
Сөз айтпас бұрын сен маған
Қарап алсаңшы айнаға.
Қондырам дейді айға да
Мінгізем дейді тайға да
Үйінде әйел баласы
Мұныкі сөз ғой жай ғана.
Күйіп кетесің көбелек
Қайтесің, отпен ойнама.
Ойланып бірақ көрейін,
Өлеңнен болса самалың,
Қыдыртамын деп тұрған.
Таудай екен талабың,
Қыздырып жастық базарын.
Қыдыртсаң еріп барамын,
Тару тартып дүкенге.
Норковый шуба аламын.
Мен қалай жаяу жүремін.
Випектен кофта табамын.
Осылардың ақшасын,
Сен төлейсің, қарағым.

Қаламағанды қайтемін,
Қалағанымды аламын.
Ресторан мен кафесін,
Аралатсаң қаланың.
Ертіп жүріп соңымнан,
Банкротқа саламын.
Қыдыртып мені қайтесің
Түйсігі болса санаңның.
Қалтаңдағы ақшаңнан,
Қағыласың ғой, қарағым.

Көңіліңді табам деп
Кредитті алам деп
Қораға сені тықпайын.
Пейілің қымбат маған тек,
Көңілі дархан даладай,
Аңғалдығы баладай,
Қазақтың шалқар мейірімі.
Өзіңнен, Екпін, табамын деп
Жаяуға жалғыз жылқысын,
Түсіп беретін балаң бек.
Үйіңнен қонақ кетпейді,
Аяулы жарың соған сен.
Балапандарын баптаған,
Ақтасын үміт олар тек.
Дәулетің тасып, берекен,
Бақ берсін Аллам саған тек.
Мен сені бүгін мақтадым.
Күңсің деп мені гүлсің деп,
Сакинамды сұрадың.
Саусағымда жүрсін деп.
Жығылмайтын жолыңнан,
Қорлан қыздың жалғасы.



Сырғасын ойдың ілсін кеп.
Мен саған үкі сыйлайын,
Киесін жырдың білсін деп.
Шаңырағыңда бақытты,
Үкілі бесік тербеліп,
Сәбилер ойнап, күлсін деп.
Үкілі домбыра күмбірлеп,
Өлеңнен сауық құрсын деп.
Шаңырағыңа шаттық пен
Шуағы бақтың тұнсын көп.
Үлбіреп үкі үмітің
Желбіреп мәңгі тұрсын деп!

М.Сарқын М.Сұнарханға

Наурыздың нұрлы таңымен,
Кеудемде өлең көктеді.
Бөленді аймақ шаттыққа,
Ұлыстың күні жеткелі.
Алаштың түсіп назары.
Тарқамай думан базарың.
Өзіңдей қайсар халықтың
Шуақты болсын көктемі.
Өзіңді жұртым қолдасын,
Жаратқан ием көктегі.
Жарқылдап келген Жарқынның,
Көрейін байқап өресін.
Табасың дейді бұл жерден,
Жігіттердің төресін.
Шақырып алған айтыс деп,
Қарашы мұның пәлесін.
Деп отыр ма білмеймін
Бәрібір бізге көнесің.
Бірімізді келін деп,
Жеңге деп маған күлімдеп.

Дәу балаңның байқасам,
Дәу екен ғой дәмесі.
Өрмелеп шыңға жетесің,
Сөйлесең сөзге бекемсің,
Жасап қойған ба
Бойдақтықтың сөресін?
Отырып қалған ағасын
Өткізбек маған, о несі?!

Алмагүл, енді саған сынды деп пе ең?
Осыменен бұл ісім тынды деп ең?
Көлденең көк аттыға шауып келген,
Ти десе, тие салар жынды деп ең?!

Ұлыстың Ұлы күнін тойлап келдің,
Тарихтың тереңіне бойлап келдің.
Сұр бойдақ ағам бар деп ақырасың,
Сен осы мінезінді жоймап па едің?
Тиесің, тимейсің бе деп сұрайтын,
Сахнаны ЗАГС деп ойлап па едің.

Байқасам, мына Жарқын жыр сүйеді,
Жыр сүйеді жүрекке сыр түйеді.
Арулар сұлу сөзбен сылап-сипап,
Пейілмен сыйлай білсең гүл сүйеді.
Тасасында отырған інісінің,
Білмеймін ағаңызға кім тиеді.

Ауылын тектіліктің аралаймын,
Сөзіңді салиқалы саралаймын.
Ұлыстың басы егер Наурыз болса,
Ырыстың басы – Ұмай анадаймын.
Қыз деген – қызыл түлкі, іле алмайсың,
Ағанды ақиыққа баламаймын.
Батылы жетіп өзі сөз айтпаса,
Бәрібір ағаңызға қарамаймын.



Нұрсұлтан Рымбайға

Нұрсұлтан деген есімін
Елбасындай дана бол!
Халқыңа пана бол!
Інілерге аға бол!
Салиқалық белгісі:
Сабыры мықты сана да – ол!
Қиын бір кезде жебесем,
Сүрінген кезде демесем,
Нәурізек жырың қалықтап,
Қанатын бекем қағады ол.

Ежелден жатқан ел едің,
Ертістің бойын жайлаған.
Мен – ақ бөкен ай маңдай,
Тағасы мұздан таймаған.
Алқалы топқа түскенде,
Ауыздығын шайнаған.
Нұрсұлтан ақын, армысың!
Қанында өлең қайнаған.
Баянтау басын бұлт шалмас,
Сенде кімдер туған жок,
Елімнің қамын ойлаған.
Жасыбай бабаң өтіпті.
Қас дұшпанын көргенде,
Зығырданы қайнаған.
Олжабай бабаң өтіпті,
Бес қаруын сайлаған.
Солардың қалған сынығы ең,
Жырыңа бөле нұрыңа,
Шаттанып жатсын қайманам.

**Аспанбек Шұғатаевпен «Жекпе-жек»
айтыста айтылған жеке шумақтар
(16.04.05)**

Бісмиллә деп бастайын,
Көмейден жырым төгілсін.
Санаса алар қас жойып,
Періштелер көрінсін.
Арғымақтың сауыры
Аламанда сойылсын.
Аталарым ақ батаң
Ақ маңдай қызға берілсін.
Ақ жаулықты аналар
Мейірімің нұр боп бөгілсін.
Жарқырап қызың жырменен
Көгінде күн боп көрінсін.

Майдан да майдан, майдан жол
Майдалап кетіп барамын.
Айтыс деген айқасқа,
Айлалап кетіп барамын.
Күмбірлеген домбырам,
Міңгірлесең саған серт.
Жанымдағы қарсылас,
Мүлт кетсең егер саған серт.
Төрде отырған қазылар,
Білемін әділ саған серт.
Аламанда озбасаң,
Шабытым онда саған серт.
Шашақты найза жырымды,
Шанша алмасам маған серт.

Мен де келдім қиыла,
Тал шыбықтай бұралған.
Қансонарда баптасаң,



Аң кетер ме қырыңнан.
Сен де келдің додаға.
Ақ білегің сыбанған.
Найзасын қарға асынып,
Семсерін сертке суарған.
Суырылып топта сөйлеген,
Екеуміз де сыналған.
Қара сөзге қандырып,
Шығайықшы құмардан.

Тереңнен інжу-маржан тергенім көп,
Көшіне арсыздықтың ергенім жоқ.
Көсіп айтам, алдында есіп айтам,
Көйлегімді көрсетуге келгенім жоқ.
Қылжақтай бермесенші пері соғып,
Сенімен қылжақтауға келгенім жоқ.

Аспайын қазағымның әдетінен,
Әншейінде әпкем деп әндетіп ең.
Осы сен сахнаға шыққан сайын,
Қайын бола қалатын әдетің не?

Қалмайық осы арада күлкі болып,
Қайыным, қылмаңдама түлкі болып.
Екеуміз әпке-іні боп айтысайық,
Таралсын кейінгіге үлгі болып.

Алысқа қанатымды қағайын деп,
Көрермен көңіліңді бағайын деп.
Кеп тұрмын тұлпар мінез бұл інімді,
Қанатымның астына алайын деп.

Ерлігіңді жырлайтын сарқыратып,
Жеңіспенен тапқан-ды халқым бақыт.



Қайтпайтын қайсарлығын, батыр етті,
Ұлы күнге бастаған жарқын елес.
Аталар, қасиетіне басымды идім,
Мен үшін ерлігіңнің нарқы белес.
Ол күндерің аңызға айналса да,
Сені ешкім жарылқап жарытып бермес.
Соғыс отын кешіп келген солдаттыңа,
Тойота мінгізсе де артық емес.

Соғыста сыйынып ең тәңіріңе,
Құрметтесең қалбалақтар жаны міне.
Бас-басына баспана алып берген
Мың алғыс қаланың әкіміне.

Үлгі етіп ерлігіңді жаттай алам,
Есіміңді есімде сақтай алам.
Ұрпақ үшін қан кешкен ерлерім-ай,
Қайткенде ерлігіңді ақтай алам!?

Қан кешкен отты күндер алыстаған,
Бақ кешер сәтті күндер жақындады.
Қызыл көз, сұм соғыстың ылаңынан,
Дүние дүр сілкініп қалшылдады.
Дұшпанын жер жастаған аламанда,
Батырың Бауыржандай алқынбады.
Рейгстаққа ту тіккен Рахымжан да
Ерлерін қас жауының тақымдады.
Жамбылдың «Ленинградтық өрені» де
Жау еліне снаряд боп атылған-ды.
Ойран сап, ойсыратып жеңіп шықты
Баубек, Ғали, қазақтың Қасымдары.
Қаһарман қазағымнан айналайын,
Туғызған батырлар мен акындарды!

Қалайша акындарың толғанбасын,
Өртіне сұм соғыстың оранбасын.

Балаң жетім, аруды жесір еткен,
Ол күндер енді қайтып оралмасын!

Ауадай білім нәрін жұтып жүрген.
Білімменен бойына құты кірген.
Жанын да шүберекке түйіп алып,
Сессиядан сессияға өтіп жүрген.
Студент деген дүйім ел бар екен,
Ауылдан ала дорба күтіп жүрген.

Кеудедегі жүрегі алып ұшып,
Күтетін болашақтан жақсы үмітті.
Кредитті грантқа ауыстырып,
Басына батпандайын бақ тұрыпты.
Құдайдың екі көзі жарық екен,
Жасап жүрген осындай жақсылықты.

Ғылымның шыңына кеп қондыңыздар,
Біліммен кемелденіп толдыңыздар.
Стипендия қосамыз деп жатыр ғой,
Ал енді байып кетер болдыңыздар.

Тәлім ап, талайларың болған зерек,
Ғылым деген мәуелі ұзын терек.
Ғаламдасу, жаһандану заманында,
Бесіктегі балаға да білім керек.

Осы жай көңілдерді тербейді екен.
Санамен өрге қарай өрлейді екен.
Студент, ұстаз, шәкірт, ғылым, білім
Бұл туралы ақын бала не дейді екен?

Гимназия – білімнің шаңырағы,
Талайлар сенде өсті, сенде ержетті.
Айтыста арқыраған Бағдат та
Шаныраққа жырларын себе кетті.

Білімнің бағы жанған гимназиядан,
Аспанбек неге шығып, неге кетті?!

Ақынмын деп өркеуде, тасып жүрсің,
Сен осылай абыройды ашып жүрсің.
Еріккеннің соңынан еліктің бе?
Күнделікті сабағыңнан қашып жүрсің.
Сен осы расыңды, айтшы, білесің бе?
Қай сыныптың есігін ашып тұрсың?


Демегін қиындықта сатып отыр,
Демегін неменені танып отыр.
Қайда жүрсем сені ойлар әпкең едім,
Қылығың жанға, қалқам, батып отыр.

Желкілдеп желіккенге ерер ме едің?
Ырыстың ордасына енер ме едің?
Ғылымның қасиеті болмағанда,
Талайлар жер жаһанды кезер ме еді.
Айтысқа білім керек, әйтпегенде
Ақынды ақиыққа теңер ме еді.
Білімнің қайнарына қанбағанда
Әсет те Ырысжанды жеңер ме еді!?

Аспанжан, көргейсің тілімді ала,
Алдыңнан жарқыратсын күніңді Алла.
Дос болған соң жылатып айтамын да,
Абайды Абай еткен білім ғана.

Білемін Аспанбектің дара екенін,
Басынан сөз асырмас бала екенін.
Өзіңе карап тұрып байқар едім,
Қазақтың болашағы бар екенін.

Бабаның жалғап мұрасын,
Айналанды жыр етіп,



Сенде де бірақ бір мін бар.
Баулыған сені дүр етіп,
Сатып-ақ кеттің ұстазды,
Жүрегі қалған дір етіп.
Шашың да өсіп кетіпті,
Тағып қой бантик гүл етіп.
Сенген қойым сен болсаң,
Қоямын кімді үлгі етіп!

Асығат еді ұстазың,
Жыр қару қалай сайлатпас.
Ұстаз деген – ұлы ұғым,
Қайраты мығым қайрақ тас.
Ұстазға кеттің ұстатпай,
Тұнығын болар лайлатпас.
Жаман атқа жал бітсе,
Жанына торсық байлатпас.

Тектілікті көрсетсей,
Бұлақ басынан тұнған боп.
Аспанбекке демеймін,
Атымның басын бұрғам жоқ.
Бауырға тартам ботам деп
Жаттық саған қылғам жоқ.
Тек жену үшін өзінді,
Алдыңа өрмек құрғам жоқ.
Жаным ашып айтамын,
«Жаман бол» деп тұрғам жоқ.

Осы бастан шешіп ал тағдырыңды,
Халқына көрсетпессің паңдығыңды.
Еңкейгенге еңкейгін деген қазақ,
Осымен құлатпассың хандығыңды.
Ұстаздан ұлағатты тәлім алсаң,
Жақұтқа толтырарсың сандығыңды.

Аристотель, Платон басын иіп,
Ұстазымен дамытқан әр ғылымды.
Кешегі текті тұлпар тұяғы едің,
Ал, бүгін көрсетсеңші нарлығыңды.


Қара өлеңнің сарқылмас бұлағы едің,
Баянның еркелеген бұланы едің.
Таста туып, ұғынған тау қасиетін,
Киелі Ақбеттаудың ұланы едің.

Халқыңа шықпап еді жаманатың,
От жырды кеудесіне жаға алатың.
Халқыңның мұң-мұқтажын жоқтап жүрген,
Сен едің Керекуде бағалы ақын.
Хан көтерген жерге ескерткіш орнатсаңшы,
Әмәнда асқақтасын қазақ аты.
Өткенді ардақтай біл осы бастан,
Халқыңның саған айтқан аманаты.

Алакөз, алауыздық болмау керек,
Қасиетті бесікті қорғау керек.
Ауылдан хан да шыққан қара шықты,
Ақыным осыларды толғау керек.
Ауыл деген киелі шаңырақты,
Үш жыл емес мәңгілік қолдау керек.

Сөйлеймін бұл інімді жақын тартып,
Аударып-ақ алмаспын атын тартып.
Құлқынның құлы болған әкімдерден,
Ұлтының ұлы болған ақын артық.





Қаңіл күнделігі

Шабыттың ішіп шырынын,
Өнердің мініп тұғырын.
Айналып кетті ғұмырым,
Қауырсын аппақ өлеңге.

А.Ж.





Сүйе білу – бір бақыт

Мен сенің кім екеніңді анық білмеймін де. Әйтсе де бойымдағы аласапыран күш, нәзік сезім неге екенін білмеймін, саған қарай тартып тұрады. Сені көргеннен-ақ жүрегім дір ете қалған. Бірақ сезімімнің осынша шиеленісіп кететінін сезбеппін...

Адам баласы дүние есігін шыр етіп ашқаннан бастап Алла Тағала пешенесіне ойып тұрып тағдырын жазады-мыс. Одан қашып құтыла алмаймыз да. Пенде екі түрлі жағдайда ақын болады екен: бірінші қатты қайғыға душар боп, тағдыр қиындығын, азабын мол тартқанда; екінші біреуді қатты сүйгенде...

Мен – жұмбақ адаммын. Өзгелер түгілі өзімді-өзім түсінбейтін тұстарым да болады.

Өзімді жаспын деп ойламаймын. Ақыл тоқта-тып қалған сияқты едім...

Ешкімге жария қылып ештеме айтқан емеспін, көп сөйлемегенді, сыр айтпағанды ұнататынмын. Айтқан жағдайда кім түсінер? Бәрі мысқылдар, келеке етер. Ал сен мен үшін ерекшесің. Бұл жазғандарымды мүмкін оқырсың, мүмкін сен де күлерсің. Бірақ өмірімнің сүрілмеген ақ парағын осы сиямен жазып толтырғым келеді. Мүмкін өзіңе арнап жазылған шығарманың басы да болуы ғажап емес. Мен саған «мені сүй» деп қинай алмаймын. Десе де маған сүюдің не екенін ұққызғаның үшін, махаббатың не екенін түсіндіргенің үшін, әрі менің музама айналғаның үшін тағдырыма мың тәуба!!!

Әке-шешемнің аркасында мектепте жақсы оқыдым. І-сыныпты оқып жүргеннен бастап-ақ жұрт көзіне іліндім. Жұрт бармаған жерге бардым, білікті кісілермен кездесіп, білімімді толықтырдым. Әке-шешемнің қарсылығына қарамастан, өз етімнің тірілігімен университетке түстім. І-курсты өте жақсы бітіріп, демалысқа келдім. 18 жасқа толып, достарымды шақырып, тойладым. Қайта оқуға келдім.

Қасымда жүрген жан досым үйіне қонаққа шақырып, сол жолы ауылдасының үйіне әкеліп, келін ғып түсіріп алып қалды. Жанарым жаутаңдап, екі көзім мөлдіреп қала бердім. Мен оны сүймедім. Күйеуім деп сыйладым. Жаспын ғой. Көбінде қыздармен қыдырғым келетін. Бірақ жастықтың қызығын көрмедім. Оқу, одан кейін үй. Біз Павлодар қаласында пәтер жалдап тұрдық. Ол жұмыс істейтін, үй тұрмысы менің мойныма түсті. Оқып жүріп жұмыс істедім. «Шаңырақ» мәдениет орталығында, сенбі күндері тойда өлең айтып ақша таптым, бірде аш, бірде ток күйеуім ештеңе ойламайды. Сен тұрғанда аштан өлмейміз дейтін. Оны басындырып алдым. Бір жерге қыдыру, қонаққа бару дегенді мүлдем ұмыттық. Оның туыстары ауқатты еді, бізге күліп қарайтын. Мен келін болып түскеннен кейін мені «кедей» деп менсінген жоқ. Мен сездірмедім. Күнде біреуі келіп ақыл айтатын. Оқуыңды таста ауылға жұмыс жаса деп, сөйтіп бірде жылап, бірде күліп 5 жыл оқуды да бітірдім. Не жолдас жоқ, не сырыңды ашып жылап алатын дос жоқ. Ол мені түсінбейтін. Не жасасам да, мысқылдап кекетіп отыратын. Не керек, университет қал деген ұсыныстан да бас тартып, ауылға келдік.

Күйеуге шыққаннан соң 3 жылдан кейін көрген қыз бар. Жұмысқа кірдім. Ақша жеткізген бе? Ол тағы да жұмыс істемеді, екі жұмыста жүрдім. Енді тойынып алған ол маған күн көрсетпеді. Сен анамен жүрдің... Ал менің Алла алдында арым таза болатын. Кейде біреумен еріп кеткім келетін де. Бірақ кіммен? Сөйтіп жүргенде ол маған үйіңе кет дей бастады. Бір ай шыдадым, екі ай шыдадым, себебі енем ауырып жатқан. Жұмысқа барып-келіп соны күтемін. Ол маған қол көтере бастады. Айттысқа жібермеуді шығарды. Бір күні маған қол жұмсады: тынысым тарылып, кетіп бара жатырмын... көзім түсіп кетті... анадай жерде атам күліп қарап

тұр. Содан бастап бәріне қолымды бір сілтеп, үйіме кетпек болдым. Ол маған қызымды бермеді... Әйтеуір, не керек одан кетіп тындым. Астанада жұмыс жасадым. Алланың мейірімі түскен шығар, 30 адамның ішінен мен түсіп кеттім. Тіл білгенімнің арқасында. Төрт ай жүгірді соңымнан, қайтып келдім, күн айналмай ауруын қайта бастады. Мен одан біржола күдер үздім.

Таныстарым күледі. Өсектейді. «Жесір жүргенше жеті рет байға шық!» деп мазақ етеді. Бірақ арымның биік болғаны мен үшін қымбат. Жаныма ешкімді жолатпауға тырысамын, ешкімнің қолжаулығы болғым келмейді. Ал сен мен үшін бір төбесің, тағдыр бізді қоспаған, тек армандап өтеміз. Мүмкін сол үшін де бір-бірімізге қымбат шығармыз. Сен мұны оқып, мені мүсіркеме! Мен тағдыр дауылын көріп шындалғанмын. Мүсіркегенді жек көремін! Осы биікке шығу мен үшін оңай болған жоқ. Талаймен қырылыстым. Маған звандамасаң да ренжімеймін, мен сені түсінемін. Айтпақшы, мен тіл орталығының директорының орынбасары болдым.

Сенің өз жанұяң, өз жолың бар. Жар қызығын көре алмай, бақытсыздыққа ұшыраған менің жолымды сенің жарыңа бере көрмесін. Қолдағы бақытыңды аялап, алтыныңды бағалай біл! Өмір өткінші! Өтеді де кетеді.

Кеше ғана бала едік. Бүгін есейдік. Біреуге анамыз. Ертең сен де біреуге әке боласың. Өзіңмен кеш болса да жолықтырған тағдырға еш өкпем жоқ. Сен менің шексіз әніме айналдың. Бұрын ешкімді елемеппін. Ал махаббат тек қана ертегіде, не кинода ғана болады деп ойлаушы едім. Сүйе білудің өзі бір бақыт емес пе?

Мен оқып жүргенде А... деген жігіт маған ғашық болған. Оның маған деген сезімін бүкіл ел білетін. Мен оны мазақ етуші едім. Мен күйеуге шығып кеткенде, ол қайғыланып екі ай бойы ауру

ханада жатыпты. Слесарь болатын. Қазір атакты әнші, домбырашы. Міне махаббат не істетпейді, ә? Ол әлі үйленген жоқ, мені жақсы көреді екен. Махаббат осындай болу керек шығар. Тек махаббат пен құмарлықты ажырата білейік. Сенің даусыңды естісем де менің жаным жай табады. Басқа не айтайын. Жауабын жазсаң, жаз. Мен сен туралы да білігім келеді, бәрін ашып айт. Мені сүймесең де саған ренжімеймін. Алдында мені шығарып салуға келмегенде қатты ренжігенім рас. Қолын сүрттіп лактырып жіберген орамалдай... бәрі маған мысқылдап қарағандай... өмірімде біреудің қолына бар абыройымды ұстата салғандай... қатты намыстандым. Неге ғана көп күлдім деп қамықтым...

Менің ойымды сан сұрақ семсері кескілеп маза бермейді. Ал сен ше? Әзірше сау бол, жарығым! Тағдырым түнге айналған шақта, көңілімді жарқеткізіп, сәуле берген ЖАРЫҒЫМ менің! Бақытты бол! Сенің бақытың – менің бақытым!





«Мен әлі өлең боп аралам...»

Өлең ғана – жүрегінің дауасы,
Өлең ғана – тіршілігі, ауасы.
Ол өлеңге ғашық еді әу баста,
Жаралғалы адамзаттың Хауасы.

АЖ





Арман Қани,

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері,

Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері

Дұға

Жас толқын қар аралас жаңбыр әнін
Жаңғыртып,
Жарға ұрынды сол бір ағын!..
Кеудемнен ақ қанат ән үркіп ұшты,
Қос шегі үзілгенде домбыраның...

Жұлмалап жүрегімді қанша сұрақ,
Жарқ етіп сөнгендей-ау сонша шырақ...
Көкөзек сайға түскен кезімде әлде
Көзіме кетті ме екен қан шашырап?!.

Тірлікте ақынды елі ұғына ма?
Дәл қазір малынды аппақ шұғылаға,
Қарғамның қабіріне бірге түсіп,
Маңдайын бұрып едім құбылаға...

Мен тұрмын өткенге енді сергек қарап,
Өксіген сезімді тербетті алап.
Анасы көктен түскен періште әнді
Көтерген шығар аппақ жөргекке орап...

Жас тәні Жер Анамен жанасқанда,
Ұқсады ақыл ойым адасқанға.
Жалт берді жалғыз сәтте жанарлардан
Ақын қыз тәні – жерде, жаны – аспанда.

Кім енді ол жайында не біледі,
Жетім жыр қабірінде егіледі.

Қолымды көкке жайып дұға оқыдым,
Өйткені рухы көктен келіп еді!..

Төрт құдықтың тұсы

Жол жатыр бүк түсіп, құнысып,
Сұмдық сыр бар онда, сеземін.
Төрт құдық тұсында у ішіп
Алғандай
Өртенер өзегім!

Тағдырлар жосылған жолдардай,
Қайтеміз өзгеге өкпелеп.
Жүйткіген жүйріктер сормаңдай
Кеп қалды өліммен бетпе-бет!..

Сынғандай қабырғам, керегем,
Көзімді көр түнек жатты арбап!
Өлеңді қабірге бөлегем,
Шашылып кеткенде төрт тармақ...

Ашқандай Жер тағы аранын,
Жалтақтап алға бір, артқа бір,
Тұсыңнан жылыстап барамын,
Төрт құдық, төрт тағдыр, төрт қабір...

Іңірге қанды нұр қаптаса,
Үңілем өзекті өрт қылып.
Дәл қазір топырағың тартпаса,
Бөгеме жолымды, төрт құдық!..



Анасы Райхан Әшімбетова

Жоқтау

Қолымдағы бір шок гүл едің,
Құшақтасам құшағым жетпейтін.
Қызғалдағым едің,
Қызыл, жасыл болып көктейтін.

Алтыным-ау, қайғым болдың,
Көкейімнен кетпейтін.
Жарығым-ау қолымды созсам,
Қолым жетпейтін.

Еліктей боп еркелеген күнім-ау,
Жанып тұрған кезінде,
Бұл өмірдің таусылды ғой қызығы-ай,
Қызыл гүлім, қызғалдағым, қызым-ай!

Алмагүлім, алтыным артық туған,
Көз алдымда өр тұлғаң.
Қалай қиям, ботам, сені қара жерге,
Мына өмірге қалай сыям?!

Қайғыма ортақ ағайын,
Аңырап жоқтау салайын.
Жайнап бір жүрген құлыным,
Орныңа кімді қояйын?!

Өлімі құрысын, өрт екен,
Өзекке түскен дерт екен.
34 жасқа келгенде,
Аламын деген серт екен.

Артық бір туған асылсың,
Аңырап көңілім басылсын.

Алладан ендігі тілегім –
Алдыңнан жұмақ ашылсын!

Таңертең кетіп, түсте жоқ,
Түсте кеттім, кеште жоқ,
Жайнап бір жүрген құлыным,
Өледі деген есте жоқ.
Әуелеп ұшқан топ үйрек,
Жан ботам еске түскенде,
Солқылдайды қос бүйрек.


Тұяғы бүтін тұлпар жоқ,
Қанаты бүтін сұңқар жоқ.
Алладан әмір келген соң,
Пендеде енді шара жоқ.

Аузыңа сусын бере алмай,
Басыңа жастық қоя алмай,
Арыздаспай, қоштаспай,
Кетеріңді білмедім.

Алмагүлім, жарығым,
Жарқыраған күнім едің,
Жарқ еттің де, сөндің-ау,
Қайғыдан мен де сөндім-ау.

Алмашым, айдай сұлуым,
Маңдайымда жұлдызым
Жарқырап ерекше тұр едің,
Мезгілсіз ағып түстің-ау.

Алтыным, күнім-ау,
Қуанышым, қызығым.
Таусылмас жыр, дастаным,
Өмірің өтті-ау қас-қағым.



Алмашым, биік шыңым,
Арқа сүйер сүйенішім,
Қамқоршым – ақылшым,
Жыр басым, сырласым.

Тұп-тұнық мөлдірім,
Құлақта сазды үнің.
Жатсам да, тұрсам да
Көзімнің алдында нұр жүзің.

Алмашым, аяулым,
Мен аңырап қалдым-ау.
Қос ботаңды жетектеп,
Тағдырға не жаздым-ау?!

Алмашым, жарығым,
Елеңдеп өзің келердей,
Жаутаңдап есікке телмірем,
Есім шығып кетердей.

Сүйінші сұраса біреу кеп,
«Алмагүлің міне, келді, тірі!» – деп,
Көкірегім қайғыда,
Аузым қалай барады,
«Өлді» деп сені айтуға...



Бағдат Дүйсенов,

Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі

*Алманы, Алла,
жұлмауың керек еді...*
(Алмагүл Жүгінісова рухына...)

Алма гүлдегенде... көктеуің керек еді,
Бүріңді жармай кетпеуің керек еді...
Жемісіңді беріп үлгере алмадың,
Өмірден бұлай өтпеуің керек еді...

Алма гүлдегенде... жырлауың керек еді,
Тәңті болған жұрт әлі тыңдауың керек еді...
Қос бұтасы қалды бүрі ашылмаған,
Алманы, Алла, жұлмауың керек еді...

Алма гүлдегенде... өрлеуің керек еді,
Жарық жұлдызым-ай, сөнбеуің керек еді...
Өмір мен өнерді шын сүюші едің,
Аждаһа ажалға көнбеуің керек еді...

Алма гүлдегенде... жайқалуың керек еді,
Талай ақиқатты айта алуың керек еді...
Жағалап жүрген ажал, байқалуың керек еді,
Білсем ғой... бетін қайтаруым керек еді...

Алма гүлдегенде... кимадым дерсің,
Араларыңа қайтем... сыймадым дерсің...
Жолдың үстінде үзілген өмір-ай,
Алмаға Алла иманын берсін...

Қараша халқың қараша айында,
Қайғыдан жұтты қара шайын да...
Қаңырап қалған шарасыз еліңді,
Жоқтау жырыммен арашалайын да...

Жұмажан Мусин

Аллаға жақсы керек-ті..

Қалқам-ай, мынау жалғанды,
Қиып бір кетер кезің бе!?
Шаттық пен асыл арманды,
Әлдилеп өтер кезінде.

Көшінді жасыл қазыналы,
Токтаттың үзіп тым ерте.
Өкініш желі азынады,
Аяздай қарып бір сәтте.

Қазақтың барлық қыздары,
Сендей-ақ болса, қалқам-ау,
Ибалы мінез, нұр дидар
Жадымда мәңгі қалған-ау.

Ән салған үнің қандай-ды,
Құлақтан кіріп, бойды алған.
Мәдинадан мұның аумады,
Тағдырың ұқсас,
О, жалған!

Мен емес, барша жүректі,
Жылытар сазды жырларың.
Аллаға жақсы керек-ті,
Пейіште болғай нұр жаның!



Еламан Төлеутай

Қаш...

(Алмагүл Жүгінісованың рухына)

Иілмейтін емен едін,
Морт сындың,
Сен өмірді «күрес, тек жең!» деп сүрдің.
Қыз да болсаң халқың үшін арқанды,
Тағдырыңның қамшысына остырдың.
Жүрген кезде қамсыз қанша дос-құрбың,
Тәлкегінде тұрлауы жоқ бес күннің.
Сен иілмей ит тірліктің біріне,
Ақырында морт сындың.

Тән еді сән, ажар, талғам, саған ар,
Қандай ару енді сендей бола алар?
Өліміңе көңіл қалай сене алар?
Сен дегенде көз алдыма күлкің мен
Ақ келбетің, пәк дидарың оралар.
Дос едің ғой сұлулықпен,
Қас едің ғой қараға әр.
Сенің үшін қара түс ол – қара күнмен пара-пар.
Ажалың боп келді ақыры қара жол...
Қара көлік...
Қара жаңбыр...
Қара қар....

Қар аралас қара жаңбыр – лағынет!
Қан аралас жасым көзден ағып ед.
Қыршын кетті қарлығашың жалт беріп,
Қайғыр дүние, қайғыр, сосын сабыр ет!
...Әнші, әніңді Алмагүлдей салып өт!..
Жыршы, жырды Алмагүлдей төгіп өт!..
Ұстаз, ойды Алмагүлдей жарық ет!..

Ақын болсаң Алмагүлдей бір жарқ ет,
Бір жарқ ет те
жұлдыз құсап жалт беріп,
Қара аспанды қақ айырып ағып өт!

Қош, дүние!
Қош, Алмагүл, ән салған!
Қайтіп айтам сергелдең мен сарсаңда ән?!
Қақ маңдайдан ұратындай темірмен,
Не жазығы бар еді оның сонша, Аллам?!
Өзі жазған Ұлбикесі болды ма,
Қара жолда жаңбыр менен қар жауған?
Қар аралас қара жаңбыр сол ма екен,
Қара жолда күтіп алған қарсы алдан?!
...Қош, Ұлбике...
Қош, Алмагүл, ән салған!...

Жаназаңа бара алмадым, кеш, ана!..
Қалай басып жүреді екем жерді енді?
Жұрттан бөлек қалғандаймын тасада,
Жүрек өксіп, көп өкінді, шерленді.
Жаназаңа бара алмадым, кеш, ана!..

Қалай жерге қияр едім барғанда?
Өлді деуге қайтып сенем дәт барып?
Көкірекке өкінішім толғанда,
Күңіреніп қағазға алам ақтарып,
Қалай жерге қияр едім барғанда?..

Төмпешік боп қалғаныңды көргенше,
Таусылсын дем, жүрек соғып тұрмасын...
Төбеңе кеп топырақ сап төнгенше,
Тас төбемнен тарс ұрсыншы мың жасын,
Төмпешік боп қалғаныңды көргенше...

Қабіріне құйылар деп аккан жас,
Жасым жұттым, тәнің су боп қалар деп...
Жыр оқыдым, дұға оқуға дәт бармас,
Жыламадым жасым ағып, анам, көп,
Қабіріне құйылар деп аккан жас...

Жаназаңа бара алмадым, кеш, ана!..
Қалай басып жүреді екем жерді енді?
Жұрттан бөлек қалғандаймын тасада,
Жүрек өксіп, көп өкінді, шерленді.
Жаназаңа бара алмадым, кеш, ана!..



Жұмбау...

(Алмагүл Жүгінісованың қызы Інжуге)

Қарт әжене казадан да қатты батып шырылын,
Сен де жылап жатырсың-ау, Інжуім!..
Жас жаныңды дірдектетіп жетім түннің уілі,
Күтесің-ау, мына суық дүниеден бір жылу...
О, өлімді түсінбейтін күнәсі жоқ періште,
Сен дегенде кетеді ғой өзекке ыстық шоқ түсіп.
Анасының ханшайымы,
Анаң сенің пейішке
Періштелер падишасы болу үшін кетті ұшып...
Иә, Інжу!..
Көріп қалып жұлдыз дейтін саңылауынан ғаламның,
Періштелерді ғашық қылыпты сұлулығы анаңның.
Жерге түсіп, анаңды алып, қанаттарын қағып қап,
Аппақ нұрға шағылысып ұшып кетті калықтап...
Иә, Інжу!..
Қандай ғажап!..
Енді ол нағыз Ханшайым!..
Нұр боп келіп, ән сап сені оятады таң сайын.
Ол Тәңірдің аспандағы сарайында ән сап жүр,
Ол өлген жоқ, сенші, күнім, сенші, айым!..
Міне, осындай мен өзім де сенгім келер ертегі,
Күзгі ызғарда панасыз қап дірдектеген бір шыбық.
«Қарағым-ай! Не болар деп енді сенің ертеңің»,
Әжең байғұс ауыр ойға батып жүр-ау күрсініп.
Анаң тірі, баяғыша сені иіскеп, сүйеді,
Тек сен құшып, тек сен иіскей алмайсың...
Иә, Інжу... Сен де қолға домбыра ұстап киелі
Анашыңның салған әнің жалғайсың.
Өмір деген – Анаң айтқан ертегі ғой сикырлы,
Тек, енді оны анаң емес, өмір айтады демесен...

Тек, түндерде анаң жайлы ойлар бұзып ұйқыңды,
Күндіз бәрі қарт әжеңе көңіл айтады демесең..
Қарт әжеңе қазадан да қатты батып шырылын,
Сен де жылап жатырсың-ау, Инжуім!..
Жас жаныңды дірдектетіп жетім түннің уілі,
Күтесің-ау, мына суық дүниеден бір жылу...



Ерболат Әміренов

Ұстазға ескерткіш
(Алмагүл Жүгінісованың рухына)

1

Сен шынымен кеттің бе?
Келмейсің бе, сен, енді?
Екі күннің бірінде іздейді кім мені енді?
«Мынау жөн бе?
Дұрыс па? Көріңізші тексеріп» _
деп жіберсем, Анам-ау, қарайсың ба өлеңді?
Тіршілікте тынымсыз зыр-зыр өзің жүгірдің,
Білетін ем қаншаға ауырлығын жүгірдің...
...Айтушы едім мен саған өкпелеп те, күліп те,
Қылықтарын сан түрлі ана ортаншы ұлыңның.
Сен жүрген жер ән еді, той еді ғой қашанда,
Дейтін едің: «Еркексің! Көзіңе әсте жас алма!»
Ұлбикеңдей өзіңді, асылым-ау, сұм ажал,
Тоқпан жілік ұстап ап тұрған екен тоса алда.
Ес жия алмай жүр міне сенің тұңғыш әлі ұлың,
Мойындауға дәт жетпей Жаратқанның әмірін,
Құран саған бағыштап,
дұға жасап тұрам деп,
Жоктау саған жазам деп кім ойлаған Тәңірім...

2


Кеткеніңді білмейді сен пейіштің бағына,
Баянаула күтеді, келеді деп тағы да.
Жоктығыңды білмейді көлдері оның өзіңді,
Жоктар ма еді аруын, бізден артық, жез үнді.
Жер ана тек сезеді, естіртпек боп көктемде,
Мұңға және батады көз жүгіртіп өткенге.

Таулар Сені айтады әңгіме қып аспанға,
Шөгілер ме ед көрсе олар аққуды жер
жастанған.

Бар табиғат мүлгіп тұр, жел сезеді бірдеңе,
Баян жақтан ұлиды күндізде де, түнде де.
Күн айтады көркіңді айға туған кешегі,
Қайтқаныңды білсе олар, өшеді ғой өшеді.
Сен кеткелі 2 апта естірткем жоқ Баянға,
Әлде оларға барлығы аян ба екен, аян ба?
Кеткеніңді білмейді сен пейіштің бағына,
Баянаула күтеді, келеді деп тағы да...

3

Талмаған самғау, аңсаудан,
Дем беріп жырға, жан салған.
Сенің де, Ертіс, жағанда,
Алмагүл тұрып ән салған.
Тербетіп терек, қайыңды,
Аймағыңа үні жайылды.
Соңғы рет өзің көріпсің,
Жалғанда сол бір шайырды.
Сездің бе, Ертіс, білдің бе?
Қалайша жеттік бұл күнге?
Тажалы жетіп тағдырдың,
Ажалы келді жыр – гүлге!
Бәсеңдеп қапты ағысың,
Қыршыннан кеткен жан үшін.
Еңіреп жоқтау айтқаның,
Қайғырғаның да,
Бәрі шын!
Жұлдызбен жарық тең еді,
Болмайды бұндай шер – емі.
Өткен ед өлі денесі,
Кеудеңнен сенің себебі!



Жалғаннан күдер үзгенде,
Жаныңды болар мұз деуге.
Сабыр қыл енді, Қарт Ертіс,
Сабырлық керек біздерге...

4

Күлуші ең дәйім,
Күлімдеп әркез жүруші ең,
Құласаң дағы, жыласаң дағы, түңілсең.
Күлімдеп кеттің, күніретіп бірақ жүректі,
Күлкі боп тіріл!
Өтінем, енді тірілсең!
Күлкі боп келші!
Күлімкөз менің асылым,
Жүре алман енді қайғымды былай жасырып.
Асығып келдің жалғанға мына,
Дәл солай
Кеттің ғой және асығып.
Мен жүрмін саған ұқсамақ болып,
Күлімдеп.
Жапырақ жүрек жүдеген әрі тілінген.
Өзіндей болам дегенімменен, жаным -ау,
Істей алмадым сен істеген істің бірін мен.
Түңіліп кеттім...
Тіріліп келші...
Күлімдеп,
Көктемде мынау тоңып жүрмін мен дірілдеп.
Жаныма менің жаз сыйлап кетші, жарығым,
«Ерекем менің,
Шәкіртім менің,
Ұлым» – деп...



Көктем бе?
Күз бе?
Өткен бе?
Біз бе?
Жалғыздық аты бәрінің.
Хат жазып көкке жіберсем, Сізге,
Өзгертсе Құдай әмірін...
Әттең-ай, әттең, болмайды ондай,
Келмейді қайта күн өткен.
Бақ құсы мүлдем қонбайды қолға-ай!
Шаттық па ең, Өмір, түнек пе ең?!
Кеткелі Өзің дүние тұрды,
Қалпынан мүлде өзгермей.
Жаныма менің мұң ие, құрбым,
Жасампаздықтан безгендей...
Сағынып сені жыладым тағы,
Сабырдан қаштым, нетпекпін?
Үніңді қалған құлағымдағы,
Өшірмей мен де өтпекпін!
Көрінгендей ме көзі ме елес?
Алжасқандардың бірі – Мен!
Жабықсам енді өзіңе емес,
Жүрекке жұмбақ үңілем...
Көктем бе?
Күз бе?
Өткен бе?
Біз бе?
Жалғыздық аты бәрінің.
Хат жазып көкке жіберсем, Сізге,
Өзгертсе Құдай әмірін...



Әсел Жақсыбай

Алмұшым

Алмұшым,
«Мен әлі өлең боп келемін», –
дедің де жоқ болдың, Асылым.
Сенген ек, тек содан, себебі
Қалмаушы ед сырымыз жасырын...
Аптаның соңында үмітпен,
Күтуші ем өзіңді келер деп.
Ал қазір... тірлікке күдік көп
Күте алмай мен сені елеңдеп.
Сағындым ақжарқын жүзіңді,
Әдемі үніңді, даусыңды...
Жанардан моншақ жас үзілді,
Кей тұста төзім де таусылды.
Алма ағаш бұр жарса бақтарда,
Жүректе сен дәйім гүлдейсің.
Екеуіміз бір жүрген шақтарға,
Оралсам, нұр шашқан Күндейсің!
Токтауы сендегі жүректің
Жанымды күйретіп, жүдетті.
Сейілтер ақ адал құрбым ең,
Мендегі «мұң» дейтін түнекті.
Отырған орнында отырмын,
Сен келген сәттерді еске алып.
Жиі кеп, «жырымен» оқудың,
Болардай жүріп ең кеш калып...
Жаныңды жегідей өзің жеп,
Бір сәтке таппадың тағат та.
Сондағы тыншытпай қойғаны
Соңғы күн екен-ау, сағат та...

Тірліктің татымсыз дәмінен,
Мол таттың, білемін, Аяулым.
Тілеуші ек бақытты Тәңірден,
«Берме», – деп, – көңілге қаяу-мұң!»
«Ертеңге сенші!» – деп алдадың,
Сезбедім уақытша бақытты.
Қайтарып алсам ғой – арманым,
Сенімен бір жүрген уақытты.
Қол жаям күрсініп бүгінде,
Жарық боп нұрлансын қабірің.
Жаныңа барармын түбінде,
Өлшеусіз мен үшін Қадірің!



Торғын Оразәлі

Алмағұлге

Үкілеген үмітін көрікті арман,
Жыр-айдынға аққу ең келіп қонған.
Жарқ еттің де, жоқ болдың бұл фәниден,
Суық ажал сұлатты торып жолдан.

Жан-жағыңа төгуші ең шуақ-нұрды,
Үлбіреген үмітің құлап тынды.
Сен бақиға аттанар сәтте, шіркін,
Алма ағашы еріксіз жылап тұрды...

Аққу-арман көліне қона алмады,
Қос көгілдір күтумен жүр-ау әлі.
Көк аспаннан естілсе сырлы әуен,
Бұл аққудың қоштасар соңғы әні...

Көңілдерге қондырып қоңыр мұнды,
Кете бардың, жүрекке қайғы тұнды.
Аз ғұмырда ақ қағаз жүзін көрген,
Мұнар мұнды сейілтер мұраң құнды...



Нұрқанат Қайрат

Қара өлеңді жазатын зерлеп түрлі,
Алмагүлдің өнерін ел көп білді.
Шәкірттердің катайтып қанаттарын,
Ұстаздық абыройы өрлеп тұрды.
Өнерімді дәріптеп айтыс жасап,
Біздерге Екібасқа кел деп тұрды.
Айтыстарға шыққанда жұртын ойлап,
Тілі түгіл жүрегі сөйлеп тұрды.
Алмагүл – ақын әпкем, батыр әпкем,
Әрқашан ұлтым менен ел деп тұрды.
Қырықтың қырқасына шықпаса да,
Жүз еркек қыла алмаған еңбек қылды.

Алмагүл алашымның ардағы екен,
Сабағынан үзілген алмам екен.
Ажарына қарамай ақын қызды,
Ажал кеп арамыздан алған екен.
Соңғы айтысы менімен болған еді,
Ол күндер оралмайтын арман екен.
Марқұмның жатқан жері жарық болсын,
Өмірде жұлдыздай боп жанған екен.
Бірімізді біріміз қадірлейік,
Әзірейіл жанымызды алмақ екен.
Қасымда жүргендерді бұл дүние,
Қас қағымда әкетер жалған екен.

Құранмен нұрландырып тар қабірін,
Мейіріміне бөлесін Алла бүгін.
Жер ананың төсіне жерлесек те,
Адамдар өлед(і) деген жалған ұғым.
Қазақпен бірге жасай береді ғой,
Қабірде жатқанменен Алмагүлім.

Жаратқан аспанымды ашық етсін,
Мерейі әр қазақтың тасып өтсін.
Алмагүлдей ақынның аты өшпейді,
Мейлі жылдар, ей, мейлі, ғасыр өтсін.
Соңында екі қызы қалған еді,
Жалғанда жанарының жасы кепсін.
Анасы жетпей кеткен жасқа жетіп,
Өнерімен халықты ғашық етсін.
Сол екі құлыншаққа тілейтінім,
Екі дүние бақытын нәсіп етсін!



Мазмұны

Аяқталмаған өнер жолы	3
Тағдырға менің өкпем жоқ.....	9
Тұнык мұң	11
Мен.....	12
Жасай берсін елдігім	15
Сақтасын	16
Жастарға жанашыр жыр	16
Астанам.....	17
Наурызнама	18
«Ұлыс күні тойлануда, Алашым...»	23
«Әлеумет, алтыннан да нарқың басым...»	23
Азаттық	25
Жеңіс жыры	29
Тіл тағдыры	30
«Орыс тіл болып сұлтаны...»	32
Ауылым-ай	32
Ертісім.....	34
Желтоқсан жыры	36
Ата заңым – айбыным	39
«Сарабдал саясаттың арқасы ғой...»	40
Махамбетке	40
«Тebінгі теріс тағынған...»	41
Сатылмайды	41
Атаудың әлегі	42
Тіл туралы толғау.....	43
«Жыр канатын қағайын...».....	45
Көкшенің кербез жұртына	47
Ереймен еліне.....	48
Мұкатай атаға	52
Арыстар тойы.....	56
Мұңдасу	57
Айтыс бағының Алмагүлі	59
Мұхит сал Мерәліұлының 165 жылдығына арналған халықаралық айтыс (2006 ж.)	
Асылбек Ишанов пен	
Алмагүл Жүгінісованың айтысы.....	61

«Азаматпын. Еркінмін. Еріктімін.» Аймақтық айтысы (2011 жыл) Ардабек Ақбаба мен Алмагүл Жүгінісованың айтысы	70
«Азаматпын. Еркінмін. Еріктімін.» Аймақтық айтысы (2011 жыл) Тілеген Әділ мен Алмагүл Жүгінісова	81
«Наурыз» аймақтық ақындар айтысы (2013 жыл) Серік Молдабеков пен Алмагүл Жүгінісованың айтысы.....	88
«Наурыз» аймақтық ақындар айтысы (2013 жыл) Алмагүл Жүгінісова мен Абзал Қабдраштың айтысы	96
Екібастұз қаласында өткен «Атамұра» мәдениет орталығының 20 жылдығына арналған облыстық айтыс Бейбіт Бөжен мен Алмагүл Жүгінісованың айтысы	104
Екібастұз қаласында өткен «Атамұра» мәдениет орталығының 20 жылдығына арналған облыстық айтыс Оңғар Қабденов пен Алмагүл Жүгінісованың айтысы	117
Екібастұз қаласында өткен «Атамұра» мәдениет орталығының 20 жылдығына арналған облыстық айтыс. Финал Қуанышбек Шарманов пен Алмагүл Жүгінісованың айтысы.....	126
«Ұлт пен достық тұнығы, мәңгілік елдің тұғыры» облыстық ақындар айтысы Оразбек Саяхат пен Алмагүл Жүгінісованың айтысы.....	134
Екібастұз қаласының 50 жылдығына арналған республикалық айтыс Али Бекмұсаев пен Алмагүл Жүгінісованың айтысы.....	144

Айтыс айшықтарынан	157
Серік Молдабековке	159
Асығат Тұрғанбекке	162
Өзіме кәмшат бөрік жарасатын,	164
Қуанышбек Шармановқа	164
Аспанбек Шұғатаевқа	170
Азамат Мәлжамбайға	177
Ғұмырсерікке	178
Нұрқанат Қайратқа	179
Бейбіт Бөженге 1	181
Бейбіт Бөженге 2	184
Рауан Қайдаровқа	190
Екпін Сәбетханға	194
Жарқын Жұпарханға	197
Нұрсұлтан Рымбайға	199
Аспанбек Шұғатаевпен «Жекпе-жек» айтыста айтылған жеке шумақтар (16.04.05) ...	200
Көңіл күнделігі	207
Сүйе білу – бір бақыт	209
«Мен әлі өлең боп оралам...»	213
Арман Қани	
Дұға	215
Төрт құдықтың тұсы	216
Анасы Райхан Әшімбетова	
Жоктау	217
Бағдат Дүйсенов	
Алманы, Алла, жұлмауың керек еді	220
Жұмажан Мусин	
Аллаға жақсы керек-ті	221
Еламан Төлеутай	
Қош...	222
«Жаназана бара алмадым, кеш, ана!..»	223
Жұбағу	225
Ерболат Әміренов	
Ұстазға ескерткіш	227
Әсел Жаксыбай	
Алмұшым	231
Торғын Оразәлі	
Алмагүлге	233
Нұрқанат Қайрат	
«Қара өлеңді жазатын зерлеп түрлі...»	234



Кітаптың жарық көруіне
қаржылай демеушілік жасаған
«Тұрсын ЕК» ЖШС-нің
директоры, II дәрежелі «Шахтер
даңқы» орденінің иегері
Алеев Орынбасар
Мерғалымұлына зор
алғысымызды білдіреміз!

Редакция алқасы:

Нұрсұлу Төлеубаева, Жанар Мұхаева, Тілеубаева
Гүлмайра, Нұрбике Қағазбаева, Сәуле Бердіғалым,
Әсем Оралова, Ерболат Әміре.



9 786012 844115

Алмагүл ЖҮГІНІСОВА

Алма-жырдың жұпары

Кітапты құрастырған:

Айбек Тілеубекұлы Оралхан

15.10.2021 ж. басуға қол қойылды. Көлемі 72x52/24. Офсеттік басылым.
Қаріп түрі Times New Roman. Шартты баспа табағы 9,5.
Таралымы 200 дана.

ЖК «Сытин А.А.» баспаханасында басылған. Қазақстан Республикасы,
140000, Павлодар қ., 29 Ноябрь қ., 2. Тел.: 8 (7182) 61-82-13, 61-82-18



**Жүгінісова
Алмагүл Бауыржанқызы**

Ақтөбе облысы, Қарабұлақ ауданы, Аралтоғай ауылында 1982 жылы дүниеге келген.

С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетін бітірген. Екібастұз қаласындағы «Атамұра» мәдениет орталығының көркемдік жетекшісі болып істеді.

«Жас толқын» ақындар клубына жетекшілік етті.

Аймақтық, республикалық ақындар айтысының жеңімпазы, ақын-сазгер. 2016 жылы өмірден өтті.